


Н.С. Бекнурманов

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ
СПОРТ ПЕДАГОГИКАСЫ**

Оқу құралы



Н.С. Бекнурманов

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ
ПЕДАГОГИКАСЫ

Оқу құралы

77138

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық институты
КІТАПХАНА



Э В Е Р О

Алматы 2016

УДК 372.8: 796
ББК 359ю4.9
Б 42

Пікір берушілер: п.ғ.д., профессор Бұзаубакова К. Ж.

ЖГТУ – ң «Дене шынықтыру және спорттық пәндер» кафедрасының меңгерушісі,
аймақтық менеджмент профессоры Шилібаев Б.А.

Б 42 Бекнурманов Н.С.

Дене шынықтыру және спорт педагогикасы. Алматы, Эверо,
2016 ж. – 112 б.

ISBN 396-856-216-150-6

Ұсынылып отырған құралдың мақсаты - өзекті педагогикалық проблемалардың теориялық негіздерін ашу және болашақ дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне, спорт түрлері бойынша жаттықтырушыларға, дене тәрбиесі және спортты ұйымдастыру бойынша қызметкерлерге қажетті кәсіби алғышарттар жасау болып табылады. Оқу құралы жалпы педагогика курсы аумағында жазылған, дене тәрбиесі және спорт бойынша педагогикалық практика өту ерекшелігін ескерумен толықтырылады.

Оқу құралы ТарМПИ-ң Ғылыми кеңесінде қарастырылып баспадан шығаруға ұсынылып отыр (№ 5 хаттама 12 ақпан 2014 ж.)

УДК 372.8: 796
ББК 359ю4.9

ISBN 396-856-216-150-6

© Бекнурманов Н.С., 2016
© Эверо, 2016

Кіріспе

Ұсынылып отырған оқу құралы Қазақстан Республикасының жоғары кәсіби білім стандарты мен 5B010800 – «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығына арналған оқу бағдарламасына сәйкес орындалған. Құралдың мақсаты - өзекті педагогикалық проблемалардың теориялық негіздерін ашу және болашақ дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне, спорт түрлері бойынша жаттықтырушыларға, дене тәрбиесі және спортты ұйымдастыру бойынша қызметкерлерге қажетті кәсіби алғышарттар жасау болып табылады. Оқу құралы жалпы педагогика курсы аумағында жазылған, дене тәрбиесі және спорт бойынша педагогикалық практика өту ерекшелігін ескерумен толықтырылады.

Оқу құралы үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қазіргі педагогика пәні және педагогикалық зерттеу әдістері қарастырылады, сонымен қатар, тұлғаның даму, қалыптасу және тәрбиелеудің жалпы заңдылықтары жан-жақты мазмұндалады.

«Оқыту негіздері» атты бөлімде оқыту үдерісі мен принциптерінің теориялық негіздері күшейтілген. Олар жалпы білім беру мектептері мен кәсіби білім саласының негізгі бағыттарында құрылған қазіргі заман талаптарына сай анықталған. «Оқыту үдерісінің мәні», «Білім беру мазмұны», «Оқыту әдістері», «Оқыту үдерісін ұйымдастыру формалары» атты тараулар мұқият қарастырылған.

«Дене тәрбиесі және спорт» саласындағы тәрбие жұмыстарының әдістемесі негіздері» атты бөлім спорт педагогикасының өзекті мәселелеріне арналған, олардың ішінде тұлғаның спорт тобында қалыптасуы мен спорт саласындағы педагогтың педагогикалық шеберлігі мәселелері көтеріледі.

Курсты даярлауда В.В.Белорусованың, И.Н.Решетеннің, М.В.Прохорованың, И.П.Подласовтың еңбектері негізге алынды.

І ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗДЕРІ

І Қазіргі педагогика пәні және педагогикалық зерттеу әдістері

1.1 Педагогика пәні және міндеттері

Педагогика пәні. Адамзат қоғамы әрдайым өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қызығушылықпен қарайтын: оларға қажетті білімдер мен практикалық іскерліктер үлгісінде қоғамдық – тарихи тәжірибе беруде, оларды өмірге және еңбекке даярлауға аса назар аударатын. Қоғамның ерте даму кезеңдерінде тәрбие тек тәжірибе алмасу жолымен ғана жүзеге асатын. Дегенмен де тәрбиелеу тәжірибесінің жинақталуы және қоғамдық өмірдің қиындауы салдарынан бұл тәжірибені арнайы педагогикалық білімдер үлгісінде түсіндіру мен жалпылауды қажет етті. Педагогикалық білімдерді жүйелендіру және жалпылау педагогикалық теорияның тәрбиелеу туралы ғылымның дамуына негіз болды, ол өз кезегінде педагогика атауын иеленді.

Педагогика пәні, яғни оның зерттейтін құбылыстар қатары ретінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

Тәрбие-қоғамдық өмірдің қажетті құбылысы. Ол қоғамның одан әрі дамуына, оның өндіріс күшінің, еңбек үдерістерінің, адамның өзінің, оның рухани және денелік мүмкіндіктерінің жетілдірілуінде маңызы зор.

Тәрбие әрдайым қоғамға маңызды міндеттерді орындайды және ұрпақтар арасындағы байланыс пен сабақтастықты жүзеге асырып отырады. Алайда, кез-келген экономикалық формация кезінде қажетті бола отырып, тәрбие өзінің мақсаты мен міндеттері, мазмұны, формасы мен әдістері бойынша өзгереді. Бұл өзгерістер тікелей қоғамдық қатынастарға, яғни қоғамның әртүрлі даму кезеңдеріндегі адамдар қатынасымен байланысты болады. Қоғамда қандай өндіріс тәсілдері орын алатынына байланысты, өз рөлін орындай алатын арнайы даярлығы бар адамдарды қажет етеді. Осындай адамдарды даярлау үшін, кез-келген қоғамдық-экономикалық формация өзіне тән тәрбие жүйесін қолданады, оның мазмұны осы заманның талаптарына сай орындалған. Бұл қажеттіліктер қоғамның таптық құрылымына байланысты әртүрлі қанағаттандырылады. Сол себепті де тәрбие тарихи және таптық мазмұнда орындалады. Ол қоғаммен бірге өзгереді және де таптық қоғамда класстық мазмұн алады, яғни биліктегі таптың құзырындағы міндеттерге, мазмұнға және ұйымдастыру жолдарына бағынады.

Педагогиканы балалар тәрбиесі ғылымы деп анықтама беру қазіргі қоғамның талаптарын орындамайды, біздің қоғамда тек балалар ғана емес, сонымен қатар жастардың және ересектердің де тәрбиесі жүзеге

асырылады. Бірнеше адамдар тобының педагогикалық тәрбиесін зерттеу пәнді неғұрлым ауқымды түсіндіруге мүмкіндік берді.

Демек, балалар тәрбиесі ғылымынан қазіргі педагогика адамға білім беру және тәрбиелеу заңдылықтары туралы ғылымға айналды. Тәрбиелеу мәселесімен көптеген ғылымдар айналысады (философия, әлеуметтану, этика, психология және т.б.). Бірақ олардың әрқайсысы да белгілі бір жақты тәрбиелеуге бағытталады. Философия және әлеуметтану ғылымдары тәрбиені қоғамның даму факторы ретінде қарастырады. Психология болса, тәрбиеге тұлғаның психикалық дамуына ықпалы ретінде қарайды. Этика ғылымы болса, оның қоғамға мүдделік даму жетістіктеріне ықпалын зерттейді.

Педагогикада тәрбиелеу мәселесін зерттеу ерекше және шешуші рөл атқарады. Ол тәрбиелеу мәні және заңдылықтарды педагогикалық үдеріс ретінде зерттейді. Педагогика тәрбиенің тұлға қалыптасуына ықпалын зерттейді, әртүрлі бейіндіктегі мұғалімдердің тәрбиелеу-білім беру іс-әрекетінің теориясы және әдістемесін жасайды. Педагогика қоғамда пайда болатын тәрбиелеу, білім беру, оқыту мәселелеріне тиімді шешім қабылдауына бар күшін бағыттауы қолданбалы ғылым ретінде қарастырылады.

Соңғы уақыттарда педагогикада тәрбие заңдылықтарын педагогика пәні ретінде талқылау мәселесі қозғалып отыр. Педагогикалық әдебиеттерде анықталатын көптеген тәрбиелеу заңдылықтарында келесілеріне назар аудару маңызды:

1) тұлға-бұл индивид өзінің іс-әрекеті барысында иеленетін қоғамдық қатынастар нәтижесінің өнімі;

2) іс-әрекет-тұлғаның басты анықтаушы сипаты. Іс-әрекет барысында адамның қабілеттері және оның тұлғалық қасиеттері анықталады және дамиды;

3) қоғамда тәрбиелеу мақсаты өндіріс күштері мен өндірістік қатынастар сипатына қарай нақтыланады. Осыдан тәрбиенің таптық сипаты жайлы заңдылық анықталады;

4) тұлғаның дамуын қозғаушы күштер заңдылығы- мотивтер және әрекеттің тәжірибелік мазмұны арасындағы қарама-қайшылықтардың әрдайым пайда болуы және шешілуі;

5) іс-әрекеттің тәрбиелік қызметі объективті маңыздының субъективті түрде қажетті болған жағдайда ғана толық жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда, іс-әрекет адамға қызықты әрі қажетті болғанда ғана тәрбиелік ықпал етеді.

1.2 Педагогиканың негізгі категориялары

Кез—келген ғылымда өзіндік ұғымдар жүйесі, заңдылықтары және принциптері болады. Ғылымның мәнін бейнелейтін негізгі әрі маңызды ұғымдарды категория деп атайды. Педагогика тәрбие жайлы ғылым болып табылғандықтан, оның басты категориялары ретінде *тәрбие* қарастырылады, сонымен қатар оның құрылымдары, оқыту мен тәрбиелеудің барлық түсініктері енеді.

Әлеуметтік тұрғыдан «тәрбие» ұғымы адамның өмір сүріп отырған барлық әлеуметтік шарттардың ықпалы қарастырылады.

Тәрбие жайлы педагогикалық түсініктеме беру кезінде мақсатты түрде, оқыту-тәрбиелеу үдерісін алдын-ала ұйымдастыру туралы сөз қозғайды. Мақсатты бағытталған, ұйымдасқан тәрбие жан-жақты және үйлесімді дамыған еңбек және қоғамдық іс-әрекетке және де ортанды қорғауға дайын тұлғаның қалыптасуын көздейді.

Тәрбиелеу ұғымы «тәрбиелік жұмыс» түсінігімен астарлас келеді. Ол көзқарастардың, адамгершіліктік және еріктік және эстетикалық қасиеттердің, талғам және қоғамдық мінез-құлық үлгілерінің қалыптасуына бағытталады.

Білім беру ұғымы ғылыми білімдер және танымдық іскерліктер мен дағдылар жүйесін меңгеру үдерісі және нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Оның негізінде тұлғаның дүниетанымы, адамгершіліктік қасиеттері қалыптасады, шығармашылық қабілеттері дамиды.

Оқыту – бұл мұғалім мен оқушы арасындағы мақсатты түрде жүзеге асатын өзара әрекет үдерісі, оның барысында мұғаліммен берілетін барлық адамның дамуы мен тәрбиеленуіне қажетті білімдер, іскерліктер және дағдылар жүйесі сияқты ақпараттар оқушылармен қабылданады. Оқыту үдерісі мұғалімнің жетекші рөлінің оқушылардың осы ақпараттарды меңгерудегі белсенділігіне сәйкес келмесе өз мақсатына жете алмайды.

Оқыту – бұл білім алу тәсілі, ол өз бетімен білім алудың нәтижесі де болуы мүмкін.

Педагогикада сонымен қатар, «даму» ұғымы кең қолданылады, оның мәні басқарылатын және басқаруға келмейтін факторлар ықпалымен тұлғаның қалыптасуы және толысуы болып табылады. Бұл факторлардың қатарында мақсатты түрде білім алу және тәрбиелеу жетекші орын алады. Бұл үдерісті педагогикада «өзін-өзі тәрбиелеу» деп атайды, яғни адамның өз-өзімен саналы және мақсатты түрде жұмыс істеуі.

Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі де тәрбиелеу, білім беру, оқыту, дамыту сияқты категориялармен жүзеге асады. Сол себепті де дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, жаттықтырушыға – олардың мәнін жетік түсіну

маңызды, өйткені дене тәрбиесі және спорт саласында педагогикалық үдерістің сипатын дұрыс әрі саналы түрде қолдануға мүмкіндік болады.

1.3 Педагогикалық зерттеу әдістері

Әдіс – (латынның *metodos* сөзі – жол деген мағына береді) зертту жолы, теориясы, тәсілі деп аударылады. Ғылыми ұғым ретінде «әдіс» деген сөз кең мағынада белгілі-бір мақсатқа жетудегі жол дегенді, ал қысқа мағынада - қоғамдық өмір мен табиғаттың құбылыстары және заңдылықтарын танып білудегі қандай-да бір міндетті шешу тәсілін береді.

Педагогикалық зерттеу әдістеріне: бақылау, сұрақнама, анкета, сұхбат, құжаттарды анықтау, өзін-өзі бағалау, монографиялық зерттеу, эксперимент жатады. Олар басқа да ғылыми білім саласында қолданысқа ие. Оларды қолдану ерекшеліктері мен айырмашылықтары педагогика пәні және оның зерттеу саласына тығыз байланысты.

Педагогикалық бақылау – зерттеушінің педагогикалық практиканың нақты жақтары мен құбылыстарын мақсатты түрде қабылдау негізінде жүзеге асатын әдіс. Бақылау төмендегідей жоспарланады: жоспар құрылады, ол бақылау жиілігі мен санын, бақылау нысандарын, уақытын, педагогикалық жағдаяттар сипатын және т.б. ескереді. Тіркелу тәсілдеріне қарай бақылау бірнеше түрге бөлінеді. Тікелей тіркеу тәсілі бойынша зерттеушіге шынайы педагогикалық үдеріс уақыттарын, бақыланушылар мінез-құлқын және т.с.с. тіркеуге мүмкіндік береді. Жанама тіркеу тәсілі бойынша қандай да бір құбылыс іздері туралы басқа адмдардан және қандай да бір құралдарды қолдану арқылы мәлімет алумен жүзеге асады. Ғылыми-техникалық даму прогресі дәуірінде бақылаудың визуалды тәсілдері түрліше техникалық құралдарды қолданумен біртіндеп күшейе түсуде (кинофототүсірілім, бейнежазба, теледидар және т.с.с.).

Педагогикалық сұрақнама - педагогикалық тәжірибенің қандай-да бір құбылыстары жайлы басқа адамдардан ақпарат алу негізінде жүзеге асатын әдіс. Сұрақнама логикалық түрде ұйымдастырылған сұрақтар қатарын, олардың нақты мазмұнын, санының аздығы (3-5) , сонымен қатар категориялық үлгіде жауаптардың берілу мүмкіндігін қарастырады («ИӘ»), «ЖОҚ»).

Әңгіме әдісі, сұрақнаманың бір түрі болғандықтан, зерттеушінің тиянақты дайындығын талап етеді, өйткені сыналудымен тікелей қатынаста еркін түрде қолданылады және жауаптар жазылмайды.

Әңгіме әдісіне қарағанда, **сұхбаттасу әдісі** сұрақтардың алдын-ала ойластырылған кезегін сақтауды талап етеді. Жауаптар бұл кезде жазылып отырады. Қазіргі таңда көпшілікке қолданылатын

сұрақнамалардың теориясы мен практикасында сұхбатты ұйымдастырудың бірнеше тәсілдерін көздейді (топтық, қарқынды, стандартты, байқау және т.с.с.). Көпшіліктен жазбаша жауаптарды жинау әдісі *анкета* деп аталады. Анкеталарды жасау – күрделі, ғылыми процедура. Анкетаның мазмұны, қойылатын сұрақтардың формалары, толтырылған анкеталар саны зерттеу нәтижелерінің сенімділігін береді. Анкеталар олардан алынған мәліметтерді математикалық статистиканы компьютерлендіру арқылы қолдануға мүмкіндік болатындай түрде жасалады. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, жоспарлау, есепке алу және бақылау бойынша жүргізілетін жетекші құжаттарды, сонымен қатар оқушылардың жазбаша, графикалық және шығармашылық жұмыстарын зерттеу контент-анализ әдісімен орындалады. Құжаттарға осылайша талдау жасау нақты педагогикалық ұжымның шынайы іс-әрекетінің себепті байланыстары мен тәуелділіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Кез-келген педагогикалық зерттеудің негізі педагогикалық эксперимент болып табылады. Педагогикалық эксперимент көмегімен ғылыми болжамдар дәлелденеді, педагогикалық жүйенің жеке элементтері арасындағы байланыстар мен қатынастар анықталады. Педагогикалық эксперименттің негізгі екі түрі бар: табиғи және лабораториялық. Олардың да түрлері бірнеше.

Табиғи эксперимент барысында үйреншікті оқу тәртібі негізінде жаңа оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқулықтар және т.б. тексеріледі. Педагогикалық эксперимент – бұл да бақылау, бірақ педагогикалық үдерісті жүргізу шарттарын жүйелі өзгертуге байланысты арнайы ұйымдастырылған. Оны нақты меңгеру үшін экспериментатор өзі ұйымдастырған үдерісті бақылайды. Ол педагогикалық үдеріске араласады, тәрбиеленушілер мен тәрбиелеушінің іс-әрекетінің нақты шарттарын жасайды. Педагогикалық эксперимент зерттелінетін оқыту тәсілдері мен шарттарды, бастапқы мәліметтерді нақты анықтауды, сонымен қатар, эксперимент нәтижесін жан-жақты ескеруді талап етеді.

Мысалға, жас, жыныс, дене ерекшеліктері бірдей жеңіл атлетикадан екі жасөспірім спортшылар тобымен жұмыс істей отырып, жаттықтырушы бір топта жаттығу сабақтарын неғұрлым ұтымды әдіс арқылы жүргізсе, ал екінші топта сабақ дәстүрлі әдіс бойынша өткізіледі. Эксперимент барысында және оның соңында жасөспірім спортшылардың денелік және спорттық даярлығын сипаттайтын көрсеткіштерін жинақтайды, содан соң тәжірибелік (эксперимент жүргізілетін топ) және бақылау топтарының нәтижелерін салыстырады. Егер сабақты өткізу шарттары (топтың құрамы, орны, жаттықтырушының біліктілігі) бірдей болған жағдайда тәжірибелік топтың нәтижелері жоғары көрсеткіш берсе, онда бұл

жаттықтырушы енгізген сабақты өткізу әдісінің тиімділігі жайлы қорытынды жасауға болады.

Лабораториялық педагогикалық эксперимент ғылыми зерттеудің күрделі түрінің бірі болып саналады. Педагогикалық тұрғыдан нақты бір мәселе анықталады, нәтижелерді нақты бақылауға және айнымалы өлшемдерді басқаруға қолдан жағдай жасалады.

Педагогикалық эксперимент кезеңдері мынадай: жоспарлау, жүргізу және нәтижелерді талдау. Жоспарлауда эксперименттің мақсатын және міндеттерін анықтау, тәуелділіктерді таңдау орындалады: айнымалыларды, ықпал факторлары мен олардың деңгейін, бақылаудың қажетті санын, экспериментті жүргізу тәртібін, алынған нәтижелерді тексеру әдісін анықтау. Экспериментті ұйымдастыру және жүргізу құрылған жоспарға сәйкес орындалуы қажет. Талдау кезеңінде мәліметтерді жинақтау және өңдеу жүргізіледі. Экспериментті жүзеге асыру дәлдік принциптеріне сәйкес болу үшін келесі шарттарды сақтау қажет: 1) сыналұшылар мен тәжірибелер санының тиімділігі; 2) зерттеу әдістерінің сенімділігі; 3) айырмашылықтардың статистикалық мәнін есепке алу.

Өртүрлі әдістердің өзара байланысы педагогикалық зерттеудің тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, математикалық әдістер және эксперимент нәтижелерін есептік-шешуші құралдарды қолдану арқылы математикалық әдістердің педагогикасына белсенді араласу да осыған ықпал етеді. Әдетте, орташа арифметикалық мәні, мода, медиана, дисперсия, таңдау жиынтығының орташа квадраттық ауытқу шамасы, орташа мәннің қателігі, белгілердің корреляция коэффициенті есептеледі.

Аяқталған зерттеудің ең маңызды кезеңі - оның нәтижесін жалпы білім беру және кәсіби мектептің тәжірибесінде қолданысқа ендіру ғылыми зерттеудің сапасын арттыру мен олардың нәтижесін белсенді түрде ендіруді болжайды.

Ендіру үдерісі педагогикалық тәжірибені жетілдіруге бағытталған іс-әрекет ретінде қарастырылады. Сол себепті де ендіруге қатысты ұсыныстарға үлкен талаптар қойылады. Олардың қатарына ғылыми негізделу дәрежесі, олардың мазмұнының шынайылығы, педагогтар мен оқушылардың күш салу деңгейін бағалау мазмұны сияқты негізгі талаптар жатады.

Ендіру – бұл алынған қорытындылар жайлы педагогикалық қауымдастықтарға ақпарат беру, жаңа оқу және әдістемелік құралдар жасау, әдістемелік нұсқаулар мен ұсыныстар жасау сияқты тұтас іс-шаралар кешені.

Педагогикалық әдебиетте ендіру үдерісін басқарудың келесі принциптерін жіктеу болжамы жасалынады: ендірудің толық оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге бағытталуы; жақын, орта және қашық дамуды анықтау; ендіру бойынша ұжымдық және жеке жұмыстарды біріктіру; ендірудің әрбір қатысушысына жеке дара бағытта ықпал етуді жүзеге асыру; ұсыныстарды педагогикалық тәжірибені ұйымдастырумен, танып білумен және жалпылаумен байланыстыру.

Педагогикалық зерттеу әдістемесінің негізгі сұрақтарын білу болашақ оқытушы-жаттықтырушыға шығармашылық ғылыми ізденіске белсенді қатысуға, ғылыми зерттеу әдістерін саналы түрде қолдануға және сонымен қатар, дене тәрбиесі мен спорт пәнінен сабақтардың тәрбиелік және білімдік тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

1.4 Педагогикалық ғылымдар жүйесі

Педагогика – кең ауқымды ғылым. Оның зерттеу пәні анағұрлым күрделі, тіпті оның мәнін, барлық байланыстары мен себептерін ешқандай жеке ғылым қамти алмайды. Педагогика ұзақ даму жолын өте келе, ақпараттар жинақтай келе, қазіргі таңда ғылыми білімдердің көптармақты жүйесіне айналып отыр. Сол себепті де қазіргі педагогика ғылымын тәрбие туралы ғылымдар жүйесі деп атаған дұрысырақ болады.

Педагогикалық ғылымдар жүйесін, басқа да күрделі жүйелер сияқты қандай да бір сұрақтарды зерттеу мен жауап іздеуге бағытталу ерекшелігіне байланысты түрлі белгілері бойынша талдауға болады. Бізді педагогикалық ғылымның жалпы құрылымы қызықтырады, сол себепті де ең алдымен қарапайым критерийді – адамзатты барлық дамуы мен қалыптасуы жолында тәрбиелеуді зерттейтін педагогикалық салалардың байланыстар кезектестігін таңдап алайық.

Педагогиканың түп тамыры – философия, әсіресе оның ішінде тәрбие мәселесімен арнайы айналысатын тәрбие философиясы болып табылады. Тәрбие философиясы – бұл тәрбиелеу тәжірибесінде әртүрлі философиялық жүйелердің идеяларын қолданатын білім саласы. Ағылшын философы А.Бренттің анықтауынша, тәрбие философиясының бірден-бір міндеті тәрбиелеу пәні мен әдістерін анықтауға мүмкіндік беретін критерийлер және принциптерді ашу. Педагогиканың философия ғылымымен ежелгі және тығыз байланысы соңғысының маңызын шарттайды. Философия ғылымы педагогиканың негізі болып қалды. Бірақ, қазіргі философия бірыңғай емес. Материализм мен идеализмнің қарама-қайшы көзқарастары педагогтарға өз бағыттарын нақты таңдауға және педагогикалық шынайылықтың таным жолын айқын таңдауға талап

қояды. Жалпы таным бағытын методология (латын тілінен «методос» - жол дегенді береді) деп атайды.

Тәрбиенің қоғамдық құбылыс ретінде дамуын, педагогикалық білімдердің тарихын *педагогика тарихы* зерттейді. Тарихилық принципі – кез-келген ғылымның дамуының маңызды принципі: өткенді түсіне отырып болашаққа көз тастаймыз. Болған нәрсені зерттеу оны қазіргімен салыстыру құбылыстардың негізгі даму кезеңдерін анықтауға ғана емес, сонымен қатар, өткендегі қателіктерді қайта жасамауға, болжамдарды неғұрлым болашаққа негіздеуге мүмкіндік береді.

Жалпы педагогика - барлық типтегі тәрбиелеу мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісінің жалпы негіздерін жасаушы, адамды тәрбиелеудің ортақ заңдылықтарын зерттеуші базалық ғылыми пән. Жалпы педагогикада екі деңгей анықталады: теориялық және қолданбалы. Дәстүрлі түрде жалпы педагогика үлкен төрт бөлімнен тұрады:

- ✓ Жалпы негіздері
- ✓ Дидактика (оқыту теориясы)
- ✓ Тәрбие теориясы
- ✓ Мектептану

Аталған бөлімдер соңғы онжылдықта соншалықты кең тарағандықтан, өз бетінше дамыған үлкен білім салалары болып отыр.

Мектепке дейінгі және мектеп педагогикасы жасерекшелік педагогикасының астарлы жүйесін құрайды. Мұнда нақты жасерекшелік топтарында оқу-тәрбиелік іс-әрекет ерекшелігін бейнелейтін өсіп келе жатқан адамды тәрбиелеу заңдылықтары қарастырылады. Жасерекшелік педагогикасы орта білім беру саласының барлық жүйесін қамтиды. Сонымен қатар, жасерекшелік педагогикасының құзыреттілігіне кәсіби-техникалық училищелердің оқу-тәрбие үдерісінің заңдылықтары, және де арнайы орта білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу ерекшеліктері, кешкі мектеп жүйесі (ауысымды, сырттай) арқылы орта білім алушы жастарды тәрбиелеу мәселелері де енеді.

Ересектердің педагогикалық мәселелерімен айналысатын салалардың ішінде *жоғары мектеп педагогикасы* алдыңғы қатарда тұр. Оның зерттеу пәні – жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісінің заңдылықтары, жоғары білім алудың арнайы мәселелері. *Еңбек педагогикасы* біліктілікті арттыру мәселесімен айналысады, сонымен қатар, қазіргі таңдағы өзекті мәселе - халық шаруашылығындағы әртүрлі сала жұмысшыларын қайта даярлауды, жаңа білімдерді меңгеруді, ересек шақта жаңа мамандықты меңгеруді зерттейді.

Дене тәрбиесі және спорт педагогикасы спорт туралы ғылыммен байланысты және адамның қимылдық белсенділігін зерттеумен айналысады. Спорт педагогикасын спорт туралы ғылыммен дене, қимыл,

ойын, жетістік, жарыс, қарсылық және т.с.с. ұғымдар байланыстырады. Спорт педагогикасы педагогика критериилерімен басқарыла отырып, қимыл белсенділігін зерттейді. Спорт педагогикасының осындай екі жақты жағдайы оның аралық пәндермен арақатынасын, олармен байланысын, ықпалын реттейді.

Әлеуметтік педагогиканың астарлы жүйесінде *отбасы педагогикасы, құқық бұзушыларды қайта тәрбиелеу* және осы сияқты басқа да салалары да бар. Дамуында әртүрлі бұзылыстары мен ауытқулары бар адамдар арнайы педагогика саласына жүгінеді. Керең және нашар еститіндерді сурдопедагогика, ал көзі көрмейтіндерді – тифлопедагогика, ақыл-ойы кемдерді-олигофренопедагогика ғылымы зерттейді.

Педагогикалық ғылымдардың ерекше тобын жеке және пәндік әдістер құрайды, олар барлық оқу-тәрбие мекемелеріндегі нақты пәндер бойынша оқыту және білім беру заңдылықтарын зерттейді. өзінің пәнін оқыту әдістемесін әрбір педагог жақсы меңгеруі тиіс.

Педагогика барлық ғылымдар сияқты басқа ғылымдармен тығыз байланыста дамиды. Философиялық ғылымдар (диалектикалық және тарихи материализм, ғылымтану, әлеуметтану, этика, эстетика және т.б.) педагогикаға тәрбиенің мәні мен мақсатын анықтауға көмектеседі, ортақ адамзат болмысы мен ойлау заңдылықтарының әрекетін дұрыс ескере білуге, ғылым және қоғамда болып жатқан ақпараттармен тез арада қамтамасыз етеді. Анатомия және физиология адамның биологиялық мәнін түсініп білу базасын құрайды – жоғары жүйке әрекетінің дамуы және жүйке жүйесінің типтік ерекшеліктерін, бірінші және екінші жүйке жүйесінің, сезім мүшелерінің, тірек-қимыл аппаратының, жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйесінің дамуы мен қызмет атқаруы.

Педагогика ғылымы үшін, адам психикасының даму заңдылықтарын зерттеуші ғылым- психологиямен байланысы аса маңызды орын алады. Психологияны психиканың даму ерекшеліктері, ал педагогиканы адамның ішкі әлеміндегі және мінез-құлқындағы өзгерістерге алып келетін тәрбие ықпалының тиімділігі қызықтырады. Педагогиканың әрбір тарауы психологиядағы сәйкес тараулардан сүйеніш табады: мысалы, дидактикада танымдық процесстердің теориясына және ақыл-ой дамуының мәселелеріне жүгінеді, ал тәрбие теориясы болса, тұлға психологиясына негізделеді. Ғылымдардың шоғырлануы шекаралас ғылымдардың пайда болуына алып келді-*педагогикалық психология және психопедагогика*.

Сонымен қатар, педагогика тарих және әдебиетпен, география және антропология, медицина және экологиямен, экономика және археологикамен да байланысты. Адам, оның тіршілік ету ортасы, өмір сүру

ерекшеліктері, даму шарттары педагогтарды кәсіби түрде қызықтырады, өз пәнін барлық байланыста жетілдіруге мүмкіндік береді.

Ал зерттеу саласы әрүрлі ғылымдарда сәйкестену нүктесі аз емес, жаңа даму бағыттары пайда болады. Мысалы, педагогика ғылымының нақты техникалық ғылымдармен байланысы арқылы пайда болған ғылымдар-кибернетика, математика, компьютерлік педагогика және т.б.

2 ТҮЛҒАНЫҢ ДАМУ, ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.

2.1 Адамның даму факторлары және оның тұлға ретінде қалыптасуы.

Бала үздіксіз және бірыңғай емес даму жолымен өте келе ересек адам болады. Педагог даму қандай ішкі және сыртқы, басқарылатын және басқарылмайтын факторлардың ықпалында жүзеге асатынын, оның тәрбиімен өзара байланысы қандай болмақ, тәрбиенің дамуға ықпал ету шегі және мүмкіндіктері қандай болмақ екенін алдын ала біліп отыруы маңызды.

Адамның дамуы – бұл барлық тума және жүре пайда болған қасиеттердің сандық және сапалық өзгеру үдерісі: ағзаның анатомиялық құрылымы, іс-әрекет және мінез-құлықтың физиологиялық және психикалық функциялары.

Анатомиялық және физиологиялық сипаттағы өзгеріс *денелік дамуға* жатады. Оның көрсеткіштері: бойы, салмағы, дене бітімі, қан қысымы, өкпелердің өмір сүру көлемі, тірек-қимыл аппаратының күйі және т.б.

Психикалық дамуға психикалық процесстегі өзгерістер мен олардың өту мазмұны жатады: зейін және естің сипаты және көлемі, ойлау ерекшеліктері, сөздік қор және сөйлеу әрекетінің даму деңгейі және т.б.

Дамудың көрсеткіші ретінде іс-әрекеттің қандай да бір түрін меңгеру (ойын, оқу, еңбек және т.б.) және іс-әрекет сипаты (мақсатқа бағытталу, жоспарлық, әрекетті саналы түрде түсіну, өнімділік және т.б.).

Даму көрсеткіші ретінде мінез-құлық (қарым-қатынас және адамдармен өзара қатынас сипаты), қоғамдық мінез-құлық ережелеріне бағыну, ұжымдық әрекеттерге қабілеті және т.б. болып табылады. Дамудың қозғаушы күші ретінде объективті факторлар ықпалы және оларды жеңу мүмкіндіктері есебінен пайда болатын адамның қажеттіліктері арасындағы қарама-қайшылықтар да қарастырылады. Денелік және рухани қажеттіліктер оларды қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекет мотивтерін анықтайды.

Тәрбие дамуға қатысты мақсатқа бағытталған және жоспарлы ықпалды береді. Сонымен қатар, тәрбиелеу міндеттері, мазмұны және әдістері тәрбиеленушілердің даму деңгейіне байланысты және де педагогтың мақсатқа бағытталған іс-әрекетінің нәтижесінде өзгеріске ұшырайды.

Адамның дамуына бірнеше факторлар қатары ықпал етеді. Қазіргі педагог, психолог ғалымдармен тұқымқуалаушылықтың алатын орны жоққа шығарылмайды, бірақ әлеуметтік ортаның, қоршаған адамдардың

және олардың арақатынасының адам дамуына ықпалы да анықталады. Адамның дамуына ықпал етуші маңызды факторлардың бірі ретінде оның осы ортадағы іс-әрекет мазмұны және белсенділік көрсету дәрежесі де айқындалады.

Тәрбие ықпалы тәрбиеленушілердің іс-әрекетін ұйымдастыру және бағыттау, сонымен қатар, индивидтің даму ерекшеліктерін ескере отырып, ортаның қолайлы ықпалына жағдай жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Осының өзі тұлғаның қалыптасуында тәрбиенің жетекші рөлі жайлы айтуға мүмкіндік береді.

Адамның дамуында тұқымқуалаушылықтың алатын орны.

Тұқымқуалаушылық – бұл ата-анадан балаға генетикалық бағдарламамен шартталған қасиеттер мен ерекшеліктердің берілуі.

Генетикалық бағдарламада, гендерде ағзаның белгілі-бір қасиеттері «шифрланған».

Тұқымқуалау арқылы берілетін қасиеттерге мыналар жатады: анатомиялық – физиологиялық құрылымы, ағзалардың құрылысы, дене бітімі, жүйке жүйесінің ерекшеліктері, терінің, шашатың, көздің түсі. Сонымен қатар, сөйлеудің, ойлаудың, ырықсыз қимыл-әрекеттің, тік қалыптағы орын ауыстыру ерекшелігі, еңбекке қабілеті және т.б. сияқты жалпыға көрінетін белгілер де тұқымқуалайды. Белгілер жалпы сипатта болады және қандай да бір еңбек түріне немесе шығармашылыққа бағытталмаған. Белгілер тек қандай да бір іс-әрекетке байланысты болады.

Қабілеттердің тұқымқуалаушылығы жайлы айтқанда, нақты отбасыларында қандай да бір бағытта қызығушылықтарды оятатын және қабілеттердің дамуына қолайлы мүмкіндіктерді беретін отбасылық жағдайды ескермейді. Дәл осы сияқты мінездің тұқымқуалаушылығы жайлы да айтуға болады (әлеуметтік мінез-құлықтың типтік стилі). Мінез тұқым арқылы берілмейді, бірақ адамның жүйкелік-психикалық табиғи ерекшеліктерінің бір қатары оның мінез-құлқына және оның типтік айырмашылығына әсер етеді. Ал мінез қасиеттері тұқым қуалай алады және жатыр ішінде даму кезінде беріледі. Жатырдағы дамып келе жатқан өскін клетканың жүйке жүйесі ішімдік заттарына улануы себебінен кейіннен балаларда ашушаң, тұрақсыз мінездің көрінуі байқалады.

Демек, қасиеттер мидің құрылысында, сезім мүшелерінде, сөздік мүшелерде қалыптасады, ал олардың негізінде қабілеттер дамиды. Бірақ кейінгінің дамуы тәжірибемен, әрекетпен анықталады.

Тұлғаның барлық психикалық қасиеттері өмір сүру және тәрбиелеу үдерісінде қалыптасады.

Тұлғаның қалыптасуында ортаның алатын орны.

Ғылымда дәлелденген дәйектер бойынша ерте балалық шағында жануарлар ұрлап кеткен және олардың арасында өмір сүрген балалар тік тұруға, сөйлеуге, ойлауға және басқа да қасиеттер түріне қабілеттерін жоғалтып алады екен. Бұл дәйектер адамның дамуында әлеуметтік ортаның маңызын дәлелдейді.

Табиғи қасиеттер дамуы үшін сәйкес жағдайлар (қоғамдық, саяси, экономикалық және т.б.) мен нақты тәрбие көзі қажет болады. Сонымен қатар, географиялық орта мен жақын қоршаған ортаның (отбасы) маңызы зор.

Тұлғаның дамуы және қалыптасуына ықпал етуші әлеуметтік институттарға оқу-тәрбиелік және мәдени-ағартушы мекемелер, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар және мемлекеттік мекемелер жатады.

Дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану үдерісінде адам санасының белсенді табиғаты тікелей ықпал етеді. Өзінің денесін сана мен еріктің нысаны ретінде алдын-ала өз-өзіне белгілі бір қимылдар мен әрекеттер бағдарламасын бере отырып, адам ағзасының қызметтерін жетілдіреді, қимылдық қабілеттері мен жалпы өмір сүруге қабілетін арттырады.

Осыдан педагогикалық теория мен практикаға маңызды қорытынды жасалады: жас ерекшелігіне сәйкес тәрбие көздерін тұлғаның қоғамдық құндылықты сапаларының дамуына ықпал етуші іс-әрекет түрлерін таңдау қажет.

Тұлғаның қалыптасуында тәрбиенің алатын орны.

Белсенді іс-әрекет үшін білімдер, іскерліктер, дағдылар және сапалар қажет, олар тәрбие үдерісінде қалыптасады. Тәрбие – арнайы өкілділік берілген тұлғалармен жүзеге асырылатын нақты бағдарламасы бар мақсатқа бағытталған үдеріс.

Тәрбие ортадан келетін барлық ықпалдармен өзара байланысқа түседі, соның барысында қолайлы факторларды қолданады және қолайсыз жағдайлардың ықпалын әлсіретеді.

Тәрбие адамның дамуын қойылған мақсатқа бағындырады. Тәрбиешілердің мақсатқа бағытталған және жүйелі ықпалы алдын-ала жоспарланған шарттырефлексстік байланыстардың пайда болуына алып келеді, олар басқа жолмен жасала алмайды. Тәрбиелеу-бұл адамзаттық даму бағдарламасындағы бос орындарды толтыру болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған тәрбиенің маңызды міндеттерінің бірі – қабілеттер мен бейімділіктерді анықтау, адамның жеке ерекшеліктеріне, оның қабілеттеріне және мүмкіндіктеріне сәйкес дамуы.

Адамның дамуына ықпал ете отырып, тәрбиенің өзі дамуға байланысты болады, ол әрдайым дамудың жеткен деңгейіне сүйеніп отырады. Мақсат және құрал ретінде даму мен тәрбиенің күрделі қатынас диалектикасының мәні де осында. Тәрбиенің тиімділігі тәрбиелеу ықпалын қабылдауға даярлық деңгейімен анықталады. Адамдар тәрбиеге бірдей бағынбайды, бағыну деңгейі өте ауқымды-тәрбие талаптарын толығымен қабылдамаудан бастап, тәрбиешілердің еркіне тұтастай бағынуға дейін. Сыртқы күшке қарсылық ретінде көрінетін тәрбиеге қарсылық соңғы нәтижені береді. Сол себепті де тәрбиелеу үдерісіндегі адамдардың өзара қатынасы және нақты жағдай анықтаушы маңыз алады.

2.2 Тәрбиелеу үдерісінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеру мәселесі.

Адамның өсуі мен дамуына байланысты педагогика ғылымында келесі жас ерекшелік кезеңдер қарастырылады: туғаннан 1 жасқа дейін-нәрестелік кезең, 1жас-3 жас аралығы-сәбилік кезең, 3 жастан-6,7 жас аралығы – мектепке дейінгі кезең, 6,7 жастан-10 жасқа дейін – бастауыш мектеп кезеңі, 10 жастан-14,15 жас аралығы-орта мектеп кезеңі, немесе жеткіншектер, 15,16 жастан-17,18 жасқа дейін –жоғары сынып кезеңі немесе ерте жасөспірімдік шақ.

Әрбір жас ерекшелік тобына нақты денелік және психикалық даму деңгейі сәйкес келеді. Қандай да бір жас кезеңіне тән болатын анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді жас ерекшеліктер деп атайды. Баланың дамуына оның ортамен және қоршаған адамдармен белсенді өзара қатынасы ықпал етуіне байланысты, жас ерекшелік шекаралары өзгермелі болып келеді. Нақты бір бала өзінің тиісті жас ерекшелік тобына сәйкес дамуы жағынан алға шығуы немесе артта қалуы мүмкін. Ортақ жас ерекшеліктерді білу тәрбиешіге өзінің тәрбиеленушілерінің күші мен мүмкіндіктері жайлы анықтауға, сонымен қатар, келешекте қажетті бағытта одан әрі дамуын қамтамасыз етуге көмек береді.

Ерте балалық шақ сипаттамасы. Өмір сүрудің алғашқы үш жылында ағзаның қарқынды даму үдерісі барысында сәйкес жағдайларды орнатуды талап етеді: күн тәртібі, дұрыс тамақтану мәзірі, толыққанды және жеткілікті ұйқы, таза ауада ұзақ жүру, жүйелі түрде суға түсу, ағзаны шынықтыру және әрдайым жақсы қарау. Баланың сезім мүшелері мен қимыл-әрекеттері қарқынды дамиды. Тәрбие бұл кезеңде балаға еркін қимыл жасау, түрлі-түсті және пішіндері әртүрлі заттармен әрекет ету, қауіпсіз орын алмастыру шарттары (еңбектеу және жүру), әртүрлі дауыс

Ырғағындағы музыкалық әуендер мен дыбыстарды есту сияқты мүмкіндіктерді жасауы қажет. Тәрбиелеу тәсілі ретінде сезім мүшелері мен қимыл әрекетті дамытуға бағытталған барлық шарттарды қолдану қажет.

Үш-төрт жасқа қарай балалар сөйлеу әрекетінің дамуында үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Тәрбиешілердің негізгі қамқоршылығы баланың сөздік қорының артуымен қатар, оның түйсінуі және түсініктерінің кеңеюі бағытталады.

Төрт жасар балада адамгершіліктің элементарлы нормаларын және мейірімділік, тіл алғыштық, сабырлылық және шыншылдық сияқты мінез-бітістерін қалыптастыруға болады.

Бес-алты жасар балаға жақсы және жаман сияқты адамгершіліктік ұғымдарды түсіндіру біршама оңай. Түсіндіру жаттығумен сүйемелденіп, мадақтау және жазалаумен бекітіліп отыруы қажет.

Тәрбиелеушілер еліктеу үлгілерін жасауы қажет және мінез-құлықтың пайдалы нормаларын меңгеру мотивтерімен қамтамасыз етуі қажет.

Мектепке дейінгі кезеңде баланың бас миының қабығының реттеуші қызметі арта түседі. Тәрбиешінің сөзі біртіндеп оның барлық мінез-құлқын басқару үдерісінің негізгі факторы болып табылады. Мүмкіндіктердің артуына сәйкес тәрбиелеудің сөздік әдістерін қолдану көлемі де арта түседі. Мектепке дейінгі баланы тәрбиелеуде арнайы ұйымдастырылған ойын әрекеті де маңызды орын алады. Баланы дамыту мақсатында дидактикалық (оқытушы) және ұжымдық (біріккен іс-әрекетке үйретуші) ойындар қолданылады.

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудегі қиындықтар ересектердің қалауына көрсетілетін қырсықтық пен себепсіз қарсылыққа байланысты болады. Қырсықтық көрсету көбінде баланы қоршаған ересек адамдардың мінез-құлқына байланысты: сөздер мен іс-әрекеттегі кезектестіктің болмауы, ашуланшақтық, балаларға көңіл аударудың жоқтығы немесе жеткіліксіздігі. Қырсықтық бұл жас кезеңінде зейінді басқа жаққа аудару, баланың көңілін аулау сияқты тәсілдер арқылы жеңілдетіледі. Сөзбен және көзқараспен сендіру тәсілі де тиімді нәтиже береді.

Мектепке дейінгі балалармен жүргізілетін арнайы сабақтар негізгі психикалық қызметтерді дамытуға мүмкіндік береді: зейін, байқағыштық, ес, ойлау, сөйлеу. Осымен мектепте оқуға даярлық қамтамасыз етіледі.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың ерекшеліктері. Қазақстан Республкасының білім беру және ғылым министрлігі балаларды алты жастан жалпы білім беру мектептерінде даярлық сыныптарында оқытуға біртіндеп көшуге жағдай жасау міндетін қойып отыр. Алдыңғы қатарлы психолог-ғалымдар (А.В.Запорожец, В.В.Давыдов және басқалар) алты жасар балалармен жүргізілетін оқу-

тәрбиелік жұмыстардың негізгі міндеттеріне төмендегілерді қарастырады: олардың рухани әлемін байыту, ақыл-ой қабілеттерін ынталандыру, ой-өрісін кеңейту. Олар осы жас кезеңіндегі балаларды бала-бақшаға қарағанда жоғары қиындық деңгейімен оқытуға мүмкіндік беретін, танымдық мүмкіндіктерін анықтап берді.

Сонымен қатар, алты жасар балаларды мектеп жағдайында оқыту мен тәрбиелеу даярлық сыныбындағы ерекше педагогикалық әдістемемен жұмыс атқаруды талап етеді. Осыған сәйкес мектептің барлық бастауыш бөлімінің мазмұны мен әдістемесі қоғамның талаптарына сай қайта құруды қажет етеді.

Оқыту баланың барлық өмір сүру салтын өзгертеді және жаңа талаптар қояды.

Бастауыш сынып кезеңінде ағзаның жалпы даму қарқындылығының негізінде балалардың қимылдық сферасы да дамиды. Осы жас кезеңі дене тәрбиесі және спортпен шұғылданудың белсенді сабақтарына ыңғайлы болып табылады. Денелік дамудың қарқындылығы (қаңқаның жылдам өсуі, омыртқаның иілуге бейімділігінің қалыптасуы, жүрек-қантамыр жүйесінің даму ерекшелігі және т.б.) әрдайым дәрігерлік бақылау мен ұйымдасқан қимылдық және өмірлік тәртіпті сақтауды қажет етеді. Жиһаздар мен құрал-жабдықтардың өлшемінің сәйкестігі, стөлде және партада дұрыс отыру, көру қашықтығын сақтау – баланың, оның сымбаты мен жұмысқа қабілетінің қалыпты дамуындағы маңызды шарттар болып табылады.

Бұл жастағы балалар ұсақ, нақтылықты талап ететін қимылдарға қарағанда, күшті ырықсыз қимылдарға бейім келетіндігін ескеру қажет. Жалпы, бұл жастағы балалар жоғары қимылға бейім келеді, ал дұрыс моторлық қимылдарды ақылмен ұйымдастыруды талап етеді.

Қозу мен тежелу үдерістерінің тепе-теңдігінің қалыптасуында ересектердің талаптарының жүйелілігі, төзімділік пен шыдамдылыққа үйретудің маңызы зор.

Балалардың өмірін дұрыс ұйымдастыру барысында сезім мүшелері және мінез-құлықтың күрделі формаларының дамуына қолайлы жағдай жасалады: іскерлік, тәртіптілік, тұрақтылық және басқа да құнды қасиеттер. Әсіресе, оқытудың қоғамдық маңызды мотивтерін тәрбиелеу, білуге құмарлықты, байқағыштықты, мақсатқа бағытталуды, қабылдаудың жоспарлылығын, ойлау мен есте сақтаудың логикалығын дамыту маңызды орын алады. Тәрбиелеудің негізгі міндеттерінің бірі мінез-құлықтың ерекше сапасы ретінде ырықсыздықты дамыту болып табылады, әрекет ету мақсатын саналы түрде қою, оларға қол жеткізу тәсілдерін, мақсатқа жету жолында қиындықтар мен кедергілерді жеңуде көрінеді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін еліктеуге ұмтылыс және тәрбие ықпалына тәуелділік тән болады. Тәрбиеші осы ерекшелікті пайдалы әдеттер мен мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мақсатында қолдануы қажет. Бұл жас кезеңінде қоғамдық белсенділік құбылысы байқалады және ұжымдық сезімдердің қалыптасуы сәтті жүреді. Бұл құбылыстар балаларды қоғамдық пайдалы еңбекке, қоғамдық тапсырмалар жүйесіне қосуға қолайлы болады. Сонымен қатар, топтастырылған балалар қатары педагогикалық бақылауды қажет етеді. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісі ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбие міндеттерінің кеңеюіне байланысты біршама күрделене түседі.

Жеткіншектік кезеңнің ерекшеліктері. Жеткіншектік кезеңде тірек-қимыл аппаратының одан әрі өсуі мен бекуі байқалады және ағзаның ішкі құрылыстары мен жүйелерінің қызметінің өзгерісі жүзеге асады. Бұл жыныстық жетілу мен тұлғаның қарқынды қалыптасу кезеңі.

Жеткіншектердің жыныстық бездерінің қызмет атқаруы және қозудың артуының басталуына байланысты салауатты күн тәртібі, саналы әрекетті ұйымдастыру, дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысу және т.с.с құбылыстар маңызды орын алады.

Жеткіншектердің ақыл-ойының дамуына оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, оларда қолданылатын әдістер мен тәсілдер анықтаушы ықпал жасайды. Жеткіншектерде ырықты зейін қарқынды дамиды, абстрактілі ойлау, логикалық ес қалыптасады, ерік күші бекітіледі, бірақ бұл психикалық үдерістер өз дамуында әлі де жоғары деңгейге жетпейді. Сонымен қатар, орта сыныптарда оқу әрекеті күрделене түседі және жеткіншектерден барынша күш салуды, ақыл-ой еңбегінің жаңа тәсілдерін, маңызды ерік күштерін қажет етеді. Үлкен күш-қуаттың жұмсалуды жақсы реттелген өмірдің күн тәртібімен, еңбек пен демалыстың алмасып отыруымен, дер уақытында және толыққанды тамақтанумен, т.с.с. орын толтырып отыруы керек.

Жеткіншекте өз бетінше әрекет етуге ұмтылыс айқын байқалады, ол саналы түрде қанағаттандырылуды талап етеді. Жеткіншектің іс-әрекеті (оқу, еңбек, спорт) мақсатқа бағытталған мазмұнда болады, бірақ оның қызығушылықтары мен еліктеулері әлі де тұрақты сипат алмайды. Жеткіншек өз-өзін тұжырымдауға ұмтылады, өзінің ересектілігін көрсетуге мүмкіндік іздейді. Тәрбиешілер осы ұмтылыстарды саналы түрде қолдану және де жаман әдеттерді бекітудің алдын-алу жолдарын анықтап беруі шарт. Пайдалы қызығушылықтарды, мысалы: танымдық, спорттық, оқырмандық және т.б. тәрбиелеу ерекше көңіл аударуды қажет етеді.

Кейде жеткіншектерде ересектердің талаптарын қабылдамау, себепсіз, «жабайы» әрекеттер, дөрекілік, өз кемшіліктерімен оқшаулану және т.с.с мінез-құлықтар байқалады. Бұл жеткіншектердің өз бетінше әрекет етуді дұрыс түсінбеуі, ересектікке ұмтылыс және де сезімталдық, жүйке жүйесінің козуының артуы сияқты құбылыстардың нәтижесі. Жеткіншек қоршаған ортаның мінез-құлқына өте сезімтал келеді, әсіресе, жолдастарының мінез-құлқына сезімталдық басым. Мінез-құлықтың жетекші мотиві-жолдастарының ортасында сыйлы орынға ие болу. Сол себепті де оларды қоғамдық іс-әрекет, соның ішінде спорттық әрекет еліктіре алады. Мұғалімге және ересектерге деген сыни қатынас орнайды. Оларда ұстаздың жоғары кәсіби біліктілігі, әділетті талап қоюшылық, олардың қызығушылықтары мен уайымдауларына көңіл бөлу ерекше бағаланады.

Жеткіншекті тәрбиелеуде, әсіресе сегізінші сынып оқушысының, кәсіби қызығушылықтарының қалыптасуы, нақты пәндерге қатынасын анықтау (олар еліктейтін білімдер саласына) сияқты құбылыстар маңызды орын алады. Жеткіншектермен жұмыстағы маңызды міндеттің бірі олардың іс-әрекетін мектепте және мектептен тыс уақытта, отбасында педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық тәртіпті сақтау, педагогикалық үдеріске қатысушылардың барлығының шыдамдылығы мен төзімділігін қалыптастыру болып табылады.

Ерте жасөспірімдік шақтың жас ерекшеліктері. Ерте жасөспірімдік шақта ағзаның жалпы жетілуі жүзеге асады. Қарқынды қимылдық ауырлыққа қабілет пайда болады, жаттығу нәтижесінен қимылдардың координациясы жақсарады. Бас миының және оның жоғары бөлімі-үлкен ми сыңарлары қызметінің дамуы жалғасады. Бозбалалар мен бойжеткендердің психикалық дамуында жалпы білім беру мектептерінің жоғары сыныбында және арнайы оқу орындарында білім алу маңызды орын алады. Олардың қоғамдағы орны да өзгереді. Олар білім алу мен мамандық тандаудағы қоғамдық мәнді толықтай түсінеді. Олардың танымдық, спорттық және басқа да қызығушылықтары тұрақты мазмұн алады. Бұл жас кезеңінде танымдық процестер (қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиял) жоғары деңгейге жетеді және тұрақтайды.

Жасөспірімдік кезеңде жүйелі оқыту нәтижесінде ғылыми дүниетанымның қалыптасуы жүзеге асады. Жасөспірімдерді ұйымдастыру ықпалымен адамгершілік-саяси сана бекиді, адамгершіліктік-этикалық мәселелерге, әсіресе спортпен шұғылданатын жасөспірімдерде – спорттық этикаға қызығушылық артады.

Бозбалалар мен бойжеткендерде адамгершілік сезімдері әртүрлі және мазмұны мен бағытталуы жағынан өте мәнді, жеткіншектерге қарағанда

аса саналы түрде қабылданған болып келеді. Достық сезімі терең әрі мазмұнды сипат алады. Махаббат сезімі пайда болады.

Жасөспірімдік шақ-көпқырлы және терең уайымдаулар кезеңі. Жоғары сынып оқушылары өз сезімдерін жақсы басқара және олардың сыртқы көрінісін реттей алады. Бұл жас кезеңінде ерік күші маңызды түрде бекиді, ерік-жігер белсенділігі, төзімділік пен өзін-өзі меңгеру дамиды. Жасөспірімдікке өзін-өзі тәрбиелеу мен өз бетінше білім алу тенденциясы айқын көрінеді. Сол себепті де педагогикалық ықпалда мұқияттылық, сезімталдық, қатынастардың шынайылығы, мінез-құлқты бағыттай білу сияқты қасиеттер қажет.

Ұстаз және жаттықтырушы өзінің тәрбиеленушілерінің оқу, еңбек, ойын және спорт іс-әрекетіндегі ерекшеліктерін, олардың ақыл-ой және денелік даму деңгейлерін, мінез қасиеттерін, қоршаған ортаға және өз-өзіне қатынасын әрдайым анықтап отыруы қажет. Осы ерекшеліктерді тіркемелі есепке алу өте маңызды. Соның негізінде әрбір оқушымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының бағдарламасын жасау қажет.

2.3 Дамудың жекелік ерекшеліктері

Жас ерекшеліктерімен қатар жеке ерекшеліктер де тығыз байланыста болады. Кез-келген адам дамудың ерекше ахуалды мүмкіндіктеріне ие, бірақ әркімнің дамуы өз үлгісінде байқалады. Тәрбиелеу барысында жеке ерекшеліктерді және педагогикалық ықпалдарға әсерін ескеру қажет. Дамуға адамның іс-әрекетке қатынасы да үлкен ықпал етеді.

Жекелік ақыл-ой, ерік-жігер, адамгершілік, әлеуметтік және басқа да қасиеттердің жиынтығымен сипатталады, олар бір адамның екіншісінен өзгешелігін көрсетеді. Табиғат адамзат қауымына үлкен сыйсилады, яғни жер бетінде екі бірдей ұқсас адам бұған дейін болмаған, қазір де жоқ және ешқашан да болмайды. Әр адам-өзінің индивидуалдылығымен біреу және қайталанбас болып келеді.

Жекелік жеке ерекшеліктерінде көрінеді. Жеке ерекшеліктердің пайда болуы (айырмашылықтардың) әр адам жоғары жүйке жүйесінің қызметінде әртүрлі типологиялық ерекшеліктерді меңгере отырып, өзінің ерекше даму жолымен өтуіне байланысты. Олар пайда болатын қасиеттердің өзіндік ерекшеліктеріне ықпал етеді. Жекелік ерекшеліктерге түйсік, қабылдау, ойлау, ес, қиял, сондай-ақ қызығушылықтар, бейімділіктер, қабілеттер, темперамент және тұлға мінезінің өзгешеліктері жатады. Жекелік ерекшеліктер тұлғаның дамуына ықпал етеді. Оларға барлық қасиеттердің қалыптасуы тәуелді болады.

Оқыту мен тәрбиеде жекелік ерекшеліктер ескерілуі қажет пе? Бұл сұрақтың жауабы бірден онды қабылдануы қажет сияқты көрінеді. Бірақ

бұл олай емес. Мамандар арасында үлкен келіспеушіліктер байқалады. Бірінші көзқарас бойынша - жалпы білім беру мектептері жекелік ерекшеліктерді ескеруі қажет емес, әр оқушыға жеке тоқтай алмайды дейді. Барлық балалар мұғалім қамқорлығының бірдей «бөлшегін» алуы қажет. Тәртіптілерді де, жалқауларды да, дарындыларды да, қабілетсіздерді де, қабілеттілерді де, білуге құмарларды да тіпті ештеңеге қызықпайтындарды да тәрбиелеуде ешқандай айырмашылық болмауы қажет. Қандай бір білім беру мекемесін бітіріп шыққан адам, сол мекемеде қабылданған ортақ және бірдей білім алу және тәрбиелену стандартына сәйкес сипатталады.

Отандық педагогика басқаша бағытта қызмет етеді – тәрбие барынша жекелік ерекшеліктерге сүйенуі қажет деп тұжырымдайды. Жекелік бағыт педагогиканың маңызды принципі ретінде адамның дамуын оның тұлғалық ерекшеліктері мен өмір сүру шарттарын білу негізінде басқаруға бағытталады. Жекелік бағыттағы педагогика мақсат пен оқыту және тәрбиелеудің негізгі мазмұнының жеке оқушыға икемделуін емес, керісінше, тұлғаның жобалық даму деңгейін қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық ықпал түрлері мен тәсілдерінің жекелік ерекшеліктерге икемделуін қарастырады. Жекелік бағыт әрбір оқушының танымдық күштерінің, белсенділігінің, бейімділіктері мен дарындылықтарының дамуы үшін қолайлы мүмкіндіктер жасайды. Жекелік бағытты, әсіресе, «қиын» тәрбиеленушілер, қабілеті нашар оқушылар, сонымен қатар, даму тежелуі айқын байқалатын балалар қатты қажет етеді.

3. ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

3.1 Тәрбие мақсаттары

Тәрбие мақсаты – бұл тәрбиенің ұмтылысы, оның қол жеткізуге бағытталған болашағы. Кез-келген тәрбие әрдайым мақсатқа бағытталады; мақсатсыз, ештеңеге ұмтылмайтын тәрбие болмайды. Мақсатқа барлығы бағынады: тәрбие мазмұны, ұйымдастырылуы, түрлері және әдістері. Сол себепті де мақсат мәселесі педагогикада өте маңызды болып табылады. Мектептер және тәрбиешілер өздерінің тәжірибелік іс-әрекетінде неге ұмтылуы және қандай нәтижеге жетуі қажет деген сұрақтар өзекті деуге болады.

Тәрбие мақсаттары жалпы және жеке болып бөлінеді. Жалпы мақсат барлық адамдарда қалыптасуы қажет қасиеттерді білдіргенде, ал жеке мақсат нақты бір адамның тәрбиесіне қатысты сөз қозғағанда байқалады. Прогрессивті педагогика жалпы және жеке мақсаттардың бірлігі мен алмасуын қолдайды.

Мақсат тәрбиенің жалпы бағытталуын білдіреді. Тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асуы барысында нақты міндеттердің жүйесі ретінде орындалады. Мақсат пен міндеттер тұтас және бөлік, жүйе және оның компоненттері қатынасында болады. Сол себепті де мынадай анықтама да әділетті болады: тәрбие мақсаты – бұл тәрбиелеумен шешілетін міндеттер жүйесі.

Тәрбие мақсатымен анықталатын міндеттер, әдетте көп - жалпы және нақты. Бірақ бір ғана тәрбиелеу жүйесімен алынған тәрбие мақсаты да біреу болып келеді. Бір уақытта және бір жерде тәрбиенің әртүрлі мақсатқа бағытталуы мүмкін емес. Мақсат – тәрбиелеу жүйесінің анықтаушы сипаты. Мақсаттар мен оларға жету құралдары бір жүйелерді екіншісінен айыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда тәрбие мақсаттары және оларға сәйкес тәрбие жүйелері көптеп кездеседі. Осы жүйелердің әрқайсысы да өзінің мақсатымен мазмұндалады, сонымен қатар, кез-келген мақсат оны орындаудың нақты шарттарына және құралдарына ие болады. Мақсаттар арасындағы айырмашылық кендігі де әртүрлі – адамның жеке қасиеттерінің шамалы өзгерісінен бастап, оның тұлғасының толықтай өзгерісіне дейін. Мақсаттардың әртүрлілігі тәрбиелеу үдерісінің үлкен күрделілігін нақтылайды.

Тәрбие мақсаттары қалай пайда болады? Олардың қалыптасуында көптеген объективті себептер бейнеленеді. Ағзаның физиологиялық жетілу заңдылықтары, адамдардың психикалық дамуы, философиялық

және педагогикалық ой-пікірлердің жетілуі, қоғамдық мәдениет деңгейі мақсаттардың жалпы бағытталуын меңзейді. Бірақ анықтаушы фактор ретінде әрдайым идеология, мемлекет саясаты орын алады. Сол себепті де тәрбие мақсаттары айқын таптық бағытталуды бейнелейді. Кей жағдайда тәрбие мақсаттары адамдардан шынайы мәнін және бағытталуын жасырып қалу үшін, жалпы тұманды фразеологиямен бүркемеленеді. Дегенмен де мектептегі тәрбиелеу мақсаттары саясаттан және идеологиядан алшақ кеткен, қабылданған қоғамдық қатынастарды күшейтуге бағытталмаған мемлекет кездеспейді.

Педагогика тарихы – тәрбие мақсаттарының туындауының, жүзеге асуының және жойылуының, сонымен қатар, олардың педагогикалық жүйесін жүзеге асырушы ұзын тізбегі. Осыдан тәрбие мақсаттары мәңгілікке қойылмайтынын, барлық уақыттар мен халықтарға бірдей қолданылатын формальды-абстрактілі мақсаттардың да болуы мүмкін. Тәрбие мақсаттары қозғалмалы, өзгергіш, нақты-тарихи сипатта болады.

Қоғамдық дамудың тарихы тәрбиенің мақсаттарын ырықсыз шығару мүмкін еместігін дәлелдейді. Тәрбиенің мақсаттарын таңдауда, қоюда және құруда табиғат, қоғам, адам дамуының объективті заңдылықтарына сүйену қажет. Тәрбие мақсаттарын анықтау бірнеше себептер қатарына тәуелді болады, оларды кешенді түрде есепке алу мақсаттың қалыптасу заңдылықтарын құруға мүмкіндік береді. Оның таңдауын қандай факторлар анықтайды? Бізге танымал мемлекет саясаты және идеологиясы сияқты факторлардан басқа қоғамның қажеттіліктері де маңызды орын алады. Тәрбие мақсаты өскелең ұрпақты нақты қоғамдық қызметтерді орындауға даярлаудағы қоғамның тарихи жетілген қажеттілігін бейнелейді. Сонымен қатар, қажеттілік шынымен де жетілген бе, әлде тек болжамды ма екенін анықтап алу маңызды. Көптеген тәрбиелік жүйелер дәл осы себептен көпке бара қоймай тез жойылып кетіп отырды, олар өмірдің ақиқатын ескермей, адамдардың өмірін тәрбие арқылы өзгертуге сенім артты.

Қоғамның қажеттіліктері өндіру тәсілдерімен анықталады - өндірістік күштердің даму деңгейімен және өндірістік қатынастардың сипатымен. Сол себепті тәрбие мақсаты соңында қоғамның даму деңгейін бейнелейді.

Тәрбие мақсаты мен сипаты әрбір қоғамдық-экономикалық формацияға тән өндіріс күштерінің даму деңгейі мен өндірістік қатынастар түріне сәйкес келеді.

Тәрбие мақсаттары тек өндіріс тәсілдерімен ғана анықталмайды. Олардың қалыптасуына басқа да факторлар ықпал етеді. Олардың қатарында – ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресстің ырғағы, қоғамның экономикалық мүмкіндіктері, педагогикалық теориясы мен

тәжірибесінің даму деңгейі, оқыту-тәрбиелеу мекемелерінің, тәрбиешілердің, мұғалімдердің мүмкіндіктері және т.с.с.

Осыдан төмендегідей қорытынды шығаруға болады: тәрбие мақсаты қоғамның даму қажеттіліктерімен анықталады және әлеуметтік, ғылыми-техникалық прогресстің ырғағына, өндіріс тәсілдеріне, педагогиканың теориясы мен тәжірибесінің даму деңгейіне, қоғамның, білім беру мекемелерінің, мұғалімдер мен оқушылардың мүмкіндіктеріне байланысты болады.

3.2 Қазіргі мектеп жағдайындағы тәрбие мақсаттары

Қайта келмейтін мақсаттардың арманға ұқсас, тәрбиенің жоғары жетістігін білдіретін бір түрі бар – ол дүниеге келген әрбір адамға жан-жақты және үйлесімді дамуды қамтамасыз ету. Оның нақты тұжырымдарын Қайта өрлеу дәуірінің философтары мен педагог-гуманистерден кездестіреміз, бірақ өзінің түп-тамырын антикалық философиялық білімдерден алады. Өртүрлі кезеңдерде жан-жақты үйлесімді даму ұғымына түрлі мазмұндағы ой-пікірлер қарастырылады.

Қайта өрлеу дәуірінің педагог-гуманистері Ф.Рабле, М.Монтень жаң-жақты дамудың мазмұнына тән сұлулығы, өнерден, әуеннен, әдебиеттен ләззат алу сияқты құбылыстарды ендірді. Мұндай тәрбие таңдамалыларға ғана емес, енді үлкен адамдар қауымына да қолданылады. Т.Мора, Т.Компанелла, Р.Оуэн, Сен-симон, Ш.Фурье сияқты танымал социалист-утопияшыларда жаң-жақты үйлесімді даму идеясы басқа бағытта мазмұндалады. Олар тұлғаның қалыптасуындағы идеалды жасады, алғаш рет еңбектің жаң-жақты үйлесімді даму үдерісіне енуді талап етті, тәрбие мен еңбекті біріктіру мәселесін қарастырды. XVIII ғасырдың француз ағартушылары К.Гельвеции, Д.Дидро осы идеяны дамыта келе, жан-жақты даму ұғымына ақыл-ойды және адамгершілікті жетілдіру мәселесін енгізді. Орыс революционер-демократтар А.И.Герцен, В.Г.Белинский және Н.Г.Чернышевскийдің пікірінше, халықты жан-жақты тәрбиелеу мәселесі экономикалық және саяси басымдылықты жоюдан кейін, тек төңкеріспен ғана шешіле алады.

Бүгінгі таңда жалпы білім беру орта мектептерінің басты мақсаты – тұлғаның ақыл-ойлы, адамгершіліктік, эмоциялық және денелік дамуына ықпал ету, оның шығармашылық мүмкіндіктерін барынша аша білу, гуманистік қатынастарын қалыптастыру, баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оның жекелігін айқындау мақсатында түрлі жағдайларды қамтамасыз ету. Өсіп келе жатқан адам тұлғасына бағытталу жастардың

бойында саналы азаматтық бағыт, өмірге, еңбекке және әлеуметтік шығармашылыққа дайындық, демократиялық өзін-өзі басқаруға қатысу мен мемлекет пен адамзаттық өркениет алдындағы жауапкершілік, сияқты мектеп мақсаттарына «адамзаттық өлшем» береді.

Саналы бағыт алған кезде мақсаттардың қолданбалығы сақталуы қажет. Қазақстан өзінің тарихи қалыптасқан, ұлттық тәрбиелеу жүйесіне ие. Оны қандай да бір басқа түріне ауыстырудың мәні жоқ. Тұлға мен қоғамның алдында тұрған жаңа мақсаттар мен құндылықтарға сәйкес жүйені дамыту арқылы ғана дұрыс қорытынды жасауға болады.

3.3 Тәрбие міндеттері.

Тәрбие мақсаттарын қайта қарау мен қайта бағдарлауға алып келген, қоғам мен мектептің тұтастай қайта құрылуы, тәрбиенің нақты міндеттерін анықтауда көптеген қарама-қайшылықтар тапты. Бұл қарама-қайшылықтар жойылмақ тұрмақ, тіпті күрделене түсті. Сол себепті де бізге бұрынғы дәстүрлі міндеттерді, сонымен қатар, қайта құру заманымен бірге еліміздегі білім беру жүйесінің қабылданған концепциялары және ұлттық бағдарламасымен келген жаңа міндеттерді қарастыруға тура келеді.

Тәрбиенің дәстүрлі құрамдас бөлігі ретінде ақыл-ойлы, денелік, еңбек, адамгершіліктік, эстетикалық түрлерін айтады. Осыларға ұқсас құрамдас бөліктері тәрбие мәселесін қозғайтын ерте философиялық жүйелерде ажыратылады.

Ақылдық тәрбие оқушыларды ғылым негізіндегі білім жүйесімен қаруландырады. Ғылыми білімдерді меңгеру барысында және нәтижесінде ғылыми дүниетаным негіздері қаланады. Дүниетаным – бұл адамның табиғатқа, қоғамға, еңбекке, танымға қатысты көзқарастарының жүйесі. Дүниетаным – бұл адамның шығармашыл, түрленгіш іс-әрекетіндегі күшті құрал. Ол табиғат құбылыстарын және қоғамдық өмірді терең түсіну, осы құбылыстарды саналы түрде түсіндіре білу және оларға деген өздерінің қатынасын анықтау болып табылады: өз өмірін саналы түрде құру, жұмыс істеу.

Білімдер жүйесін саналы түрде меңгеру логикалық ойлаудың, естін, қиялдың, ақыл-ой қабілеттерінің, дарындылық пен икемділіктердің дамуына ықпал етеді. Ақылдық тәрбиенің міндеттері келесідей:

- ғылыми білімдердің нақты көлемін меңгеру;
- ғылыми дүниетанымды қалыптастыру;
- ақыл күштерінің, қабілеттер мен дарындылықтардың дамуы;
- танымдық қызығушылықтардың дамуы;
- танымдық белсенділіктің қалыптасуы;

- өз білімдерін әрдайым толықтырып отыру мен жалпы білім беру және арнайы даярлықтың деңгейін арттыруға қажеттіліктің дамуы.

Ақылдық тәрбиенің құндылығы мектептің маңызды міндеті ретінде сенімділікті қажет етеді. Оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың, кең қоғамның қарсылығы ақылдық тәрбиенің бағыттылығын оятады. Оның мазмұны көбінде тұлғаның дамуына емес, білімдер, іскерліктер, дағдылардың үлкен көлемін меңгеруге бағытталады. Білім беру саласынан іс-әрекеттің түрлі формалары мен түрлерінің тәжірибесін беру, дүниеге эмоциялық-құндылықты қатынастар, қарым-қатынас тәжірибесі сияқты оның маңызды компоненттері тыс қалады. Нәтижесінде білім беру үйлесімділігі ғана емес, сонымен қатар, мектептің білім беру мазмұнына да өзгереді.

Алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлері, дүниежүзі елдерінің ғалымдары, оның ішінде біздің еліміздің де, білім беру жүйесінің шамадан тыс идеологияға, ғылыми білімдердің шынайы мазмұнының билеуші партиялардың икеміне берілуін айтып өтеді. Педагогтардың көбісі жылдам өзгертін өмір сарынына білім беру бағыттылығы мен жаңарып отыруын және де қоғам мен тұлғаның әрдайым жаңарып отыратын қажеттіліктерін талап етеді.

Денелік тәрбие – барлық тәрбие жүйесінің құрамдас бөлігі. Негізінде жоғары дамыған өндіріс бар қазіргі қоғам, кәсіпорындарда жоғары өндірушілікпен еңбек етуге қабілетті, үлкен ауыртпашылықтарды көтере алатын, Отанды қорғауға даяр болатын денелік жақсы дамыған жас ұрпақты қажет етеді. Денелік тәрбие сонымен қатар, жастарда ақыл-ойға және еңбек іс-әрекетіне қажетті қасиеттерді дамытуға ықпал етеді. Денелік тәрбиенің міндеттері:

- денсаулығын шынықтыру, дұрыс денелік даму;
- ақыл-ойлық және денелік қабілеттерді арттыру;
- табиғи қимылдық сапаларды дамыту және жетілдіру;
- жаңа қимыл түрлеріне оқыту;
- негізгі қимыл сапаларының дамуы (күштер, икемділіктер, төзімділік, жылдамдық)
- гигиеналық дағдылардың қалыптасуы;
- ізгілікті сапаларды дамыту (батырлық, тұрақтылық, шешім қабылдағыштық, тәртіптілік, жауапкершілік, ұжымдық);
- әрдайым және жүйелі түрде дене шынықтыру және спорт сабақтарымен айналысуға қажеттіліктердің қалыптасуы;
- Дені сау болуға және сергек болуға, өзіне және басқаларға қуаныш сипап отыруға ұмтылыстың дамуы.

Жүйелі дене тәрбиесі мектепке дейінгі кезеңнен басталады, дене шынықтыру – мектептегі міндетті пән. Дене шынықтыру пәндеріне мәнді

толықтырулар ретінде сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстардың әртүрлі формалары қарастырылады. Денелік тәрбие басқа да тәрбиенің құрамдас бөліктерімен тығыз байланысты және де жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасу міндетін солармен біріге отырып шешеді.

Еңбек тәрбиесі. Қазіргі заманның тәрбиелі адамын көп және жемісті еңбек ете алмайтын, оны қоршаған өндірістер, өндірістік қатынастар мен үдерістер, еңбектің қолдану құралдары жайлы білімі жоқ деп елестете алмаймыз. Тәрбиенің еңбектік бастауы – жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасуында маңызды, ғасырлар бойы тексерістен өткен принцип болып табылады.

Еңбекке тәрбиелеу тәрбие үдерісінің еңбек әрекеттері қалыптасатын, өндірістік қатынастар орнайтын, еңбек құралдары және оларды қолдану тәсілдері меңгерілетін аспектілерді қамтиды. Тәрбиелеу үдерісінде еңбек тұлға дамуының жетекші факторы ретінде, сонымен қатар, дүниені шығармашыл түрде меңгеру, әртүрлі еңбек сферасында еңбек күшінің тәжірибесін игеру тәсілі ретінде, және де жалпы білім беру саласының ажырамас компоненті, денелік және эстетикалық тәрбиенің бөлігі ретінде орын алады.

Политехникалық білім барлық өндірістің негізгі принциптерімен танысуға, қазіргі таңдағы өндірістік үдерістер мен қатынастар туралы білімдерді меңгеруге бағытталады. Оның басты міндеттері - өндірістік іс-әрекетке қызығушылықты қалыптастыру, техникалық қабілеттерді және экономикалық ойлауды, шығармашылықты, кәсіпкерліктің бастамасын дамыту. Дұрыс қойылған политехникалық білім еңбек сүйгіштікті, тәртіптілікті, жауапкершілікті дамытады және де мамандықты саналы түрде таңдауға даярлайды.

II ОҚЫТУ НЕГІЗДЕРІ

4. ОҚЫТУ ҮДЕРІСІ

4.1 Оқыту үдерісінің мәні

Тұтас педагогикалық үдерістің екінші құрамдас бөлігі ретінде оқыту үдерісі орын алады.

Бұл объективті шындықтың күрделі үдерісі, тәрбие мен даму үдерістерінің құрамдас бөлігі бола отырып, олармен тығыз байланыста қызмет атқарады. Сол себепті де оның толық және жан-жақты анықтамасын беру қиынға соғады. Ол түрлі байланыстар мен қатынастар қатарын, әртүрлі бағыттағы және табиғаты әртүрлі факторларды қамтиды. Бұл жерден үдерістің көптеген анықтамалары жасалады.

Ерте дәуірдегі және орта ғасырлық ойшылдардың «оқыту» ұғымы астарында білім беру, дәріс беру деген мағына береді. Біздің дәуіріміздің бас кезінде оқыту ұғымына бұл үдерісті қамтитын екі құрамдас компонентін қосатын болды – білім беру және үйрету. Білім беру дегеніміз мұғалімдердің оқу материалын меңгеруді ұйымдастыру болып табылса, ал үйрету – бұл оқушылардың оларға ұсынылған білімдерді меңгерудегі іс-әрекеті ретінде түсіндірілді. Біршама кейіннен, оқыту ұғымына оқушыларда танымдық іс-әрекет тәсілдерінің қалыптасуында мұғалімнің басқарушы әрекеті, мұғалім мен оқушы арасындағы ортақ іс-әрекет деген сияқты мазмұндарды бейнеледі.

Анықтамалады әрдайым нақтылап отырудың қажеті не? Олардың практикалық іс-әрекетте маңызы өте зор ма? Бұл сұрақтар білімгерлерді де, мұғалімдерді де мазалайды. Оларға жауап былай беріледі – ұғымдарды әрдайым жетілдіріп отыру мақсат емес, бұл өмірлік қажеттілік. Оқытуды тек білімдерді беру және меңгеру деп анықтама беретін болсақ – яғни, педагогтың назарында тек осы сәттер ғана қалады; оқытуды мұғалім мен оқушылар арасындағы ортақ іс-әрекет ретінде түсіндіретін болсақ – демек, мұғалім бар назарын іс-әрекетке, оны жетілдіру жолдары мен тәсілдеріне аударуы қажет.

Қазіргі мектептерге оқушылардың барлық қатынаста ойлауын үйрету, жан-жақты дамыту сияқты талаптар қойылады.

Қазіргі түсінік бойынша оқытуға келесі қасиеттер тән: 1) екі жақты мінез; 2) мұғалім мен оқушы арасындағы ортақ іс-әрекет; 3) мұғалім тарапынан жетекшілік ету; 4) арнайы жоспарлы түрде ұйымдастыру және басқару; 5) тұтастық және бірлік; 6) оқушылардың жас ерекшелік даму заңдылықтарына сәйкес келу; 7) оқушылардың дамуы мен тәрбиесін басқару.

Дидактика (грек тілінен аударғанда didaktikos – үйретуші және didasko - меңгеруші) – оқыту мен білім берудің мәселелерін зерттеумен айналысатын педагогиканың бір саласы. Алғашқы рет бұл ұғым неміс педагогы Вольфганг Раткенің еңбектерінде (1571-1635) оқыту өнерінің мәнін ашуда қолданылды. Ал Я.А.Коменский болса, дидактиканы «барлығын барлық нәрсеге үйретудің жан-жақты шеберлігі» деп тұжырымдады. XIX ғасырдың басында неміс педагогы И.Ф.Герbart дидактикаға тұтас және қарама-қайшылығы жоқ тәрбиелеуші білім теориясын берді. Ратихия заманынан бері қарай дидактиканың негізгі міндеттері қайталанбас болып қалады – неге оқыту және қалай оқыту мәселесін қарастыру; қазіргі ғылымдар да осы сияқты: қашан, қайда, кімді және не үшін оқыту керек деген сияқты мәселені зерттейді.

Дидактиканың басты категориялары: білім беру, оқыту, үйрету, білім, іскерлік, дағды, сонымен қатар, оқыту мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру, түрлері, формалары, әдістері, құралдары, нәтижелері (жемісі). Соңғы уақыттарда негізгі дидактикалық категорияның мәртебесін дидактикалық жүйе мен оқыту технологиялары ұғымдарымен түсіндіру көзделеді. Осыдан қысқа әрі мазмұнды анықтама аламыз: **дидактика** - білім мен үйрету, олардың мақсаттары, мазмұны, әдістері, құралдары, ұйымдасуы, алынатын нәтижелері туралы ғылым.

Білім беру – педагогтың оқыту мақсатын жүзеге асыру барысындағы ақпарат беруді қамтамасыз етудегі, тәрбиелеудегі, білімдерді меңгеу мен тәжірибеде қолданудағы реттік іс-әрекеті.

Үйрену – танып білу, жаттығу және тәжірибе жинақтау негізінде жаңа мінез-құлық үлгілері мен іс-әрекет түрлерінің пайда болуы, бұрын соңды қабылданған іс-әрекет түрлерінің өзгеріске ұшырау үдерісі.

Оқыту – қойылған мақсатқа жетуге бағытталған педагогтың оқушылармен өзара реттелген әрекеті. Оқыту (дидактикалық) үдерісі өзара әрекеттің келесі басты бөліктерінен тұрады (кесте №1).

Сонымен қатар, бірінші бөлімде қарастырылған басқа да категориялардың мәнін қайталап өтелік.

Біліктілік – оқыту үдерісі барысында алынған білімдер, іскерліктер, дағдылар, ойлау тәсілдері жүйесі.

Білім – осы пәнді меңгерудегі адамның теориялық идеялар жиынтығы (П.В.Копнин).

Іскерлік – меңгерілген білімдерді тәжірибеде қолдану әдістері (тәсілдер, әрекеттер).

Педагог іс-әрекеті	Оқушылар іс-әрекеті
1. Оқушыларға оқыту мақсаты мен міндеттерін түсіндіру	1. Оқуда жағымды мотивация орнатудағы жеке әрекеті
2. Оқушыларды жаңа білімдермен таныстыру (құбылыстар, оқиғалар, заттар, заңдылықтар)	2. Жаңа білімдер мен іскерліктерді қабылдау
3. Білімдер, іскерліктерді меңгеру, түсіну үдерісін басқару	3. Анализ, синтез, салыстыру, жүйелеу
4. Ғылыми заңдылықтар мен заңдарды танып білу үдерісін басқару	4. Заңдылықтар мен заңдарды танып білу, себеп-салдарлы байланыстарды түсіну
5. Теориядан практикаға өту үдерісін басқару	5. Іскерліктер мен дағдыларды меңгеру, олардың жүйеленуі
6. Эвристикалық және зерттеу әрекетін ұйымдастыру	6. Пайда болған мәселелерді өз бетінше шешудегі практикалық іс-әрекет
7. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді тексеру және өзгерістерді бағалау	7. Өзін-өзі бақылау, жетістіктерді өз бетінше диагностикалау

Дағдылар – жоғары деңгейде жетілген, автоматтандырылған іскерліктер.

Мақсат (оқытудағы, білім берудегі) – оқытудың бағытталған ұмтылысы, оның күшінің бағытталған болашағы.

Мазмұны (оқыту, білім беру) - оқушылар оқыту үдерісінде меңгеруі қажет ғылыми білімдер жүйесі, практикалық іскерліктер және дағдылар, іс-әрекет және ойлау тәсілдері.

Ұйымдастыру – нақты критерий бойынша дидактикалық үдерісті ретке келтіру, қойылған мақсатты жақсы жүзеге асыру үшін қажетті форманы келтіру.

Форма (латын тілінен аударғанда – сыртқы бейне, сыртқы қабық деген мағына береді) – оқыту үдерісінің тіршілік ету формасы, оның ішкі мәні, логикасы және мазмұны үшін жасалған сыртқы қабық. Форма ең бірінші оқушылар санына, уақытқа және оқыту орнына, жүзеге асыру тәртібіне байланысты болады және т.с.с.

Әдіс (латын тілінен аударғанда *metodos* – жол, тәсіл деген мағынаны береді) - оқытудың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асырудағы жол.

Құрал – оқыту үдерісін пәндік қолдау. Құралдары ретінде педагогтың дауысы, оның шеберлігі кең мағынада, оқулықтар, сыныптағы жабдықтар және т.с.с. Бұл ұғымдар сонымен қатар, басқа да мағынада қолданылады.

Нәтижелер (оқыту өнімдері) – оқытудың соңында келетін, оқыту үдерісінің салдары, қойылған мақсатты жүзеге асырудың дәрежесі.

Дидактика – ғылым ретінде өзінің пән аралық сферасында әрекет ететін заңдылықтарды зерттейді, оқыту үдерісінің өту барысын және нәтижесіндегі тәуелділіктерді талдайды, жоспарланған мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асуын қамтамасыз ететін әдістерді, ұйымдастырушы формалар мен құралдарды анықтайды. Осының арқасында ол екі қызмет атқарады: 1) Теориялық (негізгісі, диагностикалық және болжамдаушы); 2) тәжірибелік (нормативті, құралдық).

Дидактика білім беру жүйесін барлық пәндер бойынша және оқыту үдерісінің барлық деңгейінде қамтиды. Қамту кеңдігі жағынан, дидактиканың екі түрін бөледі: жалпы және жеке. Жалпы педагогиканың зерттеу пәні ретінде оқыту мен білім беру үдерісі, оның себепшіл факторларымен, оның өту шарттары және де оның алып келетін нәтижелерімен бірге қарастырылады. Жеке (нақты) дидактикалар оқыту әдістемесі деп аталады. Олар әртүрлі оқу пәндерінің өту үдерісі, мазмұны, формалары мен оқыту әдістерінің заңдылықтарын зерттейді. Әрбір оқыту пәнінің өзінің әдістемесі болады.

4.2 Оқыту мақсаттары

Бірінші бөлімде қарастырылған тәрбиелеу мақсатының заңы оқыту үдерісінің жүйесінде іргелес әрекет етеді. Жалпы білім беру мақсаттары тәрбиелеу мақсаттарынан шығады және олармен құрамдас бөлігі ретінде қатынаста болады.

Қазақстан заңдары білім беруді қоғам мен мемлекеттің рухани, әлеуметтік, экономикалық, мәдени даму негізі ретінде анықтайды. Білім беру Қазақстанда еркін, өз бетінше, мәдени, отбасы, қоғам және мемлекет алдында жауапкершілікті сезінетін адамгершіл, басқа азаматтардың құқығы мен еркіндігін, Конституция мен заңдарды сыйлай білетін, адамдар, халықтар, әртүрлі таптық, ұлттық, этникалық, діни, әлеуметтік топтар арасында өзара түсінісушілік пен қызметтестікке қабілетті тұлғаны қалыптастыруды мақсатқа қояды.

Жалпы білім беру мектептерінің негізгі міндеттері:

- Халықтың ұлттық-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру, денелік және психологиялық салауатты ұрпақты тәрбиелеу;

• Қоғамдық және өндірістік қажеттіліктермен анықталатын оқушылардың білімдер жүйесін меңгеруін қамтамасыз ету;

• Ғылыми дүниетанымды, саяси, экономикалық, құқықтық мәдениетті, гуманистік құндылықтар мен идеалдарды, шығармашылық ойлауды, білімдерді толықтырудағы өз бетінше әрекет ете білуді қалыптастыру;

• Жастардың бойында саналы азаматтық бағытты, адамзаттық намысты, демократиялық өзіндік басқаруға қатысуға ұмтылыс, өзінің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау сияқты қасиеттерді дамыту.

Мектепте білім беру компоненті оқушылардың аймақтық, ұлттық, өндірістік және тұлғалық факторларына байланысты түрлі сұраныстар мен қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

4.3 Оқу үдерісінің мазмұны.

Оқу үдерісінің мазмұны - өскелең ұрпақты неге үйрету қажет, адамзатпен жинақталған барлық байлық қойнауынан қандай білімдерді таңдау қажет деген сұрақтарға нақты жауап береді. Мазмұны астарында белгілі бір оқу орнында оқытуға іріктелген білімдер, іскерліктер жүйесі түсіндіріледі. Білім берудің мазмұны әрдайым нақтылауды талап етеді: мазмұны жүйесінен ауытқыған, бөлек дүние жоқ. Жалпы білім берудің мазмұны оқушылардың жан-жақты дамуын, олардың ойлауының, танымдық қызығушылықтары мен еңбек әрекетіне даярлығын қалыптастырудың негізін құрайды. Мақсаттарды өмірге ұластырудың негізі ретінде мазмұн қоғамның және жеке адамның ағымдық және дамушы қажеттіліктерін бейнелуі қажет. Дәл осы қажеттіліктер оқыту мазмұнының қалыптасуы және оның білім беру мекемелеріне ендірілуін бағыттайды. Мазмұн басқа жүйелерге тәуелді және өнімді жүйе болғандықтан, күрделі және қарама-қайшы түрде қалыптасады. Осы байланыста нақтылап өтетін жағдай, білім берудің мазмұны әрдайым қатаң идеологиялық күрестің пәні болған және болып қалады – қарама-қарсы күштердің өздерінің мектепке ықпалын, оның барысында барлық қоғамға ықпалын таратудағы ұмтылысын білдіреді. Бұл фактор таптырмас сипатта болады, оны білім беру мазмұнын қалыптастыру заңдылықтары ретінде қарастыру маңызды болады. Оқытудың мазмұндарын қалыптастырушы жүйелер қатарында: 1) қабылданған мақсаттар; 2) әлеуметтік және ғылыми жетістіктер; 3) әлеуметтік қажеттіліктер; 4) тұлғалық қажеттіліктер; 5) педагогикалық мүмкіндіктер және т.б. сияқты жүйелер жіктеледі.

Қажеттіліктер жүйесі (әлеуметтік және тұлғалық) жоғарыда қарастырылған мақсаттар жүйесімен тікелей байланысты. Жаңа білім беру

мектептерін жасау кезеңінде жаңа демократиялық мемлекеттің құрылуына, мәдени және рухани жаңғырудың, барлық адамзаттық іс-әрекеттің саласында дәуірлік құрылымдардың, демократиялық қоғамның және нарықтық қатынастардың қалыптасуына, отандық ғылым мен техниканың ең үздік стандарттарға дейін даму деңгейінің артуына негіз болуы қажет. Сонымен қатар, қоғамдық және жеке тұлғалық мүддені қалай біріктіріп, дұрыс сәйкестендіре алу қажет, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталуды әлсіретпестен, қалайша білім беру әрекетін тұлғалық маңызды етуге болады, әр адам үшін қажетті әрі тартымды етуге болады деген сияқты мәселелер шешімін табуы абзал.

Мектепте білім беру мазмұнының қалыптасуында әлеуметтік және ғылыми жетістіктер жүйесі маңызды орын алады. Білім беру мазмұнына ғылыми жетістіктерді ендіру саласында жүргізілген зерттеулер жаңа ғылыми жаңалық немесе жаңа әлеуметтік идеялардың және олардың мектепте жүйелі түрде меңгерілу жүйесінің бастамасы арасындағы уақыт мерзімі біртіндеп қысқарып келеді. Қазіргі таңда оның қысқарғаны соншалық, жаңа идеялардың бейнеленуі тек жаңа оқу кітаптарының шығуымен түсіндіріледі. Егер телеграфты оқу үшін Морзенің жаңалығы шыққанша 60 жыл, Дарвиннің эволюциялық пікірлерінің мектеп бағдарламасына ендірілуіне 56 жыл, ал радиоға (Попов) – 40 жыл, атомның құрылымы теориясына (Бор) – 30 жыл қажет болса, ал транзистормен оқушылар 10 жылдан кейін-ақ, инсулин синтезімен, жаңа трансурандық элементтермен, жасанды спутниктер арқылы космосты зерттеу, бионика, космостық биология, түрлі техникалардың қазіргі заманғы үлгілерімен 4-5 жылда танысқан.

Соныменен, тәрбие үдерісін жүзеге асырумен байланысты *мүмкіндіктер жүйесі*, білім беру мазмұнына оқу үдерісін нақты жабдықтау деңгейін, материалды-техникалық және экономикалық мүмкіндіктерді талап ететін мәліметтердің келіп түсуін қадағалайтын реттеуші ретінде қызмет атқарады. Бұл жүйеде жас ерекшеліктік мазмұндағы шектеулер де орын алады. Әлемдік дидактикада 70 жылдары бастау алған мектеп бағдарламаларына күрделі тарауларды ендіру мәселесі жас ерекшелік мүмкіндіктерімен санасуды қажет ететінін дәлелді. Бүгінгі таңда бала неғұрлым жасы кіші болса барлығын және жылдам есте сақтай алатыны дәлелденген: ал екінші бір мәселе – ақпаратты түсіну, меңгеру, қабылдау, бұл үшін дамудың белгілі бір деңгейі қажет.

Жалпы орта білім беру мектептерінде оқыту мазмұнына қойылатын талаптар *білім берудің мемлекеттік стратегиясымен* анықталады. Білім беру мазмұнында екі аспект – ұлттық және жалпы адамзаттық қарастырылады. Білім беру мазмұнын анықтаудың жалпы негіздеріне:

гуманизация, дифференциация, интеграция, жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану, тұтас, әрі көпқырлы оқыту үдерісінің шарты және нәтижесі ретінде шығармашыл тұлғаны қалыптастыру қарастырылады.

Білім беру мазмұнын *гуманизациялау* – барлық пәндердің мүмкіндіктерінен құрылған көпқырлы бағыт. Гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің оптималды арақатынасы, сонымен қатар, математикалық, биологиялық, техникалық пәндердің «адамзаттық» білімдермен толықтырылуы қажет болады. Гуманистік бағытталған мазмұнды меңгеру ойлаудың гуманистік түрінің қалыптасуына, тұлғалық бағытталған дүниетанымның, өмір мен жан сақтау мәселесіне оптималдық көзқарас, адамның өмір сүру мәнін түсіну, өзіндік құндылық және өзіндік тұрмыстық бейнесін сақтау. Мектептерді гуманизациялауда балаларға өзін және дүниені жақсы танып білуге, өзін-өзі ұйымдастыру және мінез-құлықты өз бетінше реттеуде тілдік және әдеби білімнің, эстетикалық тәрбиенің, адамтану курстарының орны ерекше.

Базалық білім беруде жүйеге келтіруші маңыз гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық білімдерге байланысты.

Оқыту үдерісінің мазмұны жүйе ретінде түсіндірудің түрлі **құрылымдарына** ие болады. Құрылым элементтері – бұл жеке білімдер немесе олардың бөлшектері (қадамдар, порциялар), олар өзара әртүрлі сипатта «жалғасады». Қазіргі таңда ең кең тараған мазмұндық құрылымға сызықтық, концентраттық, спиральды және аралас түрлері енеді.

Сызықтық құрылым барысында оқу материалының жеке бөліктері мектептік оқыту кезінде меңгерілетін өзара тығыз байланысқан салалардың кезектестігін құрады. Мазмұндалу құрылымының осындай түрін таңдау кезінде кезектестік талаптарын, тарихилық, жүйелілік, қолжетерлік талаптарын сақтау маңызды. Бұл құрылым тарихты, тілдерді, әдебиеттерді, әуенді және т.б. мазмұндағанда өз-өзіне сенім артады.

Концентрациялық құрылым меңгерілген білімдерге қайта оралуды болжайды. Бір сұрақ бірнеше рет қайталанады, бірақ оның мазмұны біртіндеп кеңейеді, жаңа мәліметтермен, байланыстармен және тәуелділіктермен толықтырылады. Оқудың алғашқы сатысында қарапайым түсініктер беріледі, олар білімдерді жинақтау мен танымдық мүмкіндіктердің артуы есесінен тереңдей және кеңейе түседі. Бұл құрылым физика, химия, биология пәндерінде кеңінен қолданылады.

Спиральды құрылымның сипаттық ерекшелігі оқушылар бастапқы мәселені назарынан шығармай, біртіндеп онымен байланысты білімдерді кеңейте және тереңдете түседі. Спиральды құрылымда үзілістер болмайды, сызықтық құрылымды ерекшелейтін білімдерді меңгерудегі бірыңғайлық та жоқ. Спиральды құрылым қоғамдық, педагогикалық,

психологиялық ғылымдардың мазмұнын ұйымдастыруда неғұрым тиімді болады.

Оқу әдебиеттерін құрушы ғалымдар бүгінгі таңда *аралас құрылым* мүмкіндіктерін кең қолданады, ол сызықтық, концентрациялық және спиральды құрылымдардың үйлесімді қолданысы болып табылады. Оның көмегімен жеке бөліктерді түрлі тәсілдермен мазмұндауға болады.

Мазмұнды ұйымдастыру құрылымын таңдау барысында оқыту мақсаттары, білім алу деңгейіне қойылатын талаптар, меңгерілетін білімдердің сипаты және ерекшеліктері ескеріледі, сонымен қатар, мүмкіндіктері бойынша да қарастырылады.

Оқу үдерісінің мазмұны оқу жоспарларымен, пәндер бойынша бағдарламалармен анықталады және де оқу әдебиеттерінде, ақпаратты электронды тасымалдаушыларда тіркеледі (бейнедискілер, бейнетаспаларда, компьютерлік бағдарламаларда).

Оқу жоспары – бұл оқу орнының сертификаты, ол төмендегілерді анықтайды:

- Оқу жылының ұзақтығы, тоқсандар мен демалыстардың мерзімі;
- Берілген оқу орнында оқытылатын пәндердің толық тізімі;
- Оқыту жылдарына қарай пәндерді бөлу;
- әр пән бойынша оқыту мерзіміне сәйкес және әр сыныпта пәнді оқыту жұмсалатын сағаттар саны;
- әр пәнді оқытуға жұмсалатын апталық сағат көлемі;
- Практикумдар, лагерлік ұйымдардың құрылымы және ұзақтығы және т.б.

Оқу жоспарында қоғам қабылдаған тәрбие идеалы, қойылған мақсаттар, жеңіске жеткен мазмұнды қалыптастыру концепциясы бейнеленеді. Ол оқу-тәрбие үдерісінің заңдылықтарын, санитарлы-гигиеналық және ұйымдастыру талаптары, қабылданған дәстүрлерді ескеру арқылы орындалады. Оқу жоспарына ендірілген пәндер міндетті және таңдаулыға бөлінеді. Көптеген елдерде оқу жоспарлары ағарту орталықтарымен даярланады және бекітіледі. Типтік оқу бағдарламалары жаңа оқу орындарына әрдайым сәйкес бола бермейді (гимназиялар, лицейлер, жоғары кәсіби-техникалық училищелер), олар өздерінің жеке құжаттарын дайындайды.

Оқу жоспарының негізінде барлық пәндер бойынша *оқу бағдарламалары* құрылады. Оқу бағдарламасы төмендегілерден тұрады:

- берілген пәнді оқыту мақсаты, оқушылардың білімдері мен іскерліктеріне қойылатын талаптар, оқыту формалары мен әдістері жайлы түсініктеме хат;
- оқытылатын материалдың тақырыптық мазмұны;

- мұғалім курстың жеке сұрақтарын қарастыруға жұмсай алатын шамамен уақыт көлемі;

- негізгі дүниетанымдық сұрақтардың тізімі;

- пәнаралық және курс аралық байланыстарды жүзеге асыру бойынша нұсқаулар;

- оқу жабдықтары мен көрнекі құралдардың тізімі;

- ұсынылатын әдебиеттер.

Білім беру саласының дифференциациясын тереңдету мақсатымен оқу бағдарламаларының альтернативті нұсқалары жасалуда. Кез-келген оқу орнында бір пәннен бірнеше оқу бағдарламаларының нұсқалары қолданыла алады, олар оқушылардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сәйкес білімдерді меңгеру үшін ұсынылады. Дифференциаланған бағдарламаларды қолдану мен қандай да бір пәнді тереңдетілген немесе жеңілдетілген түрде оқытуды мектеп кеңесі шешеді.

Білім беру мазмұны оқу *әдебиеттерінде* мұқият ашылады. Олардың қатарына: оқу құралдары, анықтамалықтар, қосымша оқу кітаптары, атластар, карталар, тапсырмалар мен жаттығулар жинағы, баспалық негіздегі дәптерлер және т.с.с. Оқу әдебиетінің сапасына оқыту нәтижесі байланысты болады, сол себепті де тиімді оқу құралдарын даярлауға аса назар аударылады, оқу кітаптарын шығаруға білікті мамандар шақырылады.

Жақсы оқулық оқытудың мазмұнына қойылатын барлық талаптарға жауап беруі қажет, сонымен қатар оқушылар үшін қызықты, мүмкіндігінше қысқа, түсінікті, эстетикалық жағынан жақсы безендірілген болуы шарт. Оқулық бір уақытта тұрақты әрі мобильді болуы қажет. Тұрақтылық шарттарына сәйкес оқулық тұрақты негізде болуы, ал мобильділік негізгі құрылымды бұзбастан, жаңа білімдерді жылдам ендіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл мақсатта оқулықтың блоктық құрылымы ықпал етеді. Оқулықтарға қойылатын талаптар көпқырлы және карама-қайшы болуы есебінен бүкіл әлемде жақсы оқулықтардың жетіспеушілігі байқалады. Экономикалық жағынан дамыған елдерде альтернативті оқулықтар шығарылады, оның көмегімен мұғалім және оқушылар таңдау жасай алады.

Оқулық оқушылардың оқу үдерісіне саналы түрде және белсенді қатысуын, оқу материалын толық меңгеруін қамтамасыз етуі қажет.

Дәстүрлі оқулықтармен бірге басқа да оқу материалдары қолданылады: бейнедискілер, бейнекассеталар және т.б. бұл жаңа оқу құралдарына берілетін дидактикалық бағалаулар карама-қайшы пікір тудырды – білім берудегі таңқаларлық төңкерістен төмен нәтиже мен пайдасыздыққа дейін. Материалды образдық, эмоционалды түрде мазмұндау қажет жерде бейне оқулықтар өз пайдасын тигізеді, бірақ

олардың көмегімен өнімдік ойлауды дамыту, іскерліктер мен дағдыларды жаттықтыру, басқа да міндеттерді шешу қиынға соғады. Сол себепті де оларды дәстүрлі оқу материалымен бірге кешенді түрде қолдану қажеттілігі туындайды.

Абстрактілі ойлау, логиканы компьютерлік оқу бағдарламалары жақсы дамытады. Компьютермен берілген білім әдетте толық емес, формальды мазмұн алады. Сол себепті де компьютерлік оқу материалдары логикалық құрылымы бар білімдерді меңгеруде тиімді болады. ЭЕМ – лар жаттықтырушы тапсырмаларды орындау үшін, білімдерді бақылау және түзету үшін де жақсы мүмкіндіктер береді.

5. ОҚЫТУ ПРИНЦИПТЕРІ

5.1 Оқыту принциптері жайлы түсініктер

Оқыту үдерісінің негізгі заңдылықтары дидактика принциптерінде нақты сипаттама алды.

Алдыңғы қатарлы педагогтардың еңбектерінде (Я.А.Коменский, И.Г.Пестолоцци, К.Д.Ушинский және басқалар) оқыту үдерісіне қойылатын негізгі талаптарды принциптік тұжырымдар түрінде ұсынуға талпыныс жасағандарын байқаймыз.

Прогрессивті педагогиканың мұрасын қолдана отырып, жаңа мектептің тәжірибесін ескере келе, қазіргі дидактикада оқытудың тиімділігін арттыратын принциптер жүйесі жасалды.

Оқыту принциптері астарында оқыту үдерісінің мазмұнын, әдістерін, ұйымдастыру формаларын және оның барлық жүргізілу барысын анықтайтын бастапқы негізді айтуға болады.

Принциптер арасында тығыз байланыс орнайды. Олардың біреуінің бұзылысы екіншісінің бұзылуына алып келеді.

Принциптерден оқыту ережелері шығады. Ереже мұғалімнің жеке тәсілдерінің сипатын береді және принципті жүзеге асыруға алып келеді. Ережелер дидактикамен ғана емес, нақты оқу жағдайына қажетті болатын жеке әдістердің көмегімен жасалады.

Принциптердің түрлері төмендегідей:

- оқыту үдерісінде жан-жақты даму принципі;
- оқытудың саналылық және белсенділік принципі;
- оқытудың ғылымилық және түсініктілік принципі;
- оқытудың жүйелілік және кезектестік принципі;
- оқытудың көрнекілік принципі;
- оқытудың беріктілік принципі.

5.2 Оқыту принциптерінің мазмұны.

Оқыту үдерісінде жан-жақты даму принципі. Оқыту үдерісінде жан-жақты даму талабы оқу іс-әрекетінің бірнеше түрлерін іздестіруді қажет етеді, оның барысында зейін, ес, қиял, шығармашылық және танымдық қабілеттер дамиды еді.

Бұл танымдық қабілеттердің дамуы, сонымен қатар, дене тәрбиесі және спорт сабақтарында да жүзеге асады. Көптеген дене жаттығулары мен спорт әрекеттері зейінді жылдам аударуды, қимылдық есті, тактикалық ойлауды дамытуды, арнайы ұғымдар мен терминдер арқылы сөздік қорды толықтыруды және т.б. талап етеді.

Оқу іс-әрекеті адамгершілік, еңбек, эстетикалық және денелік қасиеттердің дамуына барынша ықпал етуі қажет.

Дамытушы оқыту оқу-танымдық іс-әрекет үдерісінде барынша дағдылар мен іскерліктерді дамытуды болжайды. әсіресе кітаппен және басқа да ақпарат көздерімен жұмыс істеу іскерлігін дамыту өте маңызды. Оқу әртүрлі мотивтермен ынталандырылуы мүмкін. Сол себепті де оқытудың жағымды мотивациясын тәрбиелеу маңызды: білімге құштарлық, еңбекке сүйіспеншілік, ұжымда жұмыс істеуге ұмтылыс және т.б.

Демек, тәрбиелеуші және дамытушы оқу білім беру мәселелерімен бірге тәрбиелеу және дамыту міндеттерін де шешеді деген болжамға келеді. Оқыту оқушы тұлғасын жан-жақты тәрбиелеуге бағытталған: дүниетанымды, саяси саналылықты, қоғамдық белсенділікті, адамгершілік қасиеттерді және т.б. қалыптастыру. Дамытушы және тәрбиелеуші оқытудың міндеттері оқытудың мазмұны, әдістері, ұйымдастырылуы арқылы, сонымен қатар, мұғалімнің жеке тәжірибесі, оның өз ісіне сүйіспеншілігі, педагогикалық шеберлігі, адамгершілік қасиеттері, шығармашылық бағыты арқылы да шешіледі.

Оқытудың саналылық және белсенділік принципі. Оқушылардың саналылығы және белсенділігі принципі педагогтың жетекші рөлінің көмегімен, оқыту үдерісінде оқушы меңгерілетін материалды терең қабылдайды, әртүрлі құбылыстар мен әрекеттердің мәнін, себептерін және салдарын түсінеді және алынған білімдер мен дағдыларды тәжірибеде қолдануға қабілетті болады деп болжайды. Дене жаттығуларын оқытудағы саналылықты қолдайтын ғалым П.Ф.Лесгафт көшірменің, мұғалімге еліктеудің болмауын талап етті. Оның тұжырымдауынша, «соқыр» еліктеу оқушының ақыл-ойы және адамгершіліктік дамуына, оның ерік күшінің жеке көрінісіне және өз бетінше әрекет етуге ұмтылысына кедергі келтіреді. Сонымен қатар, ол дене жаттығуларын меңгеру үдерісіне қатысты саналылық талаптарын жетілдіре келе, оқушылар жеке қимылдарды оқшаулауды үйреніп, оларды өзара салыстыруы қажет, сол кезде ғана оқытудың басты мақсаты көздеген - өз қимылдарын саналы түрде басқару және кез-келген жағдайда мақсатты түрде әрекет ете білу қабілеті меңгеріледі деді.

Қазіргі дидактикада оқытудың саналылығы мен белсенділігі принципі *оқушылардың саналы, белсенді, шығармашыл іс-әрекетімен педагогикалық жетекшіліктің оңтайлы қатынасын орнатуды* білдіреді.

Оқытудың саналылық және белсенділік принципі оқушылардың оқытылатын материалды тереңінен ұғынуын, әртүрлі құбылыстардың пайда болу себептерін түсінуін, алынған білімдерді тәжірибеде саналы түрде қолдана білуін талап етеді. Материалды терең ұғыну оқушылардан

белсенді қабылдау мен меңгеруді, үлкен бастамашылдық пен өз бетінше әрекеттенуді, зейін қоюды және тәртіп сақтауды қажет етеді. Ақпаратты түсіну-бұл оны түсіндіре білу, өзінің білгенін сөздермен және ұғымдармен жеткізе білу болып табылады.

Демек, белсенділік астарында ең бірінші ақыл-ой белсенділігі, яғни оқушылардың ойларының белсенділігі туралы сөз қозғалады. Ал ойлар тілдің көмегімен бейнеленетін болғандықтан, оқушылардың белсенділігі жайлы олардың сөздік белсенділігі арқылы да айтуымызға да болады (оқушылардың қойған сұрақтарының саны, мұғалімнің сұрақтарына жауаптары, мәтінді өз сөздерімен, пікірлерімен, тұжырымдарымен, бағалауымен және т.б. мазмұндап беруі). Оқушылар өз білімдерін нақты әрі анық сөздік үлгіде мазмұндап бере алса ғана, саналы меңгерілген дей аламыз.

Саналылық принципін жүзеге асыру жолдары қандай? Осы принципті жетекшілікке алатын мұғалім қалай жұмыс атқаруы қажет?

1. Оқушылардың әр сабақта оқу жұмысының мақсаты мен міндеттерін түсінуіне барынша қол жеткізіп отыру қажет.

2. Оқушылар барлық дәйекті материалды саналы түрде меңгеруі қажет.

3. Оқушыларды ережелер мен ұғымдарды құруға қатыстыру қажет.

4. Білімдерді бекіту және іскерліктер мен дағдыларды қалыптастырудың барлық үдерісі маңызды қайталау негізінде жүзеге асырылуы қажет.

Мысалы, дене шынықтыру сабағында оқушылармен жаттығуды жасаған кезде тек оны қалай орындауды ғана емес, сонымен қатар не үшін орындау қажеттігін де түсіндіріп отыру қажет.

5. Оқушыларға өзінің және жолдастарының қимылдарына талдау жасай білуді үйрету қажет. Әсіресе, қателіктерге мұқият талдау жасап, олардың себептерін және түзету жолдарын білу қажет.

Соныменен ең дұрысы, оқушыларды өз білімдері мен іскерліктерін саналы түрде тәжірибеде қолдануға жағдай жасау қажет.

Оқытудың ғылымилық және түсініктілік принципі. Ғылымилық және түсініктілік принципі қарастырылатын материалдың көлемі мен дәрежесінің оқушылардың жас ерекшеліктік және жеке ерекшеліктеріне сәйкестігіне талап қоюын білдіреді. Осы принципті жүзеге асыра отырып, мұғалім қарастырылатын мәселе тақырыбына, бөлімге, сұраққа қажетті уақытты анықтайды. Ол оқушыларға қажетті жаңа ұғымдардың, түсініктердің, терминдердің, зерттелетін сұрақтардың тереңдік, практикалық тапсырмалардың қиындық көлемін, оқыту әдістері мен тәсілдерін анықтайды.

Дегенмен, бір айта кететін жайт, материалдың қиындығы мен оқушылардың мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылықтар олардың дамуындағы негізгі түрткі болып табылады. Түсініктілік дәрежесін анықтай келе, мұғалім оқушылардың кейінгі дамуын қамтамасыз ететін ғылымилық пен қиындықты сақтауға бар жағдайды жасауға тырысады. Осы жас кезеңінде оқушылардың танымдық күшінің даму ерекшеліктері ескеріледі (оқыту жағдайында танымдық іс-әрекетіне қатысатын негізгі психикалық процесстердің жүзеге асу сипаты). Оларға қабылдау, зейін, ес, ойлау және сөйлеу ерекшеліктері енеді. әрине, ерік күшінің даму ерекшелігі де ескеріледі.

Оқытуда есепке алуды қажет ететін жеке ерекшеліктерге дара оқушының темперамент, мінез, бейімділіктер мен қызығушылықтар, даму деңгейі, қабілеттер және де тұрмыс пен өмір сүру шарттары жатады. Жеке бағытты ұстану үшін мұғалім оқушыларды мұқият бақылауы қажет. әрбір оқушының жалпы даму деңгейін, белсенділік дәрежесін және затқа қатынасын, оқу материалын меңгеру нақтылығы мен жылдамдығы, оны түсіну тереңдігі.

Оқу материалын оқыту барысында келесі ережелер басшылыққа алынады: 1) таныс нәрседен-таныс емес нәрсеге қарай, 2) жақыннан-алысқа қарай; 3) қарапайымнан – күрделіге қарай; 4) негізгіден қосалқыға қарай; 5) жалпыдан-жекеге қарай; 6) нақтыдан-абстрактіліге қарай.

Мысалы, шаңғы спортында негізгі дағдылар: шаңғыға дұрыс орналасу, ауырлықты еркін тасымалдау: денені бір шаңғыдан екіншісіне ауыстыру, қол және аяқпен қуатты тебіліс жасау. Бұл техника элементтері барлық шаңғы жолдарына, барлық түсу және бұрылу тәсілдеріне тән болады. Сол себепті де оларды алдыңғы кезекте талқылау маңызды. Шаңғы қадамдарын үйрену де маңызды нәрсе. Бірінші ретте алмасушы екі қадамдық жүру, содан соң біруақытта қадамсыз, біруақытта көпқадамды, біруақытта бір қадамды, алмасушы төртқадамды, және соңында, аралас қадамдар.

Оқытудың жүйелілік және кезектестік принципі. Ғылыми дүниетаным мен кезектестіктің дамуы белгілі бір білімдер жүйесі негізінде ғана мүмкін болады. Сол себепті де оқыту жүйелі әрі кезектес болуы керек. Оқытудағы жүйелілік талабы педагогикада Я.А. Коменскиймен ұсынылған болатын және де содан соң орыс педагогы К.Д.Ушинский одан әрі жалғастырған.

Шындықты дұрыс тану құбылыстар, заттар және үдерістер арасындағы байланыстардың ойлауында бейнеленуі болып табылады. Оқыту оқушыларға объективті болып жататын өзара байланыстарды түсінуге көмектесуі қажет. Ғылым осы байланыстарды бейнелейді, ал оқу пәні сол ғылымның жүйесі мен логикасын сақтауы қажет. К.Д.Ушинский

жазды: «пәннің нағыз мәнінен шығатын жүйе ғана біздің білімдерімізге толық билікті береді.

Жүйелілік және кезектестік саналылық пен белсенділік принципімен тығыз байланыста болады. Кезектестікпен және жүйелілікпен берілетін білімдер жылдам әрі саналы түрде меңгеріледі, ал ретсіз берілген білімдер меңгеруде үлкен қиындықтарға тіреледі. Бір-бірімен байланысы жоқ, оқшауланған мәліметтер есте қиын сақталады, ал керісінше, олардың арасында байланыс орнатылса ақпарат жылдам меңгеріледі.

Баланың ақыл-ойы жеке дара, кездейсоқ білімдерді емес, керісінше осы дәлелдердің жүйесін, білімдер жүйесін, бір-бірімен қатысты тұтас бірлікті қалыптастырады. Бұл тұрғыдан К.Д.Ушинскийдің «ақыл жақсы ұйымдасқан білімдер жүйесі болып табылады» деген тұжырымы түсінікті болады.

Балалар психикасының негізгі ерекшеліктерінің бірі - олардың меңгерген білімдері шоғырланған сипатта болады. Бала өз бетінше алынған мәліметтерді өзінің өмірлік тәжірибесімен қатыстыра алмайды, бұл жағдайда оған мұғалім көмек беруі қажет.

Осылайша, жүйелілік пен кезектестік принципі сақтау қажеттілігі адамның жоғары жүйке іс-әрекетінің ерекшеліктерінен шығады, оның мәні бойынша ми белгілі бір жүйеде орныққан мәліметті жақсы меңгереді.

Жүйелілік пен кезектестік принципі дәлелдерді, заттарды және құбылыстарды меңгерудегі тәртіпті енгізуді білдіреді, алдыңғы және кейінгі материал арасында қолданысты қамтамасыз ету болып табылады. Осы принципті ескере келе, кейінгілер әрдайым алдыңғыға негізделеді, ал алдыңғылары келесілермен одан әрі бекітуді қажет етеді.

Әрбір оқу пәні белгілі бір логикалық кезектестікпен өткізіледі. Бұл кезектестік берілген пән бейнелейтін ғылымның логикасын білдіреді. Жүйелілік болса, барлық басқа жеке сұрақтардың өзара байланыстығын болжайды.

Жүйелілік пен кезектестік принципі барлық оқу үдерісінің дұрыс жоспарлануымен, сабақтардың материалдарын ұтымды жіктеу, әрбір сабақты логикалық құру және мұғалімнің түсіндіруімен, оқушылардың қабілеттерін толық білумен қамтамасыз етіледі.

Көрнекілік принципі. Көрнекілік принципінің мәні мұғалім оқушыларда қарастырылатын заттар мен құбылыстар жайлы нақты, айқын түсініктер қалыптастыра алады. Мұндай түсініктер оқу материалын одан әрі терең меңгеруіне негіз болады. Бір ескертетін жайт, көрнекілік тек білім көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар оқушылардың дамуына қатты ықпал етеді.

Көрнекілікті қолдану ойлау мен сөйлеудің дамуына ықпал етеді, нақтыдан абстрактілігіе өтуді жеңілдетеді, қабылдау мен зейінді ұйымдастыруға көмектеседі.

Жаңа түсініктер бейне негізінде сөзбен қалыптастырылса, *сөздік-бейнелік көрнекілік* деп атайды. Мысалы, мұғалім шаңғымен жүру тәсілін үйреткен кезде «үйрек сияқты бір аяқтан екінші аяққа лақтырып жүр» деген түсініктерді қолданады.

Дене жаттығуларына, спорттық және еңбек дағдыларына үйрету тәжірибесі «көрнекілік тәсіл» ұғымын тереңдете түседі. Қимылдық және еңбектік әрекеттерді көрсете отырып, мұғалім әрдайым оларды орындап көруді талап етеді, онымен бірге бұлшықеттік – қимылдық түйсінулерді үйретуге мүмкіндік береді. Бұл мағынада оқытудың көрнекі құралдарына бұлшықеттік-қимылдық түйсінулерді беретін даярлық жаттығулары келтіріледі, олар меңгерілетін қимыл-әрекет жайлы түсінік береді.

Көрнекілік принципі келесі жағдайларда жүзеге асады:

- 1) көрнекілік сабақтың мақсаты мен міндетіне сәйкес келеді;
- 2) көрнекілік сөзбен байланыстырылады;
- 3) сабақта көрнекілік аса басымдылықпен қолданылмайды;
- 4) мұғалім көрсету орнын, уақытын және ұзақтығын дұрыс қолданады;
- 5) көрнекілікті қолданғанда оқушылардың ерекшеліктеріне және олардың даярлығына баса мән береді.

Оқыту барысында *көрнекіліктің сөзбен байланысу мәселесі* өте маңызды болып табылады. Мұндай байланыс тәсілдері түрліше болып келеді. Ең типтік түрлеріне келесілері жатады:

1. Сөз арқылы мұғалім оқушылардың бақылауын басқарады: оқушылардың білімі бақылау объектісінен алынады. Мысалы, мұғалім қысқа арақашықтыққа жүгірудің кинограммасын көрсете отырып, оқушылардың назарын жүгірушінің жеке дене бөліктеріне аударады. Соның барысында мұғалім сұрақты оқушылардың маңызды қимыл сәттерін бөліп алып, өздері орындау техникасының талаптарын анықтай білуіне ықпал ету арқылы қояды. «Қараңыздаршы, жүгіру кезінде спортшының денесі мен басы қандай қалыпта болады. Ол мықындармен қалай алып жүреді және аяғын түсірген кезде табанының қай бөлігімен жерді басады? Тебілудің соңында аяқтың қалпы қандай болу қажет?».

2. Сөз арқылы мұғалім оқушылардың көрнекі объектілерді бақылауы және олардың білімдері негізінде түсінуге және қабылдау үдерісінде «көріне қоймайтын» құбылыстардың байланысын анықтауына алып келеді. Дене тәрбиесі сабағында 5-ші сынып оқушыларына лақтыру техникасын түсіндіру үшін жіпке байланған ауыр зат қолданылады. Лақтыру жылдамдығы мен жіптің ұзындығын өзгерте отырып, мұғалім

заттың ұшу алыстығындағы айырмашылықты көрсетеді. Нәтижесінде, оқушылар ұшудың алыстығына айналу жылдамдығы мен жіптің ұзындық қатынасы ықпал ететіні жайлы қорытынды шығарады. Мұғалімнің бағыттаушы сұрақтарының көмегімен анықталған қорытынды оқушыларға лақтыру кезінде қолдың қимылдарын негіздеуге көмектеседі және де оның шынтақ буынында қатты бүгудің ұтымсыздығы жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

3. Негізгі мәліметтерді оқушылар мұғалімнің сөздік ақпараттарынан алады, ал көрнекі құралдар болса оларды нақтылайды және дәлелдейді. Осылайша, жаттығуды түсіндіру оны көрсетумен және сурет арқылы баяндаумен орындалады.

4. Сөз арқылы мұғалім бақылау барысында көріне қоймайтын жеке мәліметтерді қорытындылайды немесе нақтылайды.

Дене тәрбиесі және спорт сабақтарында қандай сөздер мен көрнекіліктер арақатынасы жиі қолданылады?

1. Жаңа қимылды меңгеру кезінде мұғалім алдымен оны түсіндіреді, сонан соң қандай да бір көрнекілік тәсілдерімен түсіндірілген ұғымдарды дәлелдейді және нақтылайды.

2. Қимылды үйрену кезінде мұғалім оны өзі көрсетеді немесе оқушылардың біреуіне ұсынады, содан соң түсіндіреді.

3. Барлығы бірге жаттығуды орындайды және мұғалім оны түсіндіреді. Өзінің ескертулерімен мұғалім оқушылардың назарын аударады.

4. Сөздік-бейнелік салыстырудың көмегімен оқушылардың алған түсініктеріне сүйене отырып, мұғалім олардың жаңа байланыстарды, қимыл компоненттерін және т.б. түсінуіне көмек береді.

Оқытудың беріктілік принципі. Беріктілік принципі оқушыларды есте ұзақ сақталатын, жылдам әрі нақты еске түсетін және де тәжірибеде іскер қолданылатын білімдер, іскерліктер және дағдылармен қарулану қажеттілігін зерттейді.

Қазіргі мектеп оқушылардың ғылым негіздерін жүйелі және берік меңгеруді қамтамасыз етуі қажет. Мұғалім осы беріктікті қамтамасыз ететін арнайы тәсілдер мен әдістерді білуі шарт.

Оқыту үдерісінде оқушылардың меңгеру беріктілігі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қайталаудың бірнеше түрлерін қолданады.

Ағымдық қайталау немесе алғашқы бекіту оқушылардың қазір ғана меңгерілген білімдерін тікелей қайта жаңғыртуын, яғни меңгерілген түсініктер мен ұғымдардың жоғалып қалуының алдын-алу болып табылады.

Жалтылама қайталау кең ауқымды жалпылауды қолдануға мүмкіндік береді. Тақырыпты толық өткеннен кейін жалпы қорытындылар жасалады, оқу материалының бөліктері арасында байланыстар орнығады, білімдер жүйеге келтіріледі.

Нақтылы қайталау меңгеруге қажетті негізгі идеяны бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай қайталаулар тоқсанның аяғында, жылдың аяғында да жүргізіле береді.

Барлық аталған қайталаудың түрлерін қолдану оқушылардың меңгерген білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының тұрақтылығын қамтамасыз етуі қажет.

Оқушылардың жұмыс істеу ерекшеліктеріне байланысты қайталаудың екі түрі бар – енжар және белсенді.

Енжар қайталау кезінде оқушы алдында қабылдаған материалды қайталап қабылдайды: көргенін қайта көреді, естігенін қайта естиді. Бұл қайталау түйсіну іздерінің тереңдей түсуіне ықпал етеді.

Белсенді қайталау барысында оқушы сыртқы ортадан құбылыстар мен заттарды қабылдамастан, бұрынғы қабылдаудағы түсініктерді қайта жаңғыртады, яғни ойы мен есте сақтау үдерісіне күш салады. Оқыту үдерісінде қайталаудың осы түріне үлкен мән беріледі.

Қайталау жүйелі түрде және дер кезінде жүргізілуі қажет, оның үдерісіне әртүрлілік енгізу, негізгі нәрсеге назар аудару, түсініксіздік пен қателіктерді дер кезінде жойып отыру, жинақталған білімдер мен олардың сәйкес іскерліктер және дағдылармен байланысын тереңдетіп отыру қажет. Әрекеттік құрал ретінде жаттығу қолданылады, яғни әрекеттерді бірнеше рет қайталау.

Бір ескертетін жайт, оқытудың барлық принциптері бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Білімді *саналы* әрі белсенді меңгеруге *көрнекілік* көмек береді. Санамен өңделген, тілмен мәнерлі және дұрыс мазмұндалған ақпарат берік меңгеріледі. Оқушыларға *түсінікті* нәрсе ғана *саналы* түрде меңгеріледі, яғни жас және жеке ерекшеліктерге сай сонымен қатар оқушылардың даярлану деңгейіне де сай келуі қажет. *Жүйеленген білім* неғұрлым берік меңгеріледі.

6. ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

6.1 Оқыту әдістері туралы түсінік

Оқыту әдісі (грек тілінен аударғанда «жол» деген мағынаны береді) – оқытудың мақсатына жетуге бағытталған педагог пен оқушының реттелген іс-әрекеті. Оқыту әдістері дегенде (дидактикалық әдістер) білім беру міндеттерін шешу жолдардың, мақсатқа жету тәсілдерінің жиынтығымен түсіндіреді. Педагогикалық әдебиеттерде әдіс ұғымын тек мұғалімнің, не болмаса тек оқушының іс-әрекетімен байланыстырады. Бірінші жағдайда оқыту әдістері жайлы сөз қозғау орынды. Ал екінші жағдайда – оқу әдістері. Ал егер мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекеті айтылатын болса, онда, әрине, оқыту әдістері орын алады.

Оқыту әдістерінің құрылымында тәсілдер деген ұғым бар. Тәсіл – дегеніміз әдістің элементі, құрамдас бөлігі, бір реттік әрекеті, әдісті жүзеге асырудағы жеке қадам немесе әдістің қарапайым құрылымы кезінде оның модификациясы болып табылады.

Оқыту әдісі – күрделі, көп өлшемді, көп сапалы құрылым. Егер біз оның кеңістіктік моделін жасайтын болсақ, онда әртүрлі түске боялатын мөлдір кристаллды көретін едік. Дәл осындай үлгіні қазіргі ЭЕМ-лар әдістің көрнекі моделін ұсынады. Оқыту әдісінде объективті заңдылықтар, мақсаттар, мазмұны, принциптер, оқыту формалары бейнесін табады. Әдістің басқа да дидактика категорияларымен байланысы кері байланыста орындалады: мақсаттар, мазмұнға, оқыту формасына тікелей қатысты бола отырып, әдіс осы категориялардың қалыптасуы мен дамуына қатты ықпал етеді. Мақсаттар да, мазмұны да, не жұмыс формалары да олардың практикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру ерекшелігін ескерместен, ендіріле алмайды, осындай мүмкіндікті әдістер қамтиды. Сонымен қатар олар дидактикалық жүйенің даму қарқынын береді – қолданылған әдіс қаншалықты алға жылжығуға мүмкіндік берсе, оқыту соншалықты алға жылдам дамиды.

Оқыту құрылымында ең бірінші объективті және субъективті бөлімдер ажыратылады. *Объективті бөлім* барлық әдістерге тән міндетті нұсқаулар мен ережелерді қамтиды. Оның мазмұнында барлық дидактикалық нұсқаулар, заңдар мен заңдылықтардың, принциптер мен ережелердің талаптары, сонымен қатар, мақсаттардың, мазмұнның оқу іс-әрекетінің формалары да бейнеленеді. *Әдістің субъективті бөлімі* педагог тұлғасымен, оқушылардың ерекшеліктерімен нақты шарттармен байланысты болады. Әдістегі объективті мен субъективтінің арасындағы қатынас өте күрделі және әлі де шешімін таппаған мәселе. Бұл мәселе бойынша пікірлер көлемі өте кең: әдісті таза объективті құрылым ретінде

түсінуден бастап, толығымен педагогтың жеке туындысы ретінде қабылдауға дейін. Шындық, әдеттегідей шекара арасында тұр. Дәл әдістегі объективті бөлімнің болуы дидактика өкілдеріне әдістер теориясын жасауға, тәжірибедегі ыңғайлы жолды ұсынуға, сонымен қатар логикалық таңдау жасауға, әдістердің оптимизациясына назар аударуға мүмкіндік береді. Әдістерді қолдану барысында мұғалімнің жеке шығармашылығы да көрінетіні, олардың жеке шеберлігінің көрінісі ретінде түсіндірілетіні ақиқат, сол себепті де оқыту әдістері әрдайым жоғары педагогикалық өнердің саласы болып қалады.

6.2 Оқыту әдістерінің классификациясы

Көп өлшемді құрылым ретінде әдістің бірнеше жақтары бар. Олардың әр қайсысы бойынша әдісті жүйеге топтастыруға болады. Осыған байланысты әдістердің жіктелуі анықталады, олардың мазмұнында әдістер бір немесе бірнеше қасиеттер негізінде біріктіріледі. Осыдан туындайтын сұрақ – қандай да бір жіктеменің қаншалықты мақсатты орындалатынында. Ойдан шығарылған, жасанды құрылымдар әдістердің теориясын тек тұмшалайды, мұғалімдерге қажетсіз қиындықтар туындайды. Тек оқыту тәжірибесімен сәйкестендіріліп, оны тиімді қолдануға негіз бола алатын жіктеме үлгісі ғана жақсы жіктеме деп таңдала алады.

Оқыту әдістерінің жіктелуі – бұл олардың нақты бір белгі бойынша реттелген жүйесі. Қазіргі таңда оқыту әдістерінің оншақты жіктелуі анықталған. Дегенмен, қазіргі дидактикалық ой-пікірлердің мазмұны бойынша бірыңғай және өзгермес әдістер номенклатурасын орнату дұрыс ұмтылыс емес, деп шешеді. Оқыту - өте қозғалмалы, диалектикалық үдеріс. Осы қозғалмалылықты, өзгермелілікті ескеріп, бейнелеп отыру үшін әдістер жүйесі динамикалық болуы қажет.

Оқыту әдістерінің неғұрлым негізделген жіктелуінің мәні мен ерекшеліктерін қарастырып көрейік.

1. Оқыту әдістерінің дәстүрлі жіктелуі, ерте философиялық және педагогикалық жүйеден бастау алатын және қазіргі жағдайға нақтыланған. Олардың құрамына енетін әдістердің ортақ белгісі ретінде білім көзі қарастырылады. Мұндай білім көздерінің үш түрі белгілі: тәжірибе, көрнекілік, сөз. Мәдени даму нәтижесінде оларға тағы бір түрі – кітап қосылды, ал соңғы онжылдықта қағазсыз ақпарат тасымалдаушы – таспаға басу орын алып жатыр. Бұл жіктемеде бес әдіс қолданылады: тәжірибелік, көрнекі, кітаппен жұмыс, таспа әдісі (кесте №2). Осы аталған барлық әдістердің модификациясы бар.

2. Қолданылу мақсатына қарай әдістердің (М.А.Данилов, Б.П.Есипов) жіктелуі. Жіктеменің жалпы белгісі ретінде оқыту үдерісінің өту кезеңдері қарастырылады. Келесі әдістер жіктеледі:

- Білімдерді меңгеру;
- Іскерліктер мен дағдылардың қалыптасуы;
- Білімдерді қолдану;
- Шығармашылық іс-әрекет;
- Бекіту;
- Білімдер, іскерліктер мен дағдыларды тексеру.

Әдістер жіктелуі оқыту сабақтарын ұйымдастырудың классикалық сызба-нұсқасына сәйкес келетінін және де мұғалімдерге оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыруға және әдістер жіктелуін қарапайымдылауға мүмкіндік беруге бағытталған.

Кесте №2

Оқыту әдістерінің дәстүрлі жіктелуі

Оқыту әдістері				
Тәжірибелік -тәжірибе -жаттығу -оқыту- өндірістік еңбек	Көрнекі Иллюстрация Демонстрация Бақылау	Сөздік Түсіндіру Талқылау Мазмұндау Өңгімелеу Дәріс Дискуссия Диспут	Кітаппен жұмыс Оқу Зерттеу Рефераттау Цитаталау Мазмұндау Конспектiлеу	Таспа әдісі Көріп шығу Оқыту

3. Танымдық іс-әрекеттің түрі бойынша әдістерді жіктеу (И.Я.Лернер, М.И.Скаткин). Танымдық іс-әрекет түрі – оқушылардың мұғалім ұсынған сызба-нұсқа бойынша жұмыс істеу арқылы оқушылардың танымдық іс-әрекетінің өз бетінше даму деңгейі. Бұл сипаттама оқушылардың ой белсенділігінің бізге таныс деңгейлерімен байланысты болады. Бұл жіктемеде келесі әдістер ажыратылады:

- Түсіндірмелі-иллюстрациялық (ақпараттық - рецептивті);
- Репродуктивті;
- Мәселелік мазмұндама;
- Бөліктік-ізденістік (эвристикалық);
- Зерттеуші.

Егер, мысалы, мұғаліммен ұйымдастырылған танымдық іс-әрекет тек даяр білімдер мен олардың қатесіз қайта жаңғыртылуына ғана алып келетін болса, онда мұнда ой белсенділігінің төмен деңгейі мен оған сәйкес оқытудың репродуктивті әдісі қолданылады. Оқушылардың ойлауының белсенділігінің жоғары деңгейі кезінде, білімдер оқушылардың өзіндік шығармашылық танымдық еңбегі нәтижесінде алынса, онда эвристикалық немесе одан да жоғары – оқытудың зерттеуші әдісі орын алады.

Берілген жіктеме қолдау тауып, кең тарай бастады. Оның мазмұнында анықталған әдістердің мәнін қарастырып көрелік.

Ақпараттық-рецептивті әдістің мәні оның келесі белгілері бойынша көрінеді:

- 1) білімдер оқушыларға «дайын» күйінде ұсынылады;
- 2) мұғалім бұл білімдерді қабылдауды түрлі тәсілдермен ұйымдастырады;
- 3) оқушылар қабылдауды және білімдерді түсінуді ұйымдастырады, оларды өз есінде бекітеді.

Қабылдау кезінде ақпараттың барлық көздері (сөздер, көрнекілік және т.б.) қолданылады, мазмұндау логикасы индуктивті және дедуктивті жолмен дами алады. Мұғалімнің жетекші іс-әрекеті білімдерді қабылдауды ұйымдастырумен шектеледі.

Оқытудың репродуктивті әдісінде келесі белгілер анықталады:

- 1) білімдер оқушыларға «дайын» түрінде ұсынылады;
- 2) мұғалім білімдерді тек жариялап қана қоймай, сонымен қатар оларды түсіндіреді;
- 3) оқушылар саналы түрде білімдерді меңгереді, оларды түсінеді және есте сақтайды. Меңгеру критерий ретінде білімдерді дұрыс қайта жаңғырту болып табылады;
- 4) меңгерудің қажетті беріктігі білімдерді бірнеше рет қайталау жолымен қамтамасыз етіледі.

Бұл әдістің басты артықшылығы - оның үнемділігінде. Ол қысқа уақыт ішінде және ешқандай күш салмастан білімдер мен іскерліктердің ауқымды көлемін меңгеруге мүмкіндік жасайды. Бірнеше рет қайталану арқылы білімдердің беріктілігі мәнді орын алатын еді.

Адамзат іс-әрекеті репродуктивті, орындаушы немесе шығармашылық болып келеді. Репродуктивті іс-әрекет шығармашылықтан асып түседі, бірақ оны үнемі қолдануға болмайды. Бұл әдіс басқа әдістермен сәйкестендірілуі қажет.

Мәселелік мазмұндау әдісі орындаушыдан шығармашылық іс-әрекетке өтпелі болып келеді. Оқытудың белгілі бір кезеңінде оқушылар өз бетінше мәселелерді шеше алмайды, сол себепті де мұғалім мәселені

зерттеу жолын басынан аяғына дейін түсіндіріп береді. Оқушылар бұл кезде қатысушы емес, тек ойлау әрекетін бақылаушы ғана бола отырып, олар танымдық шешімдер қабылдауда жақсы сабақ алады.

Оқытудың бөліктік-ізденістік (эвристикалық) әдісінің мәні оның келесі белгілерінде көрінеді:

1) білімдер оқушыларға «дайын» түрінде ұсынылмайды, оларды өз бетінше табу қажет;

2) мұғалім білімдерді жариялау немесе мазмұндау емес, керісінше жаңа білімдерді түрлі әдіс-тәсілдер арқылы іздестіруді ұйымдастырады;

3) оқушылар мұғалімнің жетекшілігімен өз бетінше талқылайды, танымдық сұрақтарды шешеді, мәселелік жағдаяттарды жасайды және шешімнің табады, талдайды, салыстырады, жалпылайды, қорытынды шығарады және т.б., нәтижесінде оларда саналы түрде берік білімдер қалыптасады.

Әдістің бөліктік-ізденістік деп аталу себебі, оқушылар оның барысында күрделі оқу мәселесін басынан аяғына дейін өз бетінше шеше алмайды. Сондықтан оқу іс-әрекеті келесі сызба-нұсқа арқылы дамиды: мұғалім-оқушылар-мұғалім-оқушылар және т.с.с. Білімдердің бір бөлімін мұғалім береді, екінші бір бөлімін оқушылар қойылған сұрақтарға жауап беру немесе мәселелік тапсырмаларды шешу арқылы өз бетінше іздестіреді. Бұл әдістің өзгермелі түріне эвристикалық әнгіме әдісін жақытуға болады.

Оқытудың зерттеуші әдісінің мәні төмендегідей:

1) мұғалім оқушылармен бірге мәселені құрады, оны шешуге оқу уақытының бір бөлігі арналады;

2) білімдер оқушыларға жарияланбайды. Оқушылар оларды мәселені шешу барысында алынған жауаптардың бірнеше нұсқасын салыстыру арқылы өз бетінше табады. Нәтижеге жету тәсілдерін оқушылардың өздері анықтайды;

3) мұғалімнің іс-әрекеті мәселелерді шешу үдерісін оперативті басқаруға жүктеледі;

4) оқу үдерісі үлкен қарқындылықпен сипатталады, үйрету жоғары қызығушылықпен бірге жүреді, алынған білімдер тереңділікпен, беріктілікпен, әрекеттілікпен ерекшелінеді.

Оқытудың зерттеушілік әдіс білімдердің шығармашылық меңгерілуін қарастырады. Оның кемшіліктері – уақытты және мұғалімдер мен оқушылардың күшін көп жұмсау. Зерттеушілік әдісті қолдану педагогикалық біліктіліктің жоғары деңгейін талап етеді.

4. Дидактикалық мақсаттар бойынша оқыту әдістерінің екі тобы анықталады:

1) оқу материалын алғашқы меңгеруді қамтамасыз ететін әдістер;

2) меңгерілген білімдерді бекітуге және жетілдіруге ықпал етуші әдістер (Г.И.Щукина, И.Г.Огородников және т.б.).

6.3 Оқыту әдістерінің мәні және мазмұны

Әңгіме ауызша мазмұндаудың сөздік әдістеріне жатады. Бұл әдістің жетекші қызметі – оқытушы. Қосымша қызметтері – дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы және бақылаушы-түзетуші. Әңгіме – бұл білімдерді ретімен, жүйелі, түсінікті және эмоциялық түрде ұсыну арқылы оқу материалын монологтық мазмұндау. Бұл әдіс көбінде бастауыш сынып оқушыларына қолданылады.

Мақсатына қарай әңгіменің бірнеше түрі ажыратылады: *кіріспе әңгіме, нақтылау әңгіме, қорытынды әңгіме*. Біріншінің мақсаты-оқушыларды жаңа материалды меңгеруге даярлау, екіншісі белгіленген мазмұнды ұсынуға, ал үшіншісі – оқытудың бөлігін қорытындылайды.

Бұл әдістің тиімділігі ең алдымен мұғалімнің әңгімелеу шеберлігіне, сонымен қатар, мұғалім қолданатын сөздер мен сөз тіркестері қаншалықты оқушыларға түсінікті және де олардың даму деңгейіне сәйкес келеді ме жоқ па соған да байланысты. Сол себепті де әңгіменің мазмұны оқушылардың тәжірибесіне сүйене отырып, оны бірте-бірте кеңейте және жаңа элементтермен толықтырып отыруы қажет. Әңгіме оқушылар үшін байланыстық, логикалық, дәлелдемелі сөздерді құруды, өз ойларын сауатты түрде жеткізе білуіне үлгі ретінде қызмет атқарады.

Әңгімеге дайындала келе, мұғалім жоспар құрады, қажетті материалды, сонымен қатар әдістемелік тәсілдерді таңдайды. Басқаларына қарағанда есте сақтауды жылдамдату және жеңілдету үшін мнемоникалық тәсілдер, логикалық салыстыру тәсілдері, сәйкестендіру, түйіндеу жиі қолданылады. Әңгімелеу барысында негізгі нәрсе айқындалады және нақтыланады. Әңгіме қысқа әрі икемді болуы шарт (10 мин дейін), жағымды эмоциялық фонда қолданылуы қажет. Әңгіме тиімділігі оның басқа әдістермен үйлесуіне байланысты – иллюстрация, (бастауыш сыныпта), талқылау (орта және жоғары буында), сонымен қатар – мұғалімнің таңдаған орны мен уақытына да байланысты.

Пікірлесу дидактикалық жұмыстың көне әдістері болып табылады. Оны кезінде Сократ өте шебер қолдана білген. Бұл әдістің жетекші қызметі-ынталандырушы, бірақ ол басқа да қызметтерді орындай алады. Осындай жан-жақты және барлық қатынаста тиімді болатын әдіс жоқтың қасы. Пікірлесудің мәні мақсатқа бағытталған және іскер қойылған сұрақтардың көмегімен, оқушыларды өздеріне таныс білімдерді өзектендіруге және де өз бетінше ойлау, қорытынды жасау және жалпылау арқылы жаңа білімдерді меңгеруіне ықпал ету. әңгіме оқушыға

мұғалімнің ойымен бірге жүруге мүмкіндік береді, нәтижесінде оқушылар жаңа білімдерді меңгеру үшін қадамдап басып отырады. Пікірлесудің тағы бір артықшылығы оның ойлауды белсендендіруінде, меңгерілген білімдерді және іскерліктерді диагностикалау құралы ретінде қолданылады, оқушылардың танымдық күшін дамытуға ықпал етеді, таным үдерісін оперативті басқаруға жағдай жасайды. Пікірлесудің сонымен қатар, тәрбиелік мәні де зор.

Кейбір дидактикалық жүйелерде пікірлесу оқытудың жетекші әдісі деңгейіне дейін көтерілген болатын. Бірақ, оның көмегімен барлық дидактикалық мақсаттарға жету мүмкін емес. Егер оқушылардың қосымша түсініктер мен ұғымдар қоры болмаса, онда пікірлесудің тиімділігі аз болады. Сол себепті де ол әмбебап әдіс бола алмайды, міндетті түрде білімдер жүйесін қалыптастырушы мазмұнмен, дәріспен, басқа да әдістермен үйлесе қолданылуы қажет. Сонымен бірге, пікірлесу оқушыларға тәжірибелік іскерліктер мен дағдыларды қамтамасыз ете алмайды, олардың қалыптасуына қажетті жаттығуларды орындауға мүмкіндік бермейді.

Бір ескертетін жайт, пікірлесуде басқа да оқыту әдістеріндегідей индуктивті және дедуктивті жолмен таным дамиды. Дедуктивті пікірлесу оқушыларға таныс ортақ ережелер, принциптер, ұғымдар, талдау арқылы жасалады. Индуктивті пікірлесу кезінде жеке фактілер, ұғымдар, және олардың талдануы нәтижесінде ортақ қорытындылар жасалады.

Қазіргі таңдағы ғылым пікірлесу төмендегі жағдайларда тиімді болады деп шешті:

- оқушылардың сабақта жұмыс істеуге даярлығы;
- олардың жаңа материалмен таныс болуы;
- білімдердің жүйеленуі мен бекітілуі;
- білімдерді меңгерудің ағымдық бақылануы және диагностикасы.

Пікірлесуді жіктеудің бірнеше тәсілдері ұсынылған. Мақсатына қарай пікірлесулер төмендегідей бөлінеді: 1) кіріспе және ұйымдастырушы; 2) жаңа білімдерді жариялау (сократтық, эвристикалық және т.с.с.) 3) жинақтаушы немесе бекітуші; 4) бақылаушы-түзетуші.

Кіріспе пікірлесу әдетте оқу жұмысының алдында жүргізіледі. Оның мақсаты – оқушылар күтіп тұрған жұмыстың мәнін дұрыс түсінгенін не түсінбегенін анықтау. Экскурсия, лабораториялық және практикалық сабақ кезінде жаңа материалды меңгеруде осындай пікірлесулер маңызды нәтиже береді.

Нақтылау пікірлесу жаңа білімдер көбінде сұрақтық – жауаптық болып келеді, сократтық, эвристикалық болып келеді. Кез-келген пікірлесу білімдерге қызығушылық қалыптастырады, танымдық іс-әрекетке талғамды тәрбиелейді. Қазіргі мектептерде эвристикалық

пікірлесу жиі қолданылады. Мұғалім іскер сұрақтарды қоя отырып, оқушыларды ойлауға, шындықты ашуға қарай жол жүруді білдіреді. Сол себепті де эвристикалық пікірлесу кезінде оқушылар білімдерді өз күштерімен, ойлау әрекетімен жүзеге асады.

Жинақтаушы немесе бекітуші пікірлесу оқушылардың білімдерін жалпылау және жүйелендіру үшін, ал бақылаушы-түзетуші пікірлесу диагностикалық мақсатта, сонымен қатар, оқушылардың білімдерін жаңа фактілермен немесе нұсқаулармен толықтыруды, дамытуды, нақтылауды қажет еткен жағдайда қолданылады.

Тиімді пікірлесуді жүзеге асыру үшін мұғалімнің тиянақты дайындығы қажет болады. Педагог пікірлесу тақырыптарын, оның мақсатын нақты анықтап, жоспар-конспект құрып, көрнекі құралдар тандап, пікірлесу барысында туындайтын негізгі және көмекші сұрақтарды құрастырып, оны ұйымдастыру және жүргізу әдістемесін ойластырып алуы қажет.

Сұрақтарды дұрыс құрастыру және қою өте маңызды. Олар өзара логикалық байланысқан және қарастырылатын сұрақтың мәнін ашатын, білімдерді жүйелік түрде меңгеруге ықпал ете алатындай болуы шарт. Мазмұны және түріне қарай сұрақтар оқушылардың даму деңгейіне сәйкес болуы қажет. Жеңіл сұрақтар белсенді таным әрекетін, танымға қатаң қатынасты ынталандыра алмайды. Сонымен қатар, дайын жауаптарды мазмұндайтын «көмек беруші» сұрақтарды қоюға болмайды.

Оқытудың сұрақ-жауаптық техникасын жүзеге асыру өте маңызды. Әр сұрақ барлық сыныпқа қойылады. Біраз үзілістен кейін оқушы жауап беруге шақырылады. Жауабын «дауыстап» айтатын оқушыларды марапаттаудың қажеті жоқ. Үлгермеуші оқушыларға жиі сұрақтар қойып, басқаларға қате жауаптарды түзеруге мүмкіндік беру қажет. Ұзақ немесе «екі жақты» сұрақтар қойылады. Егер оқушылардың ешқайсысы да сұраққа жауап бере алмаса, оны қайта құрастырып, бөлікке бөліп, сілтеуші сұрақтар қою қажет. Сілтеме сөздерді, сөз тіркестерін, бастапқы әріптерін келтіріп қиналмастан жауап беруге мүмкіндік жасаудың қажеті жоқ.

Пікірлесудің тиімді болуы сыныппен қатынасқа байланысты болады. Барлық оқушылар пікірлесуге қатысып отыруын, сұрақтарды мұқият тыңдауын, жауаптарын ойластыруын, өз жолдастарының жауаптарына талдау жасауын, өз ойларын айтуға ұмтылыс жасауын қадағалау қажет. Әрбір жауап мұқият тыңдалады. Дұрыс жауаптар мақұлданады, қате немесе толық емес жауаптар – нақтыланады, сыналады. Қате жауап берген оқушыға қатесін өзі табуға мүмкіндік береді, ал егер мұны орындай алмаса, сонда ғана жолдастарынан көмек сұрайды. Мұғалімнің рұқсатымен оқушылар бір-біріне сұрақ қоя алады, егер мұғалім

сұрақтардың танымдық құндылығы жоқ екенін білсе, онда бұл сабақты тоқтату қажет.

Мұғалім пікірлесу – оқытудың үнемсіз және күрделі әдіс екенін білуі шарт. Ол ұзақ уақытты, күш салуды, сәйкес жағдайларды, сонымен қатар, педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейін талап етеді. Пікірлесуді таңдаған кезде оны дұрыс жүзеге асыру үшін мұғалім өз мүмкіндіктерін, оқушылардың мүмкіндіктерін ескеруі қажет.

Дәріс басқа сөздік мазмұндау әдістеріне қарағанда төмендегі белгілермен ерекшелінеді: а) қатаң құрылымымен; б) оқу материалын логикалық мазмұндау; в) ақпараттың көлемімен; г) білімдерді меңгерудің жүйелік сипатымен. Мектептегі дәрістің пәні ретінде себеп-салдарлы байланыстар мен тәуелділіктері бар күрделі жүйелердің, құбылыстардың, нысаналардың, үдерістерді сипаттау болып табылады. Демек, дәрісті тек жоғары сыныптарда қолдану тиімді, өйткені осы жас кезеңінде оқушылар дәрістің материалын қабылдауға және түсінуге даяр болады. Көлемі жағынан дәріс бір сабаққа созылады, ал кейде «қатарлас» сабақ түрінде де жүргізіледі. Дәрістік әдіс біртіндеп енгізіледі, түсіндірмелер мен пікірлесуден жоғары қарай қарқынды дамиды. Мектеп дәрісінің тиімділік шарттарына келесілер жатады:

- Мұғалімнің дәріс жоспарын құруы;
- Оқушыларға жоспарды, тақырыпты, дәрістің мақсаты мен міндеттерін таныстыру;
- Жоспардың барлық бөлімдерін логикалық және кезектестік тұрғыдан мазмұндау;
- Жоспардың әр бөлімін мазмұндаудан кейін қысқаша жалпылама қорытынды жасау;
- Дәрістің бір бөлімінен екіншісіне өту кезінде логикалық байланыстар;
 - Мазмұндаудың мәселелігі және эмоциялығы;
 - Белсенді тіл, мысалдарды, салыстыруларды, айқын дәлелдерді дер кезінде келтіру;
 - Аудиториялармен қатынас, оқушылардың ой әрекетін икемді басқару;
- Дәрістердің маңызды нұсқауларын жан-жақты ашу;
- Оқушылар дәрістің негізгі нұсқауларын жазып алуға мүмкіндік беретін мазмұндаудың тиімді ырғағы;
 - Жазып алуға қажетті ақпараттарды бөліп көрсету;
 - Меңгерілетін нұсқаулықтарды қабылдау мен түсінуді жеңілдететін көрнекіліктерді қолдану (демонстрация, иллюстрация, бейне-таспа);
 - Жеке нұсқаулықтар қарастырылатын мәселелерге қатысты семинар, практикалық сабақтарды дәрістермен байланыстыру.

Дәріс оқу уақытын үнемдейді, ақпарат мазмұнын қабылдау көрсеткіші бойынша тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Оқудағы пікір-талас басқа әдістерге қараған мектеп жағдайына біртіндеп еніп келе жатыр. Ол батыстық мемлекеттердің оқу орындарында бұрыннан және сәтті қолданылуда және де оқу міндеттерін шешуде жақсы нәтижемен қамтамасыз етеді. Бұл әдістің мәні нақты мәселе бойынша пікір алмасу болып табылады. Пікір-талас арқылы оқушылар жаңа білімдердерді меңгереді, өз пікірлерін нақтылайды, оны қорғай білуді үйренеді. Оқудағы пікір-таластың басты қызметі – танымдық қызығушылықты ынталандыру; көмекші қызметтерге оқытушы, дамытушы және бақылаушы-түзетуші болып табылады.

Оқудағы пікір-талас тиімділігінің маңызды шарты-оқушылардың мазмұндық, ресми қатынаста алдын-ала және негізгі даярлануы. Мазмұндық даярлық қарастырылатын пікір-талас тақырыбы бойынша қажетті білімдерді жинақтау, ресми даярлық – осы білімдерді мазмұндау түрлерін таңдау негізінде жүзеге асады. Білімсіз пікір-талас пәнсіз, мазмұнсыз және нақты емес болады, ал ойын жеткізе білу, қарсыластарды сендіру іскерлігінсіз – ол шатастырылған, қарама-қайшы және тартымсыз сипат алады. Сол себепті де мұғалім оқушыларда өз ойларын анық және нақты жеткізе алу, сұрақтарды нақты және бірыңғай құрастыру, нақты дәлелдерді келтіру және т.б. сияқты іскерліктерінің дамуына жағдай жасауы қажет.

Пікір-талас тек гуманитарлық пәндерді – тарих, қоғамтану, этика, әдебиет, өнер, психология, педагогиканы меңгеруде ғана қолданылады деген қате пікір. Бұл әдіс жеткілікті тиімділікпен физика, химия, биология, басқа да пәндерде қолданыла алады. Бұл жағдайда оқудағы пікір-талас танымдық дау-дамай сипатын алады. Оқушыларға, мысалы, физиканың жеке бөлшектерін жіктеудің әртүрлі жіктемелерінің бағыттарын салыстыру ұсынылады, биологиядағы акселерация құбылысы пайда болуының түрлі концепцияларын, география сабағында Жер бетінде климаттың өзгеру себептеріне қатысты пікірлерді қолдау немесе жоққа шығару және т.б. Әрине, оқушылар қандай да бір көзқарас әділдігі турасында қорытынды шешім айтады деп күту мүмкін емес. Бірақ дау-дамай мәселеге қатысты қызығушылық, оны тереңірек зерттеуге ықылас туындатады.

Пікір-талас оқушыларға таныс материалдың мазмұнын толықтыра түседі, оны реттеуге және бекітуге мүмкіндік береді. Мұғалімге олар оқушылардың білімдер жүйесінің тереңдігі жайлы, ойлау ерекшеліктері жайлы ақпарат береді, кейінгі жұмыстың бағытын көрсетеді. Пікір-талас тәрбиелік жағынан да пайдасы зор. Олардың көмегімен тек мінез, темперамент, ес, ойлау ерекшеліктері оңай анықтала қоймайды, сонымен

катар оқушылардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасындағы кемшіліктер түзетіледі (ашушандық, ұстамсыздық, серіктесіне сыйластықтың болмауы және т.б.).

Пікір-талас элементтері орта буында тәжірибеде қолданылады, ал әдістің өзі толығымен жоғары сыныптарда жүргізіледі. Оқушыларды пікір-таласты жүргізу өнеріне үйретеді.

Оқулықтармен жұмыс оқытудың маңызды әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдістің басты артықшылығы – оқушыға берілген ақпаратты өзіне ыңғайлы қарқында және уақытта бірнеше рет өңдеуден өткізу мүмкіндігі. Оқулықтар бірнеше қызметтер атқарады: оқытушы, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы, бақылаушы-түзетуші. Арнайы даярланған бағдарламалы оқулықтарды қолдану кезінде білімдер мен іскерліктерді бақылау, түзету, диагностикалау тиімді шешіледі.

Оқулықпен өз бетінше жұмыс мақсаттарына келесілерді келтіруге болады: оның құрылымымен танысу, жалпылама көріп шығу, жеке тарауларды оқып шығу, белгілі бір сұрақтарға жауап іздеу, материалды оқу, мәтіннің немесе бүкіл кітаптың үзінділерін рефераттау, мысалдар мен есептерді шығару, бақылау тестерін орындау, материалды есте сақтау. Сол себепті де бұл әдіс мақсаттарына қарай бірнеше түрге бөлінеді.

Оқулықпен жұмыс-оқушылар үшін қиын әрі күрделі әдіс. Түлектердің көбісі оны өз шамасында бәрібір де үйрене алмайды: оқи біле, олар оқығанның мғынасын түсіне бермейді. Сол себепті де бұл әдістің қолдану көлемін жалпы жүйеде арттыру қажеттілігі туындайды. Мектеп қабырғасында оқушы оқулықпен өз бетінше жұмыс істеуге даяр болуы қажет.

Осы әдістің тиімділігін анықтайтын маңызды факторлардың бірі ретінде төмендегілер қарастырылады: еркін оқу және оқығанды түсіну; меңгерілетін материалдағы бастыны көрсету; жазбаларды және құрылымды және логикалық сызба-нұсқаларды (тірек конспектілері) келтіру іскерлігі; меңгерілетін тақырып бойынша әдебиеттерді таңдау іскерлігі. Осы іскерліктердің барлығы да оқушыда біртіндеп және мақсатты түрде қалыптасады.

Ең кең тараған оқулықпен жұмыстың екі түрі бар: сабақта мұғалімнің жетекшілігімен және сабақта алынған білімдерді бекіту және кеңейту мақсатында үйде өз бетінше қолдану. Оқулықпен жұмысқа даярлай отырып, мұғалім жаңа материалды бұрын соңды өткен қандай материалмен салыстыру немесе біріктіру қажет екенін көрсетеді. Егер жұмыс сабақ барысында жүргізілетін болса, онда материалды меңгерудің барлық үдерісі жеке бөліктерге бөлінеді, оларды орындау нәтижесі бақыланады. Мәтіннің үзіндісін оқып шыққаннан кейін, оқушылар мұғалімнің нұсқауымен тоқтайды да қажетті әрекеттерді орындайды:

түсіну, есте сақтау, салыстыру, сәйкестендіру және т.б. Оқушылардың оқулықтағы мәтінмен жұмыс істеу ерекшелігі сабақта алынған білімдерді қайта жаңғыртудан басталады. Сабақта меңгерілген білімдерді оқулық мәтінімен жинақтау – оқулықпен ұтымды жұмыс атқарудың маңызды шарты. Оқулықты оқыған кезде оқушыларда есте сақтауға нұсқау берілу қажет. Сол себепті де оқушыларды оқып жатқан материалдың мазмұнын ретімен меңгеріп, оқу барысында ойша жоспар құруға үйрету маңызды. Жоспар мен оқулықтың негізгі нұсқауларын құрылымдық-логикалық сызба-нұсқа арқылы жазбаша тіркеп қою үлкен көмек береді.

Бағдарламалы оқулықтар үлкен тиімділікпен ерекшеленеді, оларда мазмұндаушы және де басқарушы ақпараттар да болады. Олармен жұмыс істей отырып, оқушылар қажетті нұсқаулар алады, қабылданған іс-әрекеттерді орындайды, ең бастысы-орындаушы әрекеттердің дұрыстығын бекітуге қол жеткізеді.

Қазіргі оқу құралдарын көлемі жағынан «тарылта» түсуде, оларды құрушылар үлкен оқу материалын қорытынды кестелерге, диаграммаларға, графиктерге, көрнекі үлгілерге, классификацияларға және т.б. сияқты шағын көлемге сыйдыруға тырысуда. Сол себепті де мұғалімдер «тығындалған» түрде берілген ақпаратты талдауға көп көңіл бөлуі қажет, оқушылардың бойында білімдерді «ашу» немесе «жаю» сияқты іскерліктерді қалыптастыру маңызды.

Материалды есте сақтауды жеңілдету үшін мұғалім оқушыларды әртүрлі ақпаратты есте сақтау ережелерімен таныстыруы, әрдайым естің дамуын бақылап отыруы, оны жетілдіруге көмек беруі қажет.

Оқулықпен жұмыс істеуді үйрету оқушыларда өзін-өзі бақылау дағдыларының қалыптасуын болжайды. Оқушы материалды білу деңгейін оны қанша рет оқығаны бойынша емес, оның мазмұнын қаншалықты саналы әрі тиянақты мазмұндай алатынына қарай айта алатын жағдайға жеткізу қажет. Бұл үшін көп уақытты оны бірнеше рет оқып шығуға емес, керісінше есте сақталғанды белсенді қайта жаңғыртуға жұмсауы қажет.

Оқулықпен жұмыс істеу әдісінің кемшіліктеріне уақыт пен күш-қуатты көп жұмсау жатады, сол себепті де бұл әдіс үнемділігі аз болып саналады. Сонымен қатар, ол оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере бермейді. Нашар жазылған оқулықтар оқыту үдерісін өз бетінше бақылау мен басқаруға қажетті материалмен қамтамасыз ете алмайды. Сол себепті де мұғалім жақсы оқулықтарды таңдап, осы әдісті басқа да әдістермен байланыстыра отырып қолдануы маңызды.

Демонстрация оқушылардың құбылыстар, үдерістер, нысаналармен олардың табиғи үлгісінде көрнекі-сезімдік танысуда жатыр. Бұл әдіс қарастырылатын құбылыстардың заңдылықтарын ашуға бағытталады, бірақ пәннің сыртқы түрімен, оның ішкі құрылымымен, ұқсас пәндер

арасында орналасу үлгісімен таныстыруда кеңінен қолданылады. Табиғи нысаналарды көрсеткен кезде ең бірінші сыртқы бейнесінен бастайды (көлемі, пішіні, түсі, бөліктері және олардың өзара байланысы және т.б.), ал содан соң ішкі құрылымына және жеке қасиеттерін сипаттауға көңіл бөледі (құрылғының қызметі және т.с.с.). көркемдік шығармалардың, киім үлгілерінің демонстрациясы толық қабылдаудан басталады. Көрсету сонымен қатар, қарастырылатын нысаналардың сызба-нұсқалық суреттемесімен бірге жүреді. Тәжірибенің анықтамасы тақтада сызба-нұсқалардың көрсетілуіне сүйенеді, тәжірибе негізінде жатқан принциптерді түсінуді жеңілдетеді.

Бұл әдіс оқушылар пәнді, үдерістерді және құбылыстарды, қажетті өлшемдерді өздері жүргізгенде, тәуелділіктерді анықтағанда ғана тиімді болады, бұл арқылы белсенді таным үдерісі жүзеге асады – заттар мен құбылыстар жайлы ұғымдардың мәні қалыптастырылады.

Демонстрацияны белсенді таным үдерісі ретінде танып білу қажет. Мәселелік немесе зерттеуші сипат алатын «белсенді демонстрация» үдерісінде оқушылардың зейіні мәнді құбылыстар мен заттарға тұрақтайды. Нәтижесінде олар жылдам, оңай және толық меңгеріледі. Демонстрация кезінде сөз негізгі рөлді алмаса да, бақылауға тірек болады және де нәтиже мен оның барысын талдауда қызмет атқарады. өз бетінше ақпаратты меңгеруді арттыру үшін оқушыларды көргенді түсіндіруге еліктіру маңызды орын алады.

Табиғи жағдайда жүретін шынайы заттар, құбылыстар және үдерістерді демонстрациялау дидактикалық құндылығы неғұрлым жоғары әдіс болып табылады. Бірақ көбінде мұндай демонстрация мүмкін емес немесе қиынырақ болады. Мұндай жағдайда жасанды ортада табиғи заттарды демонстрациялауға (мысалы, жануарларды зоопаркте), не болмаса жасанды ортада жасанды заттарды демонстрациялауға (мысалы, механизмдердің кішірейтілген көшірмесі) тура келеді. Табиғи нысаналардың жасанды көшірмелері – барлық пәндерді меңгеруде маңызды орын алады. Олар құрылыммен, әрекет ету принциптерімен танысуға мүмкіндік береді. Көптеген қазіргі үлгілер тікелей өлшемдердің мүмкіндіктерін болжайды, сонымен қатар, техникалық немесе технологиялық сипаттарын анықтайды.

Демонстрация тиімділігі нысаналарды дұрыс таңдауды, мұғалімнің оқушылар назарын мәнді жақтарына бағыттай білу, сонымен қатар, әртүрлі әдістерді дұрыс үйлестіре білу іскерлігін дамытуға жағдай жасайды. Демонстрация жасау барысы төмендегідей құрылымда орындалуы қажет:

- барлық оқушылар демонстрациялайтын затты жақсы көруі қажет;

- оны тек көзімен ғана емес, барлық сезім мүшелерімен қабылдап көруіне мүмкіндік жасалу қажет;
- нысананың маңызды жақтары оқушыларға жағымды ықпал етуі және толығымен назар аударта алатындай болуы, нысананың зерттелетін қасиеттерін өз бетінше өлшеуге мүмкіндік берілуі қажет.

Иллюстрация әдісі демонстрация әдісімен тығыз байланысты, оны отандық дидактикада жеке әрекет ететін әдіс ретінде қарастырылады. Иллюстрация әдісі бойынша қарастырылатын құбылыстар, заттар және үдерістер өздерінің символдық бейнесімен көрсетілуіне негізделеді, плакаттар, карталар, портреттер, фотосуреттер, суреттер, сызба-нұсқалар және т.с.с. қазіргі кезде көрнекі құралдарды қолдану тәжірибесі жаңалықтарға толы. Түрлі-түсті пластикалық карталар, суреттер көптеп шығарылады.

Демонстрация және иллюстрация әдістері бірлесе отырып, бірін-бірі толықтыра отырып, тығыз байланыста әрекет етеді. Үдеріс немесе құбылысты тұтас қабылдау қажет болса, демонстрация әдісі қолданылады, ал егер құбылыстардың мәнін түсіну және оның компоненттері арасындағы байланыстарды анықтау қажет болған жағдайда иллюстрация әдісі қолданылады.

Көптеген құбылыстар мен үдерістердің мәні тегіс модельдер – динамикалық және статистикалық, түрлі-түсті және ақ-қара арқылы айқындалады. Қойылған мақсат пен дидактикалық міндеттерді ескере отырып, бұл модельдерді дұрыс қолдану кезінде оқытушылар мен оқушыларға үлкен көмек көрсетеді. Олар ұғымдардың қалыптасу үдерісін жеңілдетеді. Географиялық карталар, диаграммалар, графиктер, кестелер және т.б. болмаса жылдам әрі сапалы оқытудың жүзеге асуы мүмкін емес.

Иллюстрация тиімділігі көрсету әдістемесіне байланысты болады. Көрнекі құралдарды таңдау мен иллюстрация формасын таңдау кезінде олардың дидактикалық мәнін, таным үдерісіндегі орнын және ролін жақсылап ойластырып алу маңызды. Сонымен қатар, мұғалім алдында иллюстрацияланатын материалдың тиімді көлемін анықтау мәселесі тұрады. Тәжірибенің көрсетуі бойынша, иллюстрация санының көп болуы қарастырылатын құбылыстардың мәнін анықтауға кедергі келтіреді. Иллюстрацияларды алдын-ала дайындайды, бірақ оқытуға қажетті уақытта ғана қолданылады. Жеке жағдайларда таратпалы материалды қолдануға болады (фотосуреттер, диаграммалар, кестелер және т.с.с.). Қазіргі мектеп жағдайында сапалы иллюстрацияны жүзеге асыру мақсатында экранды техникалық құралдар кең қолданылады.

Бейне әдісі. Қазіргі таңда білім беру мекемелерінің тәжірибесіне ақпаратты экрандық тәсілмен беру қызметінің қарқынды өнуіне

байланысты (кодоскоп, проектр, киноаппарат, оқу теледидары, бейнемагнитофондар, бейнеойнатушылар, сонымен қатар, дисплейлі ақпарат бейнелеуші компьютерлер) бейне әдісін оқытудың жеке әдісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бейне әдісі білімді беру әдісі ғана емес, сонымен қатар, оларды бақылау, бекіту, қайталау, жалпылау, жүйелендіру, нәтижесінде барлық дидактикалық қызметтерді тиімді орындауға жағдай жасайды. Әдіс ақпаратты көрнекі қабылдауға бағытталады. Ол білімдерді индуктивті және дедуктивті меңгеру жолдарын, оқушылардың өз бетінше және танымдық белсенділік дәрежесін анықтауға, таным үдерісін басқару тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді. Мәні бойынша, бұл әдіс жайлы емес, кешенді дидактикалық технология ретінде сөз қозғалып жатыр.

Бұл әдістің оқытушы және тәрбиелеуші қызметі көрнекі бейнелердің жоғары ықпал тиімділігімен шартталады. Көрнекі формада берілген ақпарат қабылдауға ыңғайлы болады, оңай әрі жылдам меңгеріледі. Әрине, оқушыларға қабылдауға және есте сақтауға қажетті бақылаушы жаттығулар мен тестілер берілмесе, көрнекі ақпараттың дамытушы ықпалы шамалы болады. Киноэкран және теледидар абстрактілі ойлау, шығармашылық және өз бетінше әрекет етудің дамуын ынталандыра алмайды. Кино- және телеэкран өз бетінше зерттеуге ынталандырушы ықпал етуіне қол жеткізу үшін, оқытуды арнайы ұйымдастыру қажет болады.

Бейне әдісті оқу үдерісінде қолдану келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: а) оқушыларға қарастырылатын құбылыстар мен үдерістер жайлы толық, түсінікті ақпарат беру; б) оқу үдерісінде көрнекі құралдардың орнын арттыру; в) оқушылардың сұранысын, ықыласын және қызығушылықтарын қанағаттандыру; г) мұғалімнің білімдерді, іскерліктерді бақылау және түзетумен байланысты техникалық жұмыстардың бір бөлігінен босату; д) тиімді кері байланысты орнату; е) толық және жүйелі бақылауды үлгерімнің объективті есепке алынуын ұйымдастыру.

Бейне әдістің көмегімен дидактикалық және тәрбиелеуші міндеттер шешіледі. Ол төмендегі жағдайларда пайдалы болады:

- 1) жаңа білімдерді, көбінде тікелей бақылауға мүмкін емес баяу үдерістерді (өсімдіктің өсуі, сұйықтықтың диффузиясы, таулы аймақтардың желденуі және т.б.), сонымен қатар, жылдам құбылыстардың мазмұндалуы (қатты заттардың соғылуы, заттардың кристалдануы және т.б.);
- 2) күрделі машиналар мен механизмдердің әрекет ету принциптерін заңдылықтар негізінде түсіндіру;
- 3) әртүрлі іс-әрекеттерді орындау алгоритмін оқыту;

- 4) шет тілі сабақтарында арнайы тілдік органы жасау;
- 5) бейне құжаттарды тарих, этика, қоғамтану, әдебиет сабақтарында көрсету, өмірмен байланыстыра оқытуды берік қолдану;
- 6) тестілік тапсырмаларды ұйымдастыру;
- 7) жаттықтырушы жұмыстарды, жаттығуларды, үдерістерді модельдеуді, қажетті өлшемдерді орындау:

- оқу-жаттықтырушы және зерттеуші жұмыстарды жүргізу үшін мәліметтер базасын құру;
- сыныптың әрбір оқушысының үлгерімін компьютерлік есепке алу, оқытуды ұйымдастырудың дифференцияланған бағытын жүзеге асыру;
- оқу үдерісінің өнімділігін арттыру, педагогикалық басқаруды дамыту арқылы ғылыми ақпараттың тиімді берілуі мен меңгерілуін қамтамасыз ету.

Қазіргі бейнелік ақпарат беру құралдары маңызды орындарды нақтылауға, бөліп алуға мүмкіндік береді.

Бұл әдістің тиімділігі мұғалімнің жеке шеберлігіне байланысты емес, керісінше, бейне құралдар мен қолданылатын техникалық құралдардың сапасымен тікелей байланыста болады. Бейне әдісі оқу үдерісін ұйымдастыруға үлкен талаптар қояды, ол өзіндік нақтылығымен, ойластырылғандығымен, мақсатқа бағытталуымен ерекшеленеді. Бейне әдісті қолданатын мұғалімге оқушыларды қарастырылатын мәселе шеңберіне ендіру іскерлігі, олардың іс-әрекетін бағыттап отырып, жалпылама қорытынды жасай білу, өз бетінше жұмыс істеу барысында жекелік көмек көрсету талап етіледі.

Жаттығулар практикалық әдістер арасында аса тиімділікпен ерекшеленеді. Бұл әдістің тәрбиелік мәні жайлы жоғарыда айтылған болатын. Оның маңызды дидактикалық қызметтері мен ерекшеліктеріне назар аударайық. Жаттығу – әрекеттерді меңгеру немесе сапасын арттыру мақсатында жоспарлы ұйымдасқан қайталама әрекеттерді орындауды бейнелейтін оқыту әдісі болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылмаған жаттығуларсыз оқу және тәжірибелік іскерліктер мен дағдыларды меңгеру мүмкін емес. Біртіндеп және жүйелі түрде жаттығу оның салдары – бекітуші дағдылар - сияқты тиімді және өнімді еңбектің сенімді құралы болып табылады. Оның негізгі артықшылығы, іскерліктер мен дағдылардың тиімді қалыптасуын қамтамасыз етеді, ал кемшілігі – ынталандырушы қызметтің әлсіз орындалуы.

Арнайы, өндірістік және комментариялық жаттығуларды бөліп қарастырады. *Арнайы жаттығулар* дегеніміз оқу, еңбек іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуына бағытталған бірнеше рет қайталанатын

жаттығулар аталады. Егер арнайы жаттығуларға бұрын қолданылған жаттығулар ендірілсе, онда оларды *өндірістік* деп атайды. Өндірістік жаттығулар бұрын қалыптасқан дағдыларды қайталау мен бекітуге ықпал етеді. Өндірістік жаттығуларсыз дағды ұмытылады. Комментарийлік жаттығулар оқу үдерісін белсендендіруге ықпал етеді, оқу тапсырмаларын саналы түрде орындауға мүмкіндік береді. Олардың мәні мұғалім мен оқушылар орындалатын әрекеттерге комментарий жасайды, нәтижесінде олар жақсы түсіндіріледі және меңгеріледі. Басында бұл жұмысқа үлгерімі жоғары оқушылар, содағ соң тұтас сынып қатыстырылады. Комментарийленген жаттығулар әдісі сабақтың жоғары ырғағын, барлық оқушылардың материалды саналы әрі берік меңгеруіне ықпал етеді.

Ауызша жаттығулар оқыту үдерісінде кеңінен қолданылады. Олар оқушылардың сөйлеу мәдениетінің даму деңгейіне және логикалық ойлауы, танымдық мүмкіндіктеріне байланысты болады. Ауызша жаттығулардың мақсаты әртүрлі болып келеді: оқу техникасы мен мәдениетін меңгеру, ауызша санау, әңгімелеу, логикалық мазмұндау, және т.б. Ауызша жаттығулар тілді, әсіресе шет тілдерін меңгеру барысында маңызды роль атқарады. Бұл жаттығулар оқушылардың жас және даму ерекшеліктеріне қарай біртіндеп күрделене түседі. *Жазбаша жаттығулар* (стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық диктанттар, шығармалар, конспектілер, есептер шығару, тәжірибені сипаттау және т.б.) оқытудың маңызды компонентін құрайды. Олардың негізгі мақсаты – қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру, дамыту және бекіту. Мұғалім олардың жеткілікті саны мен әртүрлілігін қадағалап отыруы қажет. Жазбаша жаттығуларға графикалық түрі де енеді, олар математика, физика, сызу, география, сурет сабақтарында қолданылады. *Лабораториялық-тәжірибелік* жаттығулар еңбек құралдарын, лабораториялық құрал-жабдықтарды (прибор, өлшем аппаратуралары) қолдану дағдыларын меңгеруге ықпал етеді, құрылымдық-техникалық іскерліктерді дамытады. *Өндірістік-еңбек* жаттығулары оқу және өндірістік сипаттағы еңбек әрекеттерінің арнайы жасалған жүйесін құрайды. Олар қарапайым және күрделі болып бөлінеді: бірінші түріне жеке еңбек тәсілдерін орындауға бағытталған жаттығулар, ал екінші түріне өндірістік-еңбек әрекеттерін тұтастай немесе олардың маңызды бөліктерін орындауды қарастыратын жаттығулар жатады. Жаттығулар тиімді болу үшін олар бірнеше талаптар қатарына жауап беруі қажет:

- Оқушының әрекет сапасын арттыруға саналы бағытталуы;
- Әрекеттерді орындау ережесін білу;
- Әрекет орындалатын шарттың саналы есепке алынуы мен бақылануы;

- Қол жеткен нәтижені ескеру;
- Қайталауды уақытқа бөлу.

Лабораториялық әдіс оқушылардың зерттеулер мен эксперименттерді өз бетінше жүргізуге негізделген және химия, физика, биология пәндерін оқуда қолданылады. Тәжірибелер жеке және топтық түрде жүргізіледі. Оқушылардан жоғары белсенділік пен өз бетінше әрекет ету талап етіледі. Лабораториялық әдіс құрал-жабдықтарды қолдану дағдылары мен іскерліктерін меңгеруге, маңызды практикалық іскерліктердің: өлшеу мен есептеу, нәтижелерді өңдеу мен оларды салыстыру, таныс зерттеулерді тексеру және өзіндік зерттеу жолын таңдау, қалыптасуына ықпал етеді.

Мәселелік (зерттеуші) лабораториялық әдіс жоғары тиімділікпен ерекшеленеді. Оның бір ерекшелігі, оқушылар өздері зерттеу болжамын жасайды, оның жолын табады, қажетті материалдар мен приборларды таңдайды. Қиындықтар өз бетінше жұмыс істеуге ынталандырады, бұл жұмыстың мұғаліммен біріге отырып орындалатын жұмыстан айырмашылығы, оқушылар мәселенің мәнін жақсы түсініп алуға, мәселені ұтымды шешуге мүмкіндік беретін мақсатқа жету жолдарын табуға ынталандырады. Мәселелік бағыт оқушыны белсенді зерттеуші ретінде әрекет етуге жетелейді, көптеген үлкен және кіші міндеттерді өз бетінше шешуді талап етеді: негізгі және көмекші мәліметтерді жинау және бағалау, альтернативті гипотезалар, жетіспейтін ақпаратты жинақтау тәсілін іріктеу негіздемесін жасау. Шешімді қабылдау өнімді ойлауды белсендендіреді, танылған заттар мен құбылыстар саны және оларға қатысты сипаттамалар мен қатынастардың көлемінің артуына алып келеді, ең бастысы – оқытудың жаңа – шығармашылық бағытын қалыптастырады.

Лабораториялық әдіс өте күрделі, арнайы, әдетте қымбат тұратын құрал-жабдықтың болуын, мұғалім мен оқушының тиянақты дайындалуын талап етеді. Оны қолдану күш-қуат пен уақытты жұмсауды қажет етеді. Сол себепті де лабораториялық әдісті жоспарлай отырып, мұғалім өз бетінше зерттеудің арқасында оқыту тиімділігін арттыруды оңай және ұтымды жолдармен қол жеткізе алатынына сенімді болуы керек.

Практикалық әдістің лабораториялықтан айырмашылығы оқушылардың іс-әрекетінде алынған білімдерді практикалық міндеттерді шешуде қолдану басым болады. Бірінші жоспарда теорияны тәжірибеде қолдану іскерлігі тұрады. Бұл әдіс білімдер, іскерліктерді тереңдету қызметін орындайды, сонымен қатар, бақылау мен түзету міндеттерін шешуге, танымдық әрекетті ынталандыруға ықпал етеді.

Оқушылардың практикалық сабақтарда танымдық әрекеті өтетін бес кезеңді бөледі:

1) *Мұғалімнің түсіндіруі*. Жұмысты теориялық талқылау кезеңі.

2) *Көрсету*. Нұсқау беру кезеңі.

3) *Қолданып көру*. Екі - үш оқушы жұмысты орындайды, басқа оқушылар бақылайды, егер қателер байқалып жатса, мұғалімнің көмегімен ескерту жасайды.

4) *Жұмысты орындау*. Әр оқушы өз бетімен тапсырманы орындайтын кезең.

Мұғалім бұл кезеңде тапсырманы орындауда қиналатын оқушыларға ерекше назар аударуы қажет.

5) *Бақылау*. Бұл кезеңде оқушылардың жұмыстары жиналып алынады және тексеріледі. Орындау сапасы, уақытқа үнемділік қатынас, материалдар, тапсырманы орындау жылдамдығы мен дұрыстығы ескеріледі (Е.Я.Голант).

Практикалық әдіс оқушыларды тапсырманы тиянақты орындауға үйретеді, шаруашылдық, үнемділік сияқты қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді. Оқушыларда еңбек үдерісін тиянақты ұйымдастыру әдетті қалыптасады (жұмыстың мақсатын түсігу, тапсырманы және оны шешу жағдайларын талдау, жұмысты орындау жоспары мен кестесін құру, материалдар мен құрал-жабдықтарды даярлау, жұмыстың сапасын бақылау, қорытынды нәтижелерді талдау).

Танымдық ойындар (дидактикалық) – бұл шындықты модельдейтін арнайы жасалған жағдайлар, оқушылар олардың шешімін табады. Бұл әдістің негізгі мақсаты – таным үдерісін ынталандыру. Мұндай ынталандыруларды оқушы ойын кезінде алады, мұнда ол шындықты белсенді қалыптастырушы болып табылады.

Танымдық ойындар әдісінің ұзақ даму тарихы бар. Ол ерте дидактикалық жүйелерде пайдалана бастаған. Оларға деген қызығушылық 80 жылдардың орта шенінде арта түскен болатын, өйткені бұл кезеңдерде мектептерге қуатты ЭЕМ-лар ендіріле бастаған болатын және де олардың көмегімен күрделі жағдайларды модельдеуге мүмкіндік жасалды. Оқытушы ойындық бағдарламалар техникалық құралдармен бірге кешенді түрде оқуға қызығушылықты ынталандыру мен оны қолдау мәселелерін тиімді шешеді, машинамен жарысу үдерісінде өз күштерін пайдалану арқылы білімдер жинақау, оқыту сапасын бақылау мен түзету мәселелерін тиімді шешеді.

7. ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

7.1. Оқыту формалары

Оқытуды ұйымдастыру формасы (ұйымдастырушылық формалары) – белгілі-бір тәртіпте жүзеге асатын мұғалім мен оқушылардың келісілген әрекетінің сырттай көрінісі. Олар әлеуметтік шартталынған болып келеді, дидактикалық жүйелердің дамуына байланысты пайда болады және жетілдіріледі. Оқытудың ұйымдастырушы формалары әртүрлі критериилер бойынша жіктеледі: оқушылардың саны; оқу орнына; сабақтардың ұзақтығына және т.б. Бірінші критерий бойынша бұқаралық, ұжымдық, топтық, микротоптық және жеке оқыту формалары бөлінеді. Оқыту орны бойынша мектептік және мектептен тыс формалары жіктеледі. Бірінші түріне мектеп сабақтары, шеберханалардағы жұмыс, мектеп жанындағы тәжірибелік орталықта, лабораторияда және т.с.с., ал екінші түріне – өз бетінше үй жұмысы, экскурсиялар, өнеркәсіптегі сабақтар және т.б. Уақыт ұзақтығына қарай оқыту формаларын классикалық сабақ (45 мин), біріккен сабақ (90 мин), біріккен қысқартылған сабақ (70 мин), сонымен қатар, «қоңыраусыз» сабақтар.

Мектептің даму тарихы әртүрлі оқыту жүйелерімен танымал, олардың мазмұны қандай да бір ұйымдастыру формасына негіз болады:

Жекелік-топтық (ортағасыр мектептері), өзара оқыту (Англиядағы белл-ланкастер жүйесі), оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес даралап оқыту (мангейм жүйесі), бригадалық оқыту (20 жылдардағы отандық мектеп), американдық «Трамп жоспары», оған сәйкес оқушылар уақыттың 40% үлкен топтарда (100-150 адам), 20 % - кіші топтарда (10-15 оқушылар) және 40% өз бетінше жұмысқа жұмсалады.

XVIII ғасырда сыныптық оқыту жүйесі пайда болды және үш мыңжылдық өмір сүруде. Оның құрылымын неміс педагогы И.Штурм жасаса, ал теориялық негіздерін өңдеп, тәжірибеге енгізген Я.А.Коменский болды.

Оқытудың *сыныптық-сабақтық* формасы келесі ерекшеліктері бар:

- Бірдей жас және даярлық ерекшеліктері бар оқушылар құрамы (сынып);
- Әр сынып өзінің жылдық жоспарына сәйкес жұмыс істейді (оқытуды жоспарлау);
- Оқу үдерісі өзара байланысқан бөлімдер түрінде жүзеге асады (сабақтар);
- Әр сабақ бір пәнге арналады (монизм);
- Сабақтардың әрдайым кезектесіп келуі (сабақ кестесі);

- Мұғалімнің жетекші рөлі (педагогикалық басқару);
- Оқушылардың танымдық әрекетінің түрлі формалары қолданылады (іс-әрекеттің әртүрлі нұсқасы).

Оқу жұмысын ұйымдастырудың сыныптық-сабақтық формасы басқа түрлерімен салыстырғанда бірнеше артықшылығы бар: олар қатан ұйымдастырушылық құрылымымен ерекшелінеді; үнемді, өйткені бір мұғалім үлкен топпен жұмыс істейді; ұжымдық іс-әрекетке, оқушыларды оқыту мен дамытуға жағдай жасайды. Сонымен бірге, бұл форма оның тиімділігін төмендететін кемшіліктерсіз емес, оның ішіндегі ең негізгісі – оқушылармен жеке оқу-тәрбие жұмысын жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауы.

Оқытуды сыныптық-сабақтық ұйымдастыру формасы негізгі болып табылады. Сонымен қатар, басқа да формалары қолданылады, басқаша аталады – көмекші, сыныптан тыс, сабақтан тыс, үй тапсырмасы, өз бетінше орындалатын және т.б. Оларға қатыстылары: кеңес беру, қосымша сабақтар, нұсқаулар, конференциялар, ұйымдар және факультативті сабақтар, клубтық жұмыстар, сыныптан тыс оқыту, оқушылардың өз бетінше жұмысы және т.б. Кейде оқытуды сыныптан тыс ұйымдастыру формаларына оқу экскурсиялары, мектеп жанындағы тәжірибе орталықтарындағы жұмыс, шеберханалар мен мектеп кооперативтеріндегі еңбек, туған өлкеге саяхатқа шығу, стадиондар мен спорт алаңдарындағы спорттық жарыстар және т.б. Сонымен бірге, кейде шатасу мен терминологиялық ауысымдар болып жатады: сынып оқушылардың толық құрамы сабақтарды өткізу бөлмесі ретінде сәйкестендіріледі, сабақтар «қоңыраусыз» сабақтарға ауыстырылады. Осыдан қарайтын болсақ, тек оқушылардың өзіндік үй жұмысы мен ұйымдық сабақтары қызығушылықтарына қарай оқытуды көмекші сабақтан тыс ұйымдастыру формалары болып табылады.

Оқытуды ұйымдастырудың сыныптық-сабақтық формасының негізгі компоненті – сабақ болып табылады. **Сабақ** – бұл оқыту үдерісінің мәні, уақыты және ұйымдастыру қатынасында аяқталған бөлігі (кезең, элемент, звено). Ұзақтығының аздығына қарамастан, сабақ оқыту үдерісінің күрделі және жауапты кезеңі – жеке сабақтардың сапасына мектеп даярлығының жалпы сапасы байланысты болады. Сол себепті де теоретиктер мен практиктердің негізгі күші оқушылардың белгілі бір құрамын оқыту шарттарын қысқа уақытта және тиімді орындауға мүмкіндік беретін оқыту технологияларын жасауға бағытталады. Жақсы сапалы сабақ беру – тәжірибелі мұғалім үшін де оңай нәрсе емес. Сабаққа қойылатын талаптарды мұғалімнің түсінуі мен орындауына көп нәрсе байланысты, олар оқыту үдерісінің әлеуметтік сұраныстармен,

оқушылардың жеке қажеттіліктерімен, оқыту мақсаттары мен міндеттерімен, заңдылықтары және принциптерімен анықталады.

Қазіргі сабаққа қойылатын жалпы талаптар төмендегідей:

1. Жаңашыл ғылым жетістіктерін, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені қолдану, сабақты оқыту-тәрбиелеу үдерісінің заңдылықтары негізінде құру.

2. Сабақта барлық дидактикалық принциптер мен ережелерді жүзеге асыру.

3. Оқушылардың өнімді танымдық іс-әрекеті үшін олардың қызығушылықтарн, бейімділіктерін және қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы жағдайды қамтамасыз ету.

4. Оқушылардың түсіне білетін пәнаралық байланыстарды қалыптастыру.

5. Бұрын меңгерілген білімдер мен дағдылармен байланыс орнату, оқушылардың жеткен деңгейіне сүйене отырып, әрекет ету.

6. Барлық тұлға сферасының даму мотивациясы және белсендірілуі.

7. Оқу-тәрбиелеу іс-әрекетінің барлық кезеңдерінің логикалығы және эмоциялығы.

8. Педагогикалық құралдарды қолдану тиімділігі.

9. Оқушылардың жеке өмірімен, өндірістік әрекетімен, жеке тәжірибесімен байланыс.

10. Тәжірибеге қажетті білімдер, іскерліктер, дағдылар қалыптастыру, ұтымды ойлау және іс-әрекет тәсілдері.

11. Әрдайым білім көлемін толықтырып отыру қажеттілігін, оқу іскерлігін қалыптастыру.

12. Әр сабақты мұқият диагностикалау, болжам жасау, жобалау және жоспарлау.

Әр сабақ үш мақсатқа қол жеткізуге бағытталады: оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Осыны ескере отырып, сабаққа қойылатын жалпы талаптар дидактикалық, тәрбиелеуші және дамытушы талаптарға ұласады. Дидактикалық талаптарға (немесе оқыту) төмендегілер енеді:

- Әр сабақтың білім беру міндеттерін нақты анықтау;
- Сабақтың ақпараттық толықтырылуын ұтымды ету, әлеуметтік және жеке қажеттіліктерді ескере отырып, мазмұнын оптимизациялау;
- Танымдық іс-әрекеттің жаңашыл технологияларын ендіру;
- Әртүрлі әдістер мен формаларды ұтымды сәйкестендіру;
- Сабақтың құрылымын қалыптастырудың шығармашылық бағыты;

• Ұжымдық іс-әрекеттің түрлі формаларын оқушылардың жеке іс-әрекетімен сәйкестендіру;

• Оперативті кері байланысты, әрекеттік бақылау және басқаруды қамтамасыз ету;

• Сабақты өткізудің ғылыми есебі және шеберлігі.

Сабаққа қойылатын *тәрбиелік талаптар*:

• Оқу материалының, сабақтағы іс-әрекеттің тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтау, шынайы қол жетімді тәрбие мақсаттарын қалыптастыру және қою.

• Оқу жұмысының мақсаттары мен мазмұнынан шығатын тәрбиелік міндеттерді ғана қою;

• Оқушыларды жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, өмірлік қажетті сапаларды, төзімділікті, тиянақтылықты, жауапкершілікті, орындаушылықты, өз бетінше әрекет ете білу, еңбекке қабілеттілікті, байқампаздықты, әділдікті, ұжымшылдықты және т.б. қалыптастыру;

• Оқушыларға байқампаздық және сезімтал қатынас орнату, педагогикалық такті талаптарын сақтау, оқушылармен бірлесе отырып, әрекет ету және олардың жетістіктеріне қызығушылық таныту.

Барлық сабақтарда жүзеге асырылатын *дамытушы талаптарға* келесілер жатады:

• Оқушыларда оқу-тәрбиелеу іс-әрекетінің, қызығушылықтар, шығармашылық бастамашылдық және белсенділіктің жағымды мотивтерін қалыптастыру және дамыту;

• Оқушылардың даму деңгейі мен психологиялық ерекшеліктерін зерттеу және есепке алу, «жақын даму аймағының» жобасын жасау;

• Оқу сабақтарын «алға шығу» деңгейінде өткізу, дамудағы жаңа сапалық өзгерістердің пайда болуына ықпал ету;

• Оқушылардың интеллектуалды, эмоциялық, әлеуметтік дамуындағы «ауытқуларға» болжам жасау және болатын өзгерістерге сәйкес оқу сабақтарын қайта құру.

Жоғарыда айтылған талаптардан басқа: ұйымдастырушылық, психологиялық, басқарушы, мұғалім мен оқушы арасындағы тиімді қарым-қатынас талаптары, қызметтестік талаптары, санитарлы-гигиеналық, этикалық және т.б.

7.2.Сабақтардың типтері және құрылымы

Сабақтардың көптүрлілігі ішінен жалпы белгілерді анықтау үшін оларды топтастыру қажет болады. Егер оқыту сабақтарында өзіндік мақсаттары және міндеттері, әртүрлі материалдар қарастырылатын болғандықтан, әртүрлі технологиялар мен әдістемелер қолданылатындықтан, оларды қандай белгілер бойынша топтастыруға болады. Бұл өте күрделі әрі әлемдік және отандық дидактикада шешімін таппаған мәселе болып табылады, осыған сәйкес сабақтарды топтастырудың әртүрлі бағыттары пайда болған. Негізге алынатын белгілеріне сәйкес оқыту сабақтарының бірнеше түрлері бөлінеді. Қазіргі таңда мұндай топтаструлардың оншақты түрлері танымал.

Сабақтарды жіктеудің негізделген түрін отандық дидактик И.Н. Казанцев жасады. Ол сабақтарды екі критерии бойынша жіктеуді ұсынған болатын : 1) мазмұны және 2) өткізу тәсіліне қарай. Бірінші критерии бойынша, мысалы, математика сабағы мазмұнына қарай арифметика, алгебра, геометрия және тригонометрия, ал олардың ішінде – мұғалімдердің оқыту мазмұнына сәйкес бөлінеді. Оқыту сабақтарын өткізу тәсілдеріне сәйкес олар экскурсия, кино, өз бетінше жұмыс сабақтары және т.б. болып бөлінеді.

Жұмыстың логикалық мазмұны мен танымдық іс-әрекеттің сипатына қарай келесі сабақ түрлері жіктеледі: 1)кіріспе, 2)материалмен алғашқы танысу сабағы, 3) жаңа білімдерді меңгеру, 4) алынған білімдерді тәжірибеде қолдану, 5) дағды сабақтары, 6)бекіту, қайталау және жалпылау, 7)бақылау, 8)аралас немесе үйлестірілген.

Теоретиктер мен практиктердің арасында аса қолдау тапқан екі белгі бойынша жасалған топтама болып табылады – жалпы жүйедегі дидактикалық мақсаттар мен орны бойынша : 1) үйлестірілген немесе аралас сабақтар; 2)оқушылардың жаңа материалмен танысу сабағы; 3)білімдерді бекіту сабағы; 4) меңгерілетін білімдерді жалпылау және жүйелендіру; 5) іскерліктер мен дағдыларды өңдеу және бекіту; 6) білімдерді тексеру. Осы типтердің астарында бөлінетін типтер де бар.

Нақтыланған сабақтар типтері төмендегідей:

- 1)аралас;
 - 2)жаңа білімдерді меңгеру сабақтары;
 - 3)жаңа іскерліктерді қалыптастыру сабақтары;
 - 4) меңгерілетін білімдерді жалпылау және жүйелендіру;
 - 5)Білімдер мен іскерліктерді бақылау және түзету сабақтары;
 - 6)Білімдер мен іскерліктерді тәжірибеде қолдану сабақтары
- (Г.И.Щукина, В.А.Онищук, Н.А.Сорокин, М.И.Махмутов және т.б.).

Сабақтың құрылымы астарында оның ішкі құрамы, жеке кезендердің кезектестігі түсіндіріледі. Сабақтың типі құрылымдық бөлімдер мен олардың ретімен анықталады.

Қазіргі таңда сабақ оның кезендерінің ресми сәйкестігі мен реттілігінен емес, мақсаттарды қою мен орындау, танымдық әрекеттің тиімділігі бағытынан қарастырылады. Қазіргі мұғалім сабақтың құрылымын таңдауда да еркін, тек ол оқыту мен тәрбиелеудің жоғары нәтижелігін қамтамасыз ете алса болғаны. Бұл жаңалықтың маңыздылығын сабақты өткізудің бұрынғы қатаң тәртібі мен қазіргі еркін құрылымдарды салыстыру арқылы ғана түсінуге болады. Дегенмен, теоретиктер мен практиктердің «құрылымсыз» сабақ түріне қатынасы бірыңғай емес. Маңызды нұсқау сабақтың оқыту-тәрбиелеу үдерісінің тиімділігімен бағалау ұсынылады.

Коменский мен Гербарт сабақтың классикалық төртсалалы құрылымын ұсынған болатын, ол оқытудың ресми деңгейлеріне сүйенеді: жаңа білімдерді меңгеруге даярлық; жаңа білімдер мен іскерліктерді меңгеру; оларды бекіту мен жүйеленуі; тәжірибеде қолданылуы. Осыған сәйкес сабақ типі аралас деген атауға ие. Уақыт көлеміне жіктелген аралас сабақ кезендері төмендегідей беріледі:

Жұмысты ұйымдастыру	Меңгерілген білімдерді қайталау (білімдерді өзектендіру)	Жаңа білімдерді түсіну, жаңа іскерліктерді қалыптастыру	Бекіту, жүйелендіру, қолдану	Үйге тапсырма
Кезеңдер	1	2	3	4

Мұндай сабақ типін нәліктен аралас деп атайтынын түсіну қиын емес – оның барысында мұғалім бірнеше мақсаттарды орындай алады. Сабақ элементтері кез-келген реттілікпен орналаса алады, ол сабақты икемді етеді және оқыту-тәрбиелеу міндеттерінің кең көлемін шешуге мүмкіндік бере алады. Бұл аралас сабақтың көпшілік тәжірибесінде қолданысын дәлелдейді; көлемі жағынан барлық өткізілетін сабақтың 75-80% құрайды.

Классикалық аралас сабақтың төзімділігі оқыту-тәрбиелеу үдерісінің заңдылықтарымен, ақыл-ойдың жұмыс істеу қабілетімен басқа түрлеріне карағанда жақсы ұштасады және де мұғалімдерге нақты жағдайларға бейімделу мүмкіндіктерін береді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін олардың ырықты зейін көлемін ескере отырып, сабақтың уақыты қысқарады. Бұрынғы 45-минуттық сабақ ұзақтығы қазіргі таңда психофизиологиялық зерттеулермен дәлелдерін табуда. Егер сабақтар қысқаратын болса, онда жұмысқа «тарту» үдерісін

қосуға тура келеді, сәйкесінше, өнімді іс-әрекеттің уақыты қысқарады. Неғұрлым ұзақ сабақтар кезінде ырықты зейіннің еріктік реттелуі қажеттілігі туындайды.

Өзінің артықшылығымен қатар, аралас сабақтың кемшіліктері де болады. Оны жаңа білімдерді меңгеруге және басқа да танымдық іс-әрекет түрлерін орындауға уақыттың жетіспеуінен көруге болады. Аралас сабақ түрі ұсынылғаннан бері, бірнеше өзгерістер байқалды: сабақта меңгерілетін білімдер көлемі арта түсті, көптеген мектептерде сыныптардың құрамы толып кетті, бұл танымдық үдерістерді басқаруда қиындықтар тудырады, оқушылардың сабаққа деген қатынасы нашарлап, соның нәтижесінде сабақтың барлық кезеңдерінің өнімділігі төмендеп кетті. Сабақтардың тиімділігін арттыру мақсатында басқа да сабақ типтері пайда болды және тәжірибеде қолданыла бастады, олардың барысында оқушылар іс-әрекеттің бір түрімен ғана айналысады. Бұл жаңа білімдерді меңгеру; жаңа іскерліктердің қалыптасуы; білімдер мен іскерліктердің жалпылануы және жүйелендіруі; білімдер мен іскерліктерді бақылау және түзету; білімдер мен іскерліктерді тәжірибеде қолдану сабақтары. Байқап қарасақ, барлық аталған сабақтар «қысқартылған» аралас сабақ үлгісінде мазмұндалады. Анықталған сабақтар типі әдетте үш кезеңнен тұрады: 1) жұмысты ұйымдастыру (1-3 мин.), 2) негізгі бөлім (қалыптастыру, меңгеру, қайталау, бекіту, бақылау, қолдану және т.б.) (35-40 мин.), 3) қорытынды жасау және үй тапсырмасы (2-3 мин.).

7.3. Сабаққа дайындық

Сабақтың тиімділік формуласы екі құрамдас бөліктен тұрады: дайындықтың мұқияттылығы және өткізу шеберлігі. Нашар жоспарланған, толық ойластырылмаған, оқушылардың мүмкіндіктерімен сәйкестендірілмеген сабақ сапалы бола алмайды. Сабақтың дайындығы – бұл өлшемдер кешенін жасау, оқыту-тәрбиелеу үдерісінің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін ұйымдастыру формасы болып табылады.

Мұғалімнің сабаққа дайындығы үш кезеңнен тұрады: диагностика, болжам жасау, жоспарлау. Сонымен қатар, мұғалімнің өз пәні бойынша жақсы бағдарлануы және материалды жақсы меңгеруі де қарастырылады. Мұғалім өзі жүргізетін пән саласында байқалатын жаңа мәліметтерді, мәселелік сұрақтарды, тестік материалдарды тақырыптық папка немесе жұмыс кітабын арнайды және толықтырып отырады және т.б. Сабақты жақсы даярлау үшін ең маңыздысы, мұғалімнің оқу материалын жақсы меңгеретініне сенімді болуы.

Даярлық жұмысы оқу ақпаратының сынып мүмкіндіктеріне, жоғары тиімділік беретін танымдық еңбек пен ұжымдық қызметтестікті

ұйымдастырудың сызба-нұсқасын бағалау мен таңдауға сүйенеді. Сабақты өткізудің тиімді сызба-нұсқасын таңдау үшін оның канондық есепке алу жолын өту қажет болады. Оның негізінде сабақты дайындау алгоритмі, барлық маңызды факторлар мен шарттардың ескерілуін қамтамасыз ететін кадамдардың орындалу реті жатыр.

Алгоритмді жүзеге асыру нақты шарттарды диагностикалаудан басталады. *Диагностиканың* негізінде сабақты өткізудің барлық шарттарын «анықтау» жатыр: оқушылардың мүмкіндіктері, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлық үлгілерінің мотивтері, сұраныстары мен бейімділіктері, қызығушылықтары мен қабілеттері, білімділік деңгейі, оқу материалының мазмұны, оның ерекшеліктері мен тәжірибелік маңыздылығы, сабақтың құрылымы – сонымен қатар, оқу үдерісіндегі уақытты жұмсау ерекшелігін талдау – тірек білімдерін қайталауға, жаңа ақпаратты меңгеруге, білімдер мен іскерліктерді бекіту және жүйелендіру, бақылау және түзетуге. Бұл кезең сабақтың диагностикалық картасын алумен аяқталады, оның мазмұнында сабақтың тиімділігін анықтайтын факторлардың әрекеті көрнекі бейнеленеді. Жоғары сапалық факторлардың тиімді шарттар аймағында болған кезінде күтіледі.

Болжам жасау сабақты өткізудің әртүрлі нұсқаларын бағалауға бағытталған және де олардың қатарынан тиімдісін таңдап алу болып табылады. Болжам жасаудың қазіргі технологиялары сабақ тиімділігінің сандық көрсеткішін келесі тәсілмен анықтауға мүмкіндік береді. Сабақтың мақсаты білімдерді меңгеру көлемі 100 % құрайды. Кедергі келтіруші факторлар, әдетте, оның көрсеткішін төмендетіп жібереді. Жоғалған көрсеткіш көлемі шынайы нәтижеден есептеліп алынады және де педагогтар ойластырған сызба-нұсқа арқылы сабақ тиімділігінің шынайы көрсеткіштерін анықтайды. Егер көрсеткіш мұғалімді қанағаттандыратын болса, ол сабақты даярлаудың соңғы кезеңіне көшеді – жоспарлауға, ал егер ұнамаса, онда мұғалім ұйымдастырудың басқа жетілдірілген сызба-нұсқасын іздестіруі қажет болады.

Жобалау (жоспарлау) – бұл сабақты дайындаудың қорытынды кезеңі, және де ол оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару бағдарламасын жасаумен аяқталады. Басқару бағдарламасы – бұл қысқа әрі нақты ырықсыз жасалған құжат, онда мұғалім үдерісті басқарудың маңызды сәттерін тіркейді: кімнен және қашан сұрау керек, мәселені қай жерге енгізу қажет, сабақтың келесі кезеңіне қалай өту қажет, алдын-ала қарастырылған қиыншылықтардың пайда болуы кезінде үдерісті қандай сызба-нұсқа арқылы қайта құруға болады және т.б. Басқару бағдарламасы дәстүрлі сабақ жоспарынан басқарушы ықпалдарды нақты анықтаумен ерекшеленеді.

Жас мұғалімдерге сабақтың жоспар-конспектісін жазып отыру қажет болады. Бұл талап тәжірибеден алынған: ешкім де әлі өткізілетін сабақтың ұйымдастыру бөліктерін түсініп алмастан, оның шебері бола алмады. Құрылымның көп бөлігі дағдыға айналған кезде ғана, жоспардың көлемін азайта, оны нақты әрекеттер бағдарламасына айналдыра отырып, қысқартылған жазбаларға көшуге болады.

Жас педагог маманның жоспарында келесі сәттер ескерілуі қажет:

- сабақты өткізу күні және оның тақырыптық жоспар бойынша нөмірі;

- сабақтың тақырыбы және өткізілетін сыныптың аты;

- оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамытудың мақсаттары мен міндеттері;

- кезеңдері көрсетілген сабақтың құрылымы және осы кезеңдер бойынша шамамен уақытты үлестіру;

- оқу материалының мазмұны;

- мұғалімнің сабақтың әр бөліміндегі жұмысының әдістері мен тәсілдері;

- сабақты өткізуге қажетті оқу құралдары;

- үйге тапсырма.

III. СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САЛАСЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

8. ТӘРБИЕЛЕУ МӘНІ ЖӘНЕ ПРИНЦИПТЕРІ

8.1 Тәрбиелеу үдерісінің мәні және заңдылықтары.

Тәрбие теориясы – тәрбие үдерісінің мазмұны, әдістері және ұйымдастыру мәселелерін зерттейтін педагогикалық ғылым саласы. Тәрбие теориясы тәрбиелеу жұмысының алдыңғы қатарлы тәжірибесіне сүйенеді. Тәрбие теориясының дамуына зор үлес қосқан танымал отандық педагогтар Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский және басқалар болды. Тәрбие теориясы өз тұжырымдарын негіздеу үшін философия, әлеуметтану, этика, эстетика, физиология, психология ғылымдарының мәліметтерін қолданады. Олар педагогиканың басқа салаларымен өзара байланыста болады – педагогиканың жалпы негіздері, дидактика, мектептанумен. Оқыту мен тәрбиенің бірлігіне қарамастан, бұл үдерістердің әрқайсысының өзіндік жеке ерекшеліктері бар.

Тәрбие үдерісінің мәні оның өзіне тән ішкі байланыстар мен қатынастарды бейнелейді және белгілі-бір заңдылықтар негізінде көрінеді.

Қазіргі педагогикада тәрбие бұл тәрбиелеушілердің тәрбиеленуші тұлғасына ықпалы ғана емес, сонымен қатар, *тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің мақсатқа бағытталған өзара әрекеті*. Бұл өзара әрекет олардың арасындағы белгілі-бір қатынастарды ұйымдастыруға, тәрбиеленушілердің белсенділігін дамытуға, олардың әлеуметтік маңызды тәжірибені меңгеруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Тәрбие тұтас тұлғаның, яғни оның денелік және ақыл-ой күштері мен қабілеттерін, идеялық-саяси және адамгершілік қасиеттерінің, санасы мен мінез-құлқының қалыптасуын болжайды. Тәрбиелеу үдерісі барысында адамның түрлі қабілеттері дамиды, мінез бітістері, пікірлері, адамгершілік, еріктік, эстетикалық қасиеттері қалыптасады; әлемге, табиғатқа, қоғамға ғылыми, материалистік көзқарастар жүйесі қалыптасады, дене күші бекемдейді, қимыл әрекеттері мен іскерліктері дамиды. Тұтастай, жақсы ұйымдастырылған тәрбие нәтижесі ретінде жан-жақты және үйлесімді дамыған адам қарастырылады.

Кез-келген табиғат және қоғамның күрделі құбылыстарында тұрақты байланыстар байқалады. Бұл байланыстар заңдылықтар деп аталады. Мұндай заңдылықтар тәрбие үдерісінде де кездеседі. Олар бір жағынан, тәрбиелеу ерекшеліктерінің қоғамдық құбылыс ретінде, ал екінші жағынан – тұлға дамуымен шартталады.

Бірінші және маңызды заңдылық – бұл тәрбиенің қоғамдағы объективті және субъективті факторларына тәуелділігі.

Тәрбие материалды қажеттіліктерді өндіру тәсілдеріне, қоғамдық әлеуметтік құрылымы, саяси құрылымы, билеуші идеологияға байланысты. Объективті факторлар дегеніміз қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мемлекеттік негізін құрайтын және тәрбие үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуына қатты ықпал ететін қоғамдық үдерістер болып табылады. Субъективті факторлар - бұл тәрбиелеу мекемелері, қоғамдық ұйымдар, мұғалімдер, тәрбиешілер, отбасы, мектеп, дүниетанымды қалыптастыру қоғамдары, адамның жан-жақты, үйлесімді дамуы бойынша идеологияның іс-әрекеті.

Екінші маңызды заңдылық – оның тұлға дамуымен бірлігі және өзара байланысы.

Тәрбие сапасына тұлғаның дамуы байланысты болады. Сонымен қатар, тұлғаның даму деңгейіне мазмұны, формасы және әдістері де байланысты. Тәрбие үдерісі күрделі, өйткені тәрбиешіден психологияны, тұлғаның психикалық даму заңдылықтарын білуді талап етеді. Тәрбиеші тәрбиеленуші тұлғасын мұқият зерттеуі және соның негізінде дұрыс психологиялық мінездеме құруы қажет. Болмаса, тәрбие ықпалы тәрбиеленушілердің қабілеттерін ескерместен бір жақты болуы; олар басқа немесе тәрбие ықпалдарымен сәйкес келмеуі де мүмкін.

Тәрбие үдерісінің үшінші маңызды заңдылығы тұлғаның қоғамдық құнды сапаларының қалыптасуының негізгі және басты көзі ретінде іс-әрекет пен қарым-қатынасты мойындау болып табылады.

Тәрбиелеу үдерісі тәрбиеленушілердің іс-әрекеті қоғамға пайдалы еңбекпен айналысуға ұйымдастырылған және қарым-қатынастың қаншалықты ойластырып құрылғанына байланысты соншалықты тиімдірек орындалады. Іс-әрекетте адамдар арасында қатынас орнайды. Психологтардың пікірінше (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев), тұлға өзінің өмірге, қоғамдық ортаға, басқа адамдарға деген қатынасымен ерекшеленеді. Тұлғаның қалыптасуы – оның негізгі қатынастарының қалыптасуы. Қатынастардың ортақ жүйесінде тәрбиеші мен тәрбиеленуші, мұғалім мен оқушылар, ата-ана мен балалар, ұжым мен тұлғалар арасындағы өзара әрекет барысында пайда болған тәрбие қатынастары маңызды орын алады.

Төртінші заңдылық – бұл тәрбиелеуші ықпал және тәрбиеленушілердің өзара әрекеті мен белсенді әрекеті арасындағы байланыс.

Тәрбиешілердің тәрбиеленушілерге педагогикалық ықпалы олардың іс-әрекетін, қарым-қатынасын, тұлғаның түрлі ортасын жүйелі және жоспарлы түрде дамытуды мақсатты түрде ұйымдастыруды болжайды.

Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің әлеуметтік рөлдері бірдей емес. Тәрбиеленуші әрдайым тәрбиелеушіге тәрбиелеу күштерінің нысаны болып қалады. Дегенмен, ол тәрбиешімен өзара әрекетке саналы түрде қатысады, бұл тәрбие қатынастарына белсенді сипат береді. Тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің негізгі қызметтері ретінде дамытушы (тұлғаның дамуы), тәрбиелеуші (тәрбие мақсаттарын жүзеге асыру) және ұйымдастырушы (іс-әрекет пен қарым-қатынастың мақсатты түрде құрылуы).

Әрбір тәрбиеленуші түрлі тәрбие ықпалына әртүрлі жауап береді. Сол себепті де педагог, жаттықтырушы өз тәрбиеленушілерінің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ықпал етудің жеке жолдарын табуы қажет. Тәрбиедегі сәттілік: мұғалімнің өз тәрбиеленушілерінің тәрбиелік деңгейін, олардың саналылық, адамгершілік қасиеттерін, әділдігін, принципшілдік және т.б. білуіне байланысты.

Тәрбие – қарама-қайшы және күрделі үдеріс. Оның барысында қиындықтар да туындайды, кедергілер де болады. Тәрбие нәтижелері ерекше сипатта болады, және оларды ескеру қиынға соғады. Тәрбиелеу үдерісіндегі қарама-қайшылықтардың пайда болу себептері, біз тәрбиеленушің санасында қалыптастыратын мінсіз мінез-құлық үлгісін ол әрдайым шынайы өмірде көре бермейді. Егер біз тәрбиеленушілер алдында барлық құбылыстарды жағымды ортада бейнелейтін болсақ, онда оларды қиындықтар мен кемшіліктерге төтеп беруге даярламаймыз, ерік жігері әлсіз, қиындықтар алдында тез жеңіле салатын, өмірлік идеалдары жоқ адамдарды тәрбиелеп шығаруымыз мүмкін.

Кейде тәрбиеленушілер арасында (әсіресе жеткіншектерде) тікелей тәрбиелеу ықпалдарына іштей қарсылық білдіретіндерді байқауға болады.

Бұл көбінде тәрбиеші мен ұжымның жаңа талаптары тәрбиеленушінің ескі көзқарастары мен әдеттеріне қарсы келген кезде болады.

Бұл қарама-қайшылықтарды жеңу тұлғаның қалыптасуындағы күрделі үдерісте маңызды орын алады. Мұндай жағдайда сәттілік тәрбиеленушілер ұжымының ынтымақтастығына, даму деңгейіне және тәрбиеші, жаттықтырушы олардың іс-әрекетін қаншалықты іскерлікпен бағыттауына байланысты болады. Педагогтың шығармашылық іс-әрекеті оның тәрбиеленушілерінің шығармашылық белсенділігі мен өз бетінше әрекет етуіне сәйкес келгені жақсы.

Мұның барлығы тәрбиелік жұмысқа ойластырылған бағыттан қарауға, үлкен шеберлікті, тәрбиенің қажетті құралдары мен әдістерін таңдауды талап етеді.

Тәрбие – қайта тәрбиелеу мен өз бетінше тәрбиеленуді қамтитын үдеріс. Қайта тәрбиелеу тұлғаны қайта қалыптастыруды, балада, жеткіншекте, бозбалада және бойжеткенде қолайсыз отбасы жағдайлары,

нашар орта есебінен ықпалымен пайда болған жағымсыз қасиеттерін жеңуге бағытталады. Қайта тәрбиелеу – тәрбиеге қарағанда өте қиын үдеріс, өйткені ерте жас кезеңінде қалыптасып қалған жағымсыз қасиеттер мен әдеттер жеңуге және қайта жасауға қиынырақ беріледі, ал егер жалпы қолайлы жағдайда болса жағымды сапаларды дамыту мен жетілдіру оңайға түсер еді.

Жеткіншек және жасөспірім кезеңінде ересектеніп келе жатқан адамда өзіндік сана, өз мінез-құлқы мен әрекеттерін талдау және бағалау қабілеті, қоршаған адамдарға қатынасының дамуы кезінде ол өзін-өзі тәрбиелеуге қабілетті болады, яғни өз-өзіне, өзінің көзқарастарына, әрекеттеріне, мінез-бітістеріне ықпал етуге бейім келеді. Тәрбиеші, жаттықтырушы өз оқушыларын тәрбиелей отырып, қайта тәрбиелеу мәселелерімен кездеседі және оларды өзін-өзі тәрбиелеуге бағыттайды.

Қазіргі жағдайда әр адамның өз тағдырына ғана емес, бүкіл халықтың, елдің, барлық адамзаттың тағдырына жауапкершілік туындаған кезде алдыңғы қатарға тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру мәселесі қойылады. Әрбір жеке адамның белсенділігі, нақты өмір жағдайында мінез-құлқын анықтайтын оның пікірлік және адамгершілік нұсқаулары, қоғамдық жауапкершілігі, мотивтері маңызды орын алады.

8.2. Спорттық іс-әрекетте тәрбиелеу үдерісінің ерекшеліктері

Дене тәрбиесі мен спорттың тәрбиелік мүмкіндіктері орасан зор. Іс-әрекеттің бұл түрлері эмоцияға толы, ұжымдық, қоғамдық маңызды сипатта болады, мінез-құлықтың оңды тәжірибесін, мінездің құнды бітістерін, тұлға қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Спортпен шұғылдана отырып, жеткіншек, жасөспірім, бойжеткен, бозбала үлкен денелік және психикалық ауыртпалықтарды сезінеді. Осы жағдайда туындайтын қиындықтарды жеңу барысында ерік-жігерді тәрбиелеуге мүмкіндіктер беріледі. Мақсатқа бағытталған және жетекшілікті дұрыс жүргізегін педагог-жаттықтырушының жаттықтыру үдерісі қиындықтарды жеңуге үйретеді, еңбек сүйгіштіктің, тұрақтылықтың, жолдастық қолдаудың көрінуін талап етеді. Спорттық іс-әрекетке қатысу өскелең ұрпақта бастамашылдықтың, өз бетінше әрекет ету, ұйымдастырушылық дағдылардың, қоғамдық белсенділік, ұжымшылдықты тәрбиелеуде жақсы тәрбие көзі болып табылады. Қоғамдық пайдалы жұмысқа қатысу үдерісінде дене мәдениеті мен спорттық белсенділік басқару өнеріне, адамгершілік кодекс талаптарына жауап беретін тұлға қасиеттерін қалыптастырады.

Спортшылардың пікірлік және адамгершіліктік тәрбиесі дене тәрбиесі және спорт ұжымдарына тиесілі болады. Егер дене тәрбиесі мекемелерінде мақсатқа бағытталған тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілетін болса, онда жастардың дене тәрбиесі және спорттық іс-әрекетпен айналысуы оларды қоғамдық пайдалы еңбекке және қоғамдық жұмысқа баулуға ықпал етеді.

Спортпен айналысуды оқумен және еңбекпен үйлестіру қиынға соғады. Сол себепті де спортшыларды ұйымдасқандыққа, қатаң күн тәртібіне үйрету тәрбиелеу жұмысында маңызды орын алады.

Дегенмен де спортта кері құбылыстар да пайда болуы мүмкін. Бұл көбінде спорт жеке мақсатқа айналып, ал оқу, еңбек, қоғамдық міндеттер екінші жоспарға қалып кеткен кезде көрінеді. Мұндай жағдайда спорттың тәрбиелік мәні бірден төмендеп кетеді. Әділсіздік, спорт этикасын сақтамау, тұрмыста және жаттығу кезінде дөрекілік және тәртіпсіздік, өзімшілдік, жатып ішерлік сияқты қасиеттер спортшыларда қажетті талаптар қойылмаған кезде, тәрбиелік ықпал әлсіз болған жағдайда пайда болады. Жаттықтырушы мен ұжым тарапынан мақсатқа бағытталған күнделікті тәрбиелеу жұмысынсыз, спортшыға талап қоюшылық пен назар аударудың болмауынан денелік тәрбиелену және спортшыдан пікірлік және адамгершіліктік қасиеттердің қалыптасуында жетістіктерге жету мүмкін емес.

Демек, тәрбие – күрделі әрі көпқырлы үдеріс. Ол әрбір педагог-жаттықтырушыдан тәрбиенің қоғамдық шартталынған мақсаттарын түсінуді; осы мақсаттарды оқушылардың жас ерекшелігі мен тәрбиелік деңгейіне сәйкес нақтылауды; тәрбиелеудің міндеттері мен мазмұнын анықтауды және тәрбиелік міндеттерді ұтымды шешу әдістерін таңдауға; әрдайым өзінің тәрбиелік іс-әрекетінің нәтижесіне талдау жасауды және кері құбылыстарды дер кезінде алдын-алып отыруды талап етеді.

8.3 Тәрбиелеу принциптері.

Тәрбиелеу үдерісінің принциптері (тәрбиелеу принциптері) – бұл тәрбие үдерісін ұйымдастырудың мазмұны мен әдістеріне қойылатын негізгі талаптар, жалпы нұсқаулар. Педагогикалық үдерістің жалпы принциптеріне қарағанда, олар тәрбиелеу үдерісінің ерекшеліктерін бейнелейді, бұл педагогтар тәрбие міндеттерін шешуде жетекшілікке алатын жалпы принциптер. Бұл принциптерге қойылатын талаптарды сипаттап көрелік:

1. *Міндеттілік.* Тәрбие принциптері – бұл кеңес емес, ұсыныстар емес; олар тәжірибеге толық ендірілуді талап етеді. Принциптердің қатаң әрі жүйелі бұзылысы, олардың талаптарын орындамау тәрбие үдерісінің

тиімділігін нашарлатумен қатар, оның негіздеріне де зақым келтіреді. Принциптердің талаптарын бұзған педагог бұл үдерісті басқарудан босатылады, ал ойластырылған және дәрекі бұзылыстар енгізгені үшін заң алдында жауап беруге де тартылады.

2. *Кешенділік.* Принциптер тәрбие үдерісінің барлық кезеңдерінде бірыңғай қолданылуын, кешенділігін талап етеді. Принциптер тізбектеліп емес, барлығы бір мезгілде қолданылады.

3. *Теңқұқылығы.* Тәрбие принциптері теңқұқылы болып келеді, олардың ішінде негізгі және көмекші деген түрлері жоқ. Барлық принциптерге бірдей қарау тәрбие үдерісінің өтуіндегі мүмкін болатын бұзылыстардың алдын алады.

Сонымен қатар, тәрбие принциптері – бұл дайын тұрған рецептілер де, әмбебап ережелер де емес, тәрбиешілер оларды қолдана салып автоматты түрде жоғары нәтижеге жете бермейді. Олар тәрбиешінің арнайы білімдерінің де, тәжірибесінің де, шеберлігінің де орнын алмастыра алмайды. Әрине, принциптердің талаптары бірдей және олардың практикалық жүзеге асырылуы тұлғалық қасиеттерге тәуелді болады.

Тәрбиелеу үдерісі сүйенетін принциптер жүйені құрайды. Тәрбиелеудің көптеген жүйелері бар және болған да. әрине, сәйкесінше, принциптердің сипаты да, жеке талаптары да, принциптердің өздері де өзгеріске ұшырамай отырмайды. Қазіргі отандық тәрбиелеу жүйесі келесі принциптермен жүргізіледі:

- тәрбиенің қоғамдық бағыттылығы;
- тәрбиенің өмірмен, еңбекпен байланысы;
- тәрбиедегі жағымды нәрсеге сүйену;
- тәрбиенің ізгіленуі;
- тұлғалық бағыт;
- тәрбиелік ықпалдардың бірлігі.

Тәрбиелеудің қоғамдық бағыттылығы.

Дамушы педагогтар тәрбиені «адамның жас кезеңінен бастап, ақыл айту және үлгі ету, тәжірибелік іс-әрекетке және меңгерілген ережелерді өмірде қолдануға бағыттау арқылы дайындауды болжайтын қоғамдық институт» ретінде түсіндіретін. әр түрлі уақытта бұл принциптердің мазмұны өзгеріп отырған, бірде қоғамдық, кейде мемлекеттік, сонымен қатар, тұлғалық бағыттылыққа ие болған. Отандық педагогикада да ол бірнеше рет өзгеріске ұшыраған. Жалпы принциптік – тәрбие адамды белсенді қоғамдық және бақытты жеке өмірге дайындауы қажет – нұсқаудан сақталып қалғаны аз. Осы принципке сүйене отырып, көптеген тәрбиелік жүйелер өмірге идеологиялық нұсқаулар мен саяси доктриналарды енгізіп отыр. Тәрбие мемлекеттік құрылымды, оның

институттарын, билік органдарын қолдау мен бекітуге, және де мемлекетте әрекет етуші идеологияның, конституцияның, заңдардың негізінде азаматтық пен әлеуметтік сапалардың қалыптастыруға бағытталады. Бұл принцип педагогтың барлық іс-әрекетінің өскелең ұрпақты тәрбиелеудің мемлекеттік бағдарламаға сәйкес орындалуы мен тұлғаның әлеуметтік қажетті типін қалыптастыруға тәрбиешілердің іс-әрекетін бағыттайды. Мемлекеттік қызметте жұмыс атқарып отырғандықтан, тәрбиеші тәрбие ортасында мемлекеттік сұранысты орындайды. Егер мұндай жағдайда мемлекеттік және қоғамдық мүдделер сәйкес келетін болса, сонымен қатар, азаматтардың жеке қызығушылықтарымен үйлесімде болса, онда принцип талаптары тәрбие мақсаттары мен міндеттерінің құрылымына ендіріледі. Мемлекет, қоғам және тұлға мақсаттары сәйкес келмеген жағдайда принциптің жүзеге асырылуы қиынға соғады. Тәрбиешіде толық тәрбиелеуге нақты дәлелді материалдары жетіспейді. Мектеп – мемлекеттік мекеме емес, керісінше, әлеуметтік институт, мемлекеттің білім берудегі сұранысын қанағаттандыруға бағытталған қоғамдық-мемлекеттік жүйе. Осындай өзара әрекеттің бұзылыстары мектептің бір жерде тұрып қалуына алып келеді. Мектеп қоғамдық-мемлекеттік институт ретінде тек мемлекеттік тыныста ғана өмір сүре алмайды. Ерте ме кешпе қоғам бәрібір де одан көмек сұрауға жүгінеді. Мектептің қоғамнан, қоғамның мектептен, қоғамдық өмірде болып жатқаннан мектептің тыс қалуын, сонымен қатар, кәсіби педагогтардың тар деңгейде әрекет етуін жеңу қажет. Педагогтар өздерін халықтың тәрбие ісіндегі өкілдері ретінде сезінуі қажет.

Дамыған елдерде мектептің мемлекеттік болу үдерісін жеңу мақсатында жекешеліндірілген мектептер торабы тағайындалған, олар мемлекеттікке сәйкес келмейтін мақсаттарды жүзеге асырады. Мемлекеттік мектептерде оқыту тегін, ал жекешелендірілген мектептерде – ақылы болса да тұрғындардың көбісі (50% - дан 85 % - ға дейін) өз балаларын қоғамдық-тұлғалық құндылықтар негізінде тәрбиелеуді жөн көреді.

Тәрбиенің қоғамдық бағыттылық принципін жүзеге асыра отырып, тәрбиеленушілермен тәжірибелі-мотивацияланған өзара әрекетіне қол жеткізуге болады.

Соның барысында лозунгілік педагогикадан, көп сөзділіктен бас тарту қажет, әйтпесе, тәрбие ең алдымен пайдалы іс-әрекет үдерісінде, онда тәрбиеленушілер арасындағы қатынас орнайды, қарым-қатынас пен мінез-құлықтың құнды тәжірибесі жинақталады. Әдетте, тәрбиеленушілер еліктірілетін іс-әрекеттің (еңбек, қоғамдық, ойын, спорт) тәрбиелік мәні болсын десек, оның мазмұнында іс-әрекеттің қоғамдық құнды мотивтері қалыптастырылу қажет. Егер олардың адамгершілік сипаты жоғары,

қоғамдық мәні зор болса, онда оның барысында орындалатын іс-әрекет те үлкен тәрбиелік мәнге ие болады.

Әлеуметтік қасиеттерді жүзеге асыру барысында әртүрлі қоғамдық пайдалы іс-әрекетті ұйымдастыру әрекетін тәрбиеленушілерде сөз арқылы, адамгершілік ағарту жұмыстарының көмегімен санасын қалыптастыру қарастырылады. Сөздік ықпал міндетті түрде пайдалы тәжірибелік іс-әрекеттермен, қарым-қатынаста жағымды әлеуметтік тәжірибемен және басқа адамдармен бірлескен іс-әрекетпен бекітіліп отыруы қажет.

Өкінішке орай, бізде тиімді азаматтық тәрбие тәжірибесі жоғалып кеткен, шетелдік тәрбие жүйесіне жүгінуге тура келеді. «Мектептің басты мақсаты – мемлекеттік институттарды қолдайтын және мемлекет заңдарын сыйлайтын азаматтарды тәрбиелеу» (Г.Форд, АҚШ-тың бұрынғы президенті). Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мектептерге маңызды қаржы көлемі

Мектептің алғашқы кезеңдерінде-ақ оқушылар «конституция», «билік», «авторитет», «заң», «жауапкершілік», «өкімет» және т.б. ұғымдарды меңгереді, олардың қалыптасуы нақты мысалдар негізінде жүзеге асатын болса, сол кезде тәжірибемен дәлелденіп, бекітіледі. Екінші, үшінші деңгейдегі мектепте бекітеді, қажетті ұғымдарды дамытады, көзқарастарды тәрбиелейді, азаматтық сапаларды қалыптастырады, тәрбиеленушілерді шынайы әлеуметтік үдеріске ендіреді.

Өзекті мәселе – жастардың апатиясын, әлеуметтік шеттетілуін, инерттілігін жақын арада жеңіп шығу. Бұл үшін тәрбиешілер әлеуметтену қарқынын арттыруы қажет. Кейбір жастар өзінің, отбасының, қоғамның тағдырына жауапкершілік алуға асықпайтын сияқты. Өмірдің қиындықтарынан қашу, қоғамдық іс-әрекетке немқұрайлы қарау жастар арасында кең тарап кеткен. Бұл жағдайға қоғамның өзінің де кінәсі бар, өйткені ол жастарға жылдам дамудың жағдайын көрсете бермейді, тәрбие жүйесінің жастарға «өскелең» деп қарауы, және «жатып ішерлік» қасиеттің қалыптасуына жағдай жасайтын отбасы болып табылады.

Тәрбиенің өмірмен байланысы .

Антикалық кезеңнің педагогтары тәрбиені өмірден, тәжірибеден бөліп жаруға болмайтынын түсінген болатын. Тұлғаның қалыптасуы оның іс-әрекетіне, қоғамдық және еңбектік қатынастарға қатысуына тікелей байланысты. Жағымды қасиеттер еңбекті дамытады: ол неғұрлым көп болса, соғұрлым оның даму деңгейі мен әлеуметтенуі жоғары болады. Сол себепті де тәрбиеленушілерді қоғамдық өмірге, әртүрлі пайдалы істерге араластырып отыру қажет. Еңбекке араласа отырып, тәрбиеленушілер

адамгершілік мінез-құлық үлгілерінің тәжірибесін меңгереді, рухани және денелік қасиеттер дамиды, еңбектің қоғамдық маңызды мотивтерін анықтайды, ізгілік қасиеттері бекітіледі және жетілдіріледі.

Өмір мектебі – тәрбиенің ең сәтті мектебі. Сол себепті де тәрбие мен өмірдің байланысы принципі көптеген тәрбиелеу жүйесінің негізін құраушы болып табылады. Ол тәрбиешілерден екі бағытта белсенді іс-әрекетті талап етеді: 1) тәрбиеленушілердің адамның қоғамдық және еңбек ету өмірімен кең әрі жылдам танысуы; 2) тәрбиеленушілердің шынайы өмірлік қатынастарға, әртүрлі қоғамдық пайдалы әрекетке қатысуы.

Кейбір тәрбие жүйелерінде тәрбиенің өмірмен байланысы қысқартылған түрде – тәрбиеленушілердің еңбекке бірлесу, қоғамдық өндіріске қатысуы – сияқты үлгіде мазмұндалады. Бұл тәрбие үдерісін қарапайым етеді, балалар мен жеткіншектерге кез-келген адам басынан өтетін маңызды мәселеге қатысуына жолдарды жабады: қоғамның демократиялануы, адам құқын қорғау, қоршаған ортаны қорғау және т.б. Қоғамдық пайдалы еңбек – бұл тұлға әлеуметтенуінің маңызды құралдарының бірі, оның қоғамдық қатынастар жүйесіне араласуы.

Тәрбие мен өмірді байланыстыру принципін дұрыс жүзеге асыру үшін педагог келесі іскерліктерді меңгеруі қажет:

- Оқушыларға қоғам мен әрбір адамның өмірінде еңбектің алатын орнын, қоғамның экономикалық базасының мәнін түсіндіру;

- Материалды және рухани құндылықтарды жасаушы еңбек адамдарына сыйластық ұялату;

- Көп әрі тиімді еңбек ете білу қабілетін, қоғам мен өз пайдасына жан-тәнімен және шығармашыл жұмыс істеу ықыласын дамыту;

- Қазіргі өндірістің жалпы негіздерін түсіндіру, политехникалық дүниетанымды кеңейтуге ұмтылыс жасау, жалпы мәдениет пен еңбекті ұйымдастырудың ғылыми негіздерін меңгерту;

- Еңбек іс-әрекетінде тұлғалық және қоғамдық мүдделердің үйлесуі, қоғам міндеттері мен шаруашылық қажеттіліктерге сәйкес мамандық таңдау;

- Қоғамдық құндылықтарға қорғаушы қатынас орнату, өз еңбегімен қоғамдық жеке меншіктерді көбейтуге атсалысу;

- Шаруасыздық, жауапсыздықтың, еңбек тәртібінің бұзылысына, жатып ішерлік, немқұрайлық, қоғамдық жеке меншікті тонау, табиғат байлықтарына аяусыздық қасиеттердің көрінуіне қарсы келу.

Жағымдыға сүйену принципі

Бұл принциптің философиялық негізі – адам табиғатының «қарама-қайшылығы» жайлы танымал философиялық тұжырым. Адам бойында

жағымды қасиеттер (жануарларға деген сүйіспеншілік, табиғи мейірім, жомарттық, көмекке ұмтылыс және т.б.) жағымсыз қасиеттермен (берген сөзін орындай алмайтын, өтірік айту, жалқаулық және т.с.с.) оңай бірлесіп, әрекет ете береді. Мүлдем «кері» адамдар, жүзпайыздық «жағымды» адамдар сияқты бола бермейді. Адам бойында жағымды қасиеттердің көп болуына қол жеткізу – тұлғаны ізгілендіруге бағытталған тәрбие міндеті.

Тәрбиешінің іс-әрекеті тиімді болу үшін, жылдам әрі жағымды нәтижелер беріп отыруы үшін принципті жүзеге асыру ережесін сақтау қажет.

Тәрбие үдерісінде конфронтация жасауға жол берілмейді. Тек бірлесе әрекет ету, шыдамдылық және тәрбиеленушінің тағдырына қызығушылықпен қатысу оңды нәтиже береді.

Оқушылардың мінез-құлқындағы кемшіліктерге ғана тоқтап қалуға болмайды. Тәрбие шеберлері керісінше әрекет етеді –жағымды қасиеттерді анықтайды және қолдайды. Әрине, жағымсыз қасиеттерді талқылау және түзету керек. Бірақ ең бастасы – бұл жағымды қасиеттерді көбірек қалыптастыру.

Педагогикалық тұрғыдан тәрбиеленушілердің жағымды қызығушылықтарына сүйену маңызды орын алады, олардың көмегімен еңбек, адамгершілік, эстетикалық тәрбиенің көптеген міндеттерін шешуге болады.

Жағымдыға сүйену принципі тәрбие үдерісінде жетекші саланы таңдаумен байланысты.

Жағымдыға сүйенудің сонымен қатар, жағымды тәрбиелеу фонын жасау сияқты маңызды аспектісі бар. Мұнда тәрбиеленушілердің тіршілік әрекеті де, тәрбиелеу қатынастарының стилі де енеді.

Тәрбиені ізгілендіру.

Жағымдыға сүйену принципімен тығыз байланысты ізгілендіру принципі де бар. Оның талаптары төмендегідей:

- 1) Тәрбиеленушілер тұлғасына ізгілік қатынас;
- 2) Оның құқықтары мен еркіндігіне сыйластық;
- 3) Тәрбиеленушіге шамасы келетін және ойластырылған талаптарды қою;
- 4) Тәрбиеленушінің көзқарасына сыйластық;
- 5) Адамның өзімен-өзі болудағы құқына сыйластық;
- 6) Тәрбиеленушінің нақты тәрбие әдістерін саналы түрде түсінуіне мүмкіндік жасау;
- 7) Тұлғаның ар-намысына нұқсан келтіретін денлік және басқа да жазалаулардан бас тарту.

Тұлғалық бағыт.

Барлық педагогикалық мекемелерде екі принцип маңызды орын алады: тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері және жеке бағыт негізінде тәрбиені жүзеге асыру. Соңғы онжылдықтағы психологиялық-педагогикалық зерттеулердің көрсетуі бойынша, ең алғашқы қажеттілік тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін білу ғана емес, сонымен қатар, олардың тұлғалық қасиеттерін және мүмкіндіктерін ескеру талап етіледі. Тұлғалық бағыт тұлғалық қасиеттерге сүйену дегенді білдіреді. Соңғылары тәрбиеге қажетті маңызды сипаттамаларды береді - тұлғаның бағыттылығы, оның құндылықты бағдарлары, өмірлік жоспарлар, қалыптасқан нұсқаулар, іс-әрекеттің және мінез-құлықтың басымды мотивтері. Жеке алынған жас та, не жеке ерекшеліктері де оқшауланып алынып жоғары сапалы тұлғалық бағытталған тәрбиені жүзеге асыруға негіз бола алмайды. Құндылықты бағдарлар да, өмірлік жоспарлар да, тұлғаның бағыттылығы да міндетті түрде жас және жеке ерекшеліктеріне байланысты болады.

Бірақ тұлғаның басты сипаттамалары ғана дұрыс қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Тәрбиедегі тұлғалық бағыт қана тәрбиешіге төмендегідей талап қояды: 1) өз тәрбиеленушілерінің темпераментінің, мінез-бітістерінің, көзқарастарының, талғамын, әдеттері сияқты жеке ерекшеліктерін әрдайым танып, білуі қажет; 2) біліп, ойлау бейнесі, мотивтер, қызығушылықтар, нұсқаулар, тұлғаның бағыттылығы, өмірге және еңбекке қатынасы, құндылықты бағдарлар, өмірлік жоспарлар және т.б. сияқты маңызды тұлғалық қасиеттерді диагностикалай және шынайы қалыптасу деңгейін білу; 3) әрбір тәрбиеленушіні өзінің шамасы келетін және қиындап отыратын дамытушы тәрбие іс-әрекетіне қатыстыру; 4) мақсатқа жетуге кедергі келтіретін себептерді дер кезінде анықтау және жою, ал егер себепті дер кезінде анықтау және жою мүмкін болмаса – тәрбиелеу тактикасын жаңа жағдайға сәйкес өзгерту; 5) тұлғаның өзіндік белсенділігіне сүйене әрекет ету; 6) тәрбиені тұлғаның өзіндік тәрбиесіне сәйкестендіре білу, өзін-өзі тәрбиелеу мақсатын, әдістерін, формаларын таңдауға көмек беру; 7) тәрбиеленушілердің өз бетінше әрекет етуін, бастамашылығын, шығармашылығын дамыту, тиімді іс-әрекетті ұйымдастыра және бағыттап білу.

Бұл талаптарды кешенді қолдану жас және жеке ерекшеліктердің қарапайымдылығын жояды, тәрбиешінің үдерістердің үстіртін емес, терең дамуын ескеруге, себеп-салдарлық қатынастар заңдылықтарына сүйенуді міндеттейді.

Тұлғалық бағыт кезінде жас және жеке ерекшеліктер жаңа бағыттылық алады. Жақын аралықтағы жетістіктер, мүмкіндіктер

дигностикаланады. Кіші мектеп кезеңі – адамгершіліктік және әлеуметтік қасиеттердің қалыптасуындағы қолайлы жағдай болып табылады. Жасы қаншалықты төмен болған сайын бала соғұрлым өзінің тәрбиешісіне сенеді, оның беделіне барынша бағынады. Сол себепті де кіші мектеп және ерте жеткіншек кезеңінде жағымды әдеттерді тәрбиелеу, оларды еңбекке, тәртіпке, қоғамдағы мінез-құлыққа үйрету оңайырақ болады. Ересек жеткіншектер пайдалы іс-әрекеттегі міндеттердің қойылымын тікелей түсінеді, белсенді және бастамашыл келеді. Дегенмен, бұл белсенділік, өз бетінше әрекет ету педагогпен жақсы ұйымдастырылуы қажет. Жоғары сынып оқушылары өз бетінше әрекет етуге жоғары ұмтылыспен ерекшеленеді. Осы ерекшелікке сүйене отырып, олардан адамгершілігі жоғары идеалдар, жауапкершілікті дамытады. Тәрбиенің болашақ нәтижелеріне болжам жасағанда тәрбиеленушілердің жасы ұлғайған сайын жүйке жүйесінің икемділігі төмендеп, сыртқы ықпалға психологиялық қарсылықты артуы және сезімтал кезеңдердің қайтып оралмастығын ескеру қажет.

Тәрбиеші сүйенетін жеке ерекшеліктер қатарында қабылдау, ойлау, есте сақтау, сөйлеу, мінез-құлық, темперамент, ерік-күші жиі қарастырылады. Көпшіліктік тәрбие кезінде бұл ерекшеліктерді анықтау қиынға түседі, егер тәрбиеші жетістікке жеткісі келсе, онда қосымша уақытты, күш қуатын жұмсауы қажет болады.

Қазіргі оқушылардың білім деңгейінің дамуын, олардың мүдделерін ескере отырып, тәрбиеші өзі де жан-жақты дамуы қажет: өз мамандығы саласында ғана емес, сонымен қатар, саясат, өнер, жалпы мәдениет саласында білуі қажет, адамзаттық құндылықтар мен абыройды тасымалдаушы болуы шарт.

Балалық және жеткіншектік шақта тұлғалық қалыптасудың жылдам даму қарқыны сақтықпен әрекет етуді талап етеді, тәрбиенің мазмұны, ұйымдастырылуы, әдістері және формалары тәрбиеленушілердің даму деңгейімен сәйкес келмей қалғанша күтудің қажеті жоқ, жағымсыз әдеттер олардың жанын ұялап алғынына жол бермеу қажет.

Дегенмен, талаптарды арттыра отырып, олар арналған тәрбиеленушілердің күштерін ескере білу керек. Шамасы келмейтін талаптар өз күшіне сенімділікті жоғалтуға, талапты жеткілікті түрде толық орындамауға, талаптарды үстіртін орындауға алып келеді. Әдетте, мұндай жағдайда жарты жолдан тоқтап қалу әдегі пайда болады.

Тәрбиешілер басты тұлғалық қасиеттердің өзгерісін мұқият қадағалайды – құндылықты бағдар бағыттылығы, іс-әрекеттің және мінез-құлықтың өмірлік жоспары, тәрбие үдерісіне түзету енгізеді, оны тұлғалық және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырады.

Кейбір тәрбиешілер жеке бағыт тек «қиын» балаларға, мінез-құлық ережелерін бұзушылар ғана қажет деп ойлайды. Әрине, бұл тәрбиеленушілер аса назар аударғанды қажет етеді. Бірақ «жақсы» тәрбиеленушілерді де ұмытпау қажет. Сырттай жақсы болғанымен, ішкі қате ойлар, мотивтер, әрекеттер, қылықтар да болуы мүмкін. Ешкімге де күмәндана қарамай, барлығына да көңіл аудару шарт.

Сыртқы мінез-құлық белгілерімен тұлғаның терең сипаттамаларын түсіну өте қиын және әрдайым беріле бермейді. Тәрбиеленушінің өзі тәрбиешіге көмек беруі қажет. Оны өзіңіздің досыңыз, қызметтесіңіз, одақтасыңыз етіңіз. Бұл терең қасиеттер диагностикасының қысқа әрі дұрыс жолы.

Тәрбие ықпалының бірлігі.

Бұл принцип мектеп, отбасы және қоғам үйлесімділігі, немесе өскелең ұрпақтың тәрбиесі жөнінен мұғалімдер, қоғамдық ұйымдардың және отбасының бірлескен әрекеті принципі деп те аталады, тәрбиеге қатысты барлық тұлғалар, ұйымдар, қоғамдық институттар бірлесе отырып әрекет еткенін, тәрбиеленушілерге келісілген талаптар қоюын, бір-біріне көмектесе жүруін, педагогикалық ықпалды толықтыра және күшейте отыруын талап етеді. Егер тәрбиелік ықпалдар бір-біріне қарама-қайшы келетін болса, онда сәттілікке сенуге қиын. Бұл кезде тәрбиеленуші үлкен психикалық ауырпалықтарға тіреледі, өйткені кімге сенерін, кімнің артынан жүруін білмейді, өзіне беделді ықпалдардың ішінен дұрысын анықтай және таңдай алмайды. Оны бұл ауырпалықтан босатып, барлық күштерді біріктіре отырып, тұлғаға ықпалды арттыруды тәрбиелік ықпалдар бірлігі принципі талап етеді.

Принципті жүзеге асыру ережелері тәрбиешілерге тәрбиелік ықпалдардың барлық жақтарын қамтуға көмек береді.

1. Тәрбиеленуші тұлғасы отбасының, жолдастарының, қоршаған ересек адамдардың, қоғамдық ұйымдардың, оқушылар ұжымының және т.б. ықпалымен қалыптасады. Бұл көптүрлі ықпалдардың ішінде сынып ұжымына және тәрбиеші тұлғасы маңызды рөл атқарады, дегенмен, тәрбиеші әрдайым тәрбиелік ықпалдың басқа да орталарын да естен шығармауы қажет. Олардан және тәрбиешіден келетін талаптар бірыңғай болып, бір-біріне қарама-қайшы келмеуі маңызды болуы шарт.

2. Тұлғаның қалыптасуында отбасы үлкен рөлге ие. Қатынастардың жақындығы, ықпалдардың жекелігі, балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу, оларды ата-аналары тәрбиешілерден жақсы біледі, ешқандай тәрбиелік ықпалмен алмастыруға болмайды. Педагогтардың көбісі мынадай формуламен келіседі – адамда отбасынан алған тәрбие шынайы тәрбие. Осыдан отбасымен байланысты қолдау

және бекіту, барлық тәрбие міндеттерін шешуде оған сүйену, тәрбие әрекеттерін мұқият сәйкестендіру сияқты талаптар қойылады.

Мектептің отбасымен тексерілген байланыс құралы – бұл оқушының күнделігі. Бұл құжатты педагогикалық дұрыс орындау ата-аналар мен мұғалімдердің күштерін тиімді жұмсауға мүмкіндік береді. Қазір кейбір мектептер күнделіктерден бас тарқан, ал басқаларында мұғалімдер оқушылардың күнделіктерін қалай болса солай ұстайтынына көңіл аудармайды. Бірақ әлі оперативті байланыстың ыңғайлы тәсілі табылған жоқ – батыс мектептерінде қолданылатын жеке компьютерлік карточкалар біздің мектептерге жақын арада келе қоймайды-ау. Сол себепті де, оқушының күнделікті өмірін бейнелейтін басты оперативті құжат ретінде күнделіктің рөлін арттыру қажет.

3. Тәрбиеші өзі тәрбиелі болуы қажет. Педагогтер мен ата-аналар өздерінің балаларынан көргісі келетін қасиеттерді тағады.

4. Тәрбиелеу тәжірибесінде конфликтілі жағдайлар да туындайды, тәрбиешілер отбасының іс-әрекетімен немесе отбасы тәрбиешінің талаптарымен келіспейді. Ата-аналар өз балаларын нәзіктендіріп, еркелетіп оларда тұтынушылық психологиясын тәрбиелейді, тәрбиешілердің салған күштерін жоққа шығарады. Барлық кәте пікірлерді жою үшін, барлық тәрбие ықпалдарын біріктіретін нәрсеге сүйену қажет.

5. Тәрбиеші кейде ұжымның, қоғамдық ұйымдардың пікірлерімен келіспейді, басқа тәрбиешілердің әрекеттеріне сынмен қарайды және т.с.с. Мұның барлығы тұлғаның көзқарастары мен тұжырымдарының қалыптасуына кері әсерін тигізбей қоймайды. Сол себепті де тәрбиешілер бір-бірінің талаптарын қолдау, ұжымның беделіне сыйластық қатынас көрсету қажеттілігін әрдайым есте сақтауы керек.

Бұл принципті тәжірибеде жүзеге асыру сабақта да, сабақтан тыс уақытта да бынғай тәрбиелеу жүйесін қолдануды талап етеді. Тәрбие үдерісінің жүйелігі тұлға қасиеттерінің қалыптасуында реттілікті сақтаумен қамтамасыз етіледі. Тәрбие жұмысында бұрын қабылданған жағымды қасиеттерге, мінез-құлық нормаларына сүйену қажет. Біртіндеп, педагогикалық ықпалдың нормалары және құралдары күрделеніп отырады. Тәрбиешілер ата-аналарға кеңес беру арқылы, осы талаптардың отбасында сақталуын қадағалайды.

Тәрбиелік ықпалдардың бірлігіне қол жеткізу тәсілі – адамдарды, қызметтерді, әлеуметтік институттарды тәрбиелеуге қатысатын күштердің үйлесімділігі. Сол себепті де тәрбиешілер, сынып жетекшілері тәрбиеге қатысы бар адамдармен: жастар және спорттық ұйымдардың, шығармашылық одақтардың жұмысшылары, байланысты орнату мен қайта орнатуға күш салуды аямауы қажет.

9. СПОРТ ТОБЫНДА ТҮЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

9.1. Референтті спорттық топтар және ұжымдар

Адамдар арасындағы өзара қатынастар мен әрекеттерді, адамзат топтарының жалпы теориясын зерттеумен әлеуметтану, әлеуметтік психология және педагогика ғылымдары айналысады. Әлеуметтану қоғам мен оның әртүрлі саласының даму заңдылықтарын зерттейді. Әлеуметтік психология болса, әлеуметтік топтардың психологиялық сипаттамасы мен мінез-құлық заңдылықтары, индивидтердің іс-әрекеті қызықтырады. Педагогика ғылымы үшін адам жайлы білімдердің жалпы деңгейі ретінде адамдардың дамуы, білім алуы және тәрбиеленуіне топтық ықпалдың жағымды және кері тиімділіктерін ескеру маңызды.

Шетелдік және отандық ғалымдар үшін адамзат топтарының теориясы мәселелері әртүрлі бағытта тағайындалады. Жиі зерттелетін мәселелер:

- Адамзат топтарын ұйымдастыру формалары;
- Топтардың ішкі құрылымы және оның динамикасы;
- Адамзат тобындағы коммуникация, өзара байланыс және қарым-қатынас;
- Топтардағы қатынас және ортақ іс-әрекет нәтижесі;
- әлеуметтік-психологиялық климат және оның топтық іс-әрекет нәтижесіне ықпалы.

Адамдар тобын ұйымдастырудың түрлі формалары қоғамдық-іскерлік немесе тұлғалық-психологиялық қатынастар негізінде пайда болады. Отандық педагогтардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктер критерийлері бойынша жасалған шағын топтар жіктемесін мысалға келтіруге болады. Қоғамдық-іскерлік қатынастар жұмыс барысында пайда болады. Кез-келген нақты мекемеде штаттық кестесі, жұмысшының қызметтік міндеттері, келісілген бір айлық жалақысы болады. Жұмысшылар арасында өзара ұнату және ұнатпау қатынасының көрінуі ырықсыз жүзеге асады. Екінші жағдайда, адамдар тұлғалық-психологиялық негізде біріккен болса, келесі белгілер тән болады:

- топқа сенім, дәстүр, салт негізінде бірігіп, ортақ мақсат пен идеяны жүзеге асыруға қатысады;
- топ мүшелерінің мінез-құлқы мен әрекеті қабылданған көзқарастар, пікірлер және нормалар жүйесімен реттеледі;
- әр топ мүшесінің әрекеті басқа мүшелерінің әрекетімен тығыз байланысты.

Адамдар тобының ресми және ресми емес деп бөлінуі – теориялық тұрғыдан шартталынған. Шетел ғалымдарының топ жайлы зерттеулерінде және отандық ғалымдардың ұжым теориясында адамдар тобының көп түрлілігі қарастырылады (кесте 3). Дегенмен, қоғамдық тәжірибенің көрсетуі бойынша шынайы өмірде ресми және ресми емес құрылымдар арасында нақты шектеу қоюға болмайды. Адамдардың ресми емес қатынастарының ресми орталарға ену заңдылығы маңызды әрі іс-әрекет нәтижесіне мәнді ықпал етеді.

Адамдар тобын *ұйымдастырудың ішкі құрылымы* оның әлеуметтік-психологиялық нысаны ретінде қызмет атқаруында байқалады, оның құрамына элементтер, байланыстар және қатынастар, сыртқы форманың тұтастығы және ішкі мазмұнының ортақ бірлігі енеді. Адамдардың ұйымдасқан тобының атрибуты - іс-әрекет болып табылады. Нақты топ айналысатын іс-әрекет түрі адамдардың рухани және материалды қарым-қатынас ерекшелігінде де бейнеленеді. Бұл жағдайда қоғамдық болмыстың ізі болып табылатын топтық сана жайлы айтуға болады. Топтық сана әрбір нақты топта уақыттық мерзімде көрінеді. Топтық сана құрылымы идеологиялық және психологиялық компоненттерден тұрады. Біріншісі саяси, құқықтық, адамгершіліктік, эстетикалық, діни дүниетанымды, ал екіншісі-құндылықтар, дәстүрлер, нұсқаулар, мақсаттар, қызығушылықтар, мотивтер, симпатиялар және антипатияларды қамтиды. Топтық сана қоғам, тап, құрылым, ұлт, белгілі-бір мамандық және дін өкілдерінің санасымен қиылыса келе, күрделі әрі қарама-қайшы өзгерістерге тап болады. Сол себепті де топтық ішкі және сыртқы құрылымын зерттеу (оның құрамын, топтық және топ ішіндегі байланыстар және қатынастар) – педагогикалық тұжырымдар үшін қажетті, бірақ жеткілікті шарт емес. Топтық құрылымын қалыптасу үдеістерінің заңдылықтарында, прогрессивті дамуда қарастыру динамикалық және статистикалық аспектілердің бірлігі арқылы педагогикалық басқаруды жүзеге асыру мүмкіндігіне жақындауға жағдай жасайды.

«Коммуникация» термині арқылы (латын тілінен аударғанда жалпы етемін, байланыстырамын) ақпаратты берудің кез-келген түрі түсіндіріледі. Оның мазмұнына жақын келетін ұғым контактілік (латын тілінен аударғанда – жақындасу деген мағына береді). Контактілі топтар кездесетін адамдардың өзара бейнеленудің психикалық формалары (қабылдау, есте сақтау, тану және т.с.с.) негізінде орындалады. Адамдардың өте жиі және ұзақ уақытқа кездесуі көбінде іскерлік немесе достық байланыстар негізінде пайда болса, өзара жағымды қатынас орнатылатын жағдайда оны қарым-қатынас деп атайды. Адамдарды оқыту, дамыту және тәрбиелеу негізінде ұйымдасқан қарым-қатынас

педагогиканың басты құралы болып табылады. Қарым-қатынас негізінде адамдардың бірігуін «референтті топ» деп атайды (латын тілінен аударғанда – беремін, жария етемін деген мағына береді).

Кесте 3

Топтарды жіктеу
(профессор К.К.Платонов бойынша)

Топтың атауы	Құрылымы	Іс-әрекет формасы	Іс-әрекет мақсаты	Мысалдар
1. Ұйымдаспаған топтар (конгломераттар немесе ассоциациялар)	Жоқ немесе кездейсоқ пайда болған	Өз бетінше немесе топпен үйлескен	Тұлғалық	Тобыр, кезек
2. Сырттай ұйымдасқан топтар (немесе ұйымдар): Оқу; өндірістік; кәсіподақтық; әскери; партиялық; спорттық және басқа қоғамдар, қызығушылықтар клубы	Сырттай регламентте лінген	Берілген топтың сырттай және іштей ұйымдасуымен анықталады	Жалпы	Білімгерлер тобы, көміршілер кәсіподағы, взвод, «Спартак» СК және т.б.
3. Іштей ұйымдасқан топтар (корпорациялар және ұжымдар): Іскер адамдар тобы; Діни қауымдастық; Қылмыскерлер тобы; отбасы	Іштей	Ортақ	Топтық арқылы тұлғалық немесе жалпы, тұлғалық тан жоғары қойылатын	Банкирлер, адвентистер, қылмыскерлер тобы, бақытты отбасы

Коммуникациялар, контактілер және қарым-қатынас жекелік психикалық өзара бейнеленудің негізінде жүзеге асады, оның түрлі формалары бар: бағдарлы (түйсік, қабылдау), вербалды (ауызша сөйлеу), интеллектуалды (сөйлеу, жазбаша сөйлеу, ойлау), эмоциялық-еріктік (эмоция, сезім, ерік), мнемикалық (ес). Қарым-қатынас формаларының түрлеріне *командирлік басқару, жетекшілік ету және көшбасшылық* жатады.

Командирлік басқару – бұл басқаларға бір нәрсені орындауға бұйрық беретін бір адамның іс-әрекеті. Командалық әдіс әскерде кең таралған, қабылданған және қолданылады, онда бірдей басқару басшылыққа алынады. Ол жауапкершілік деңгейін бағынушылардың орындамаушылығы үшін де, негіздемесіз берілген бұйрық үшін де бекітеді.

Көшбасшылық - (ағылшын тілінен аударғанда – жетекші, басқарушы) – ресми тұлғаның нақты әлеуметтік-психологиялық бағыты немесе беделі әлеуметтік ортада немесе жарыс кезінде өзінің іс-әрекетімен басқарушы орынды ұстап тұруға жағдай жасалады. Көшбасшылық құбылысымен маңызды спорттық-педагогикалық *консолидация және консолидирәция* ұғымдары байланысты болады. Консолидация үдерісі спорт педагогының спортшылар белгілі-бір қауымдастығын берік етуге, олардың таңдаған спорттық жаттығу бағдарламасының дұрыстығына сенімін нығайтудағы қабілетін білдіреді. Консолидирәция дегеніміз – бұл жаттықтырушының ұзақ уақытқа ресми емес спорттық-педагогикалық беделін сақтай және қолдай білу іскерлігі.

Жетекшілік ету – бұл да басқару. Бірақ одан айырмашылығы бұл ұғымды әлеуметтік басқару, басқарушылардың ұйымдастырушы іс-әрекеті және жеке топ адамдар арасында қолдану қабылданған. Спорт клубы, команданы, секцияға жетекшілік ету – дене тәрбиесі саласынан жоғары білімі бар мамандардың кәсіби-педагогикалық іс-әрекеті. Олардың іс-әрекеті келесі міндеттерді шешу қажеттілігімен байланысты болады:

- спорт түрі бойынша жүйелі оқу-жаттықтыру үдерісінің механизмін ұйымдастыру, оның қазіргі даму деңгейін қамтамасыз ету;

- қабылданған дәстүрлері бар, өнімді топ ішілік байланыстары және қолайлы әлеуметтік-психологиялық климаты орныққан спорт ұжымын құру;

- спорт ұжымының өмір тіршілігі мен іс-әрекетін тәрбиелеуші жаттықтырушы үдерістің жеке әдістемесін әрдайым жетілдіріп отыру.

Спорттағы жетекшілік жалпы әлеуметтік-педагогикалық заңдылықтар мен принциптерге негізделі отырып, белгілі –бір ерекшеліктерге байланысты:

- спорт түріне (спорттық пән);

• спорт сабағының мақсаттары мен міндеттері, оның жүйе астарына (бұқаралық спорт, жоғары жетістіктер спорты, кәсіби спорт, бозбалалар спорты, әйелдер спорты, мүгедектерге арналған спорты және т.с.с.);

• жетекші іс-әрекеттің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері (оқу, оқыту, әкімшілік басқару, спорттық жарыс және т.с.с.);

• жаттықтыру мен жарыстардың ерекше жағдайлары (ауада, бөлменің ішінде, жарыстардың ұзақтығы мен саны және т.с.с.);

• спорт ұжымының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері, дәстүрлері және қарым-қатынас ережелері, нақты бір спорт түрін дамыту ерекшелігіне негізделуі.

Демек, байқағанымыздай спорт ұжымын басқару жаттықтырушының спортшылармен жақсы қарым-қатынас орната білу шеберлігіне дейін арта түседі, маманның интеллектуалды, эмоциялық-еріктік, адамгершіліктік және жалпы мәдени деңгейіне жоғары талаптар қойылады. Адамның қоғамдық мәні бірлескен әрекет нәтижесінде бейнеленеді. Бірлескен әрекеттің сапасы нақты бір топ мүшелерінің тұлғааралық қатынастарымен анықталады. Тұлғааралық қатынастар адамдар санасының жекелік және топтық формаларына тікелей байланысты болады. Олар қоғамдық көңіл-күйді бейнелейді және нақты топта белгілі-бір әлеуметтік-психологиялық климат орнатады.

9.2. Спорттық секциялар мен командаларда жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыру заңдылықтары.

Ұжым – ортақ мақсаттар мен іс-әрекеті, қоғамдық-құндылықты мәні бар адамдар тобы. Осы негізде топ мүшелері өзара тәуелді, ұжым алдында ортақ жауапкершілікпен басқару мен бағынуға қатысты қатынастарға түседі. Ұжымның қалыптасуы педагогикалық іс-әрекеттің бірден-бір мақсаты және де тәрбиенің қуатты құралы болып табылады. Бұл ұзақ әрі күрделі құбылыс. Ол белгілі-бір заңдылықтарға бағынады. А.С.Макаренко ұжымның төрт негізгі даму кезеңдерін ұсынды. Кезеңдерді анықтау негізінде тәрбиеленушілерге қойылатын педагогикалық талаптардың айырмашылықтары қарастырылады: 1) тәрбиешінің топқа қоятын алғашқы нұсқаушы талаптары; 2) топ белсендісінің басқа мүшелеріне қоятын талаптары; 3) ұжымның әр бір мүшесіне қоятын талаптары; 4) әр бір топ мүшесінің өзіне қоятын талаптары.

Бірінші кезең - ұжымның қалыптасуының алғашқы кезеңі. Бұл кезеңде талаптарды тәрбиеші қояды. Бұл уақытта ол ұйымдасқан нақты бірлікпен жұмыс істейді: сынып, білімгерлер тобы, спорт секциясы және т.с.с. Мұндай өзгермелі топта тұлғаның тәрбиесі жайлы потенциалды мүмкіндік ретінде ғана айтуға болады. Топ мүшелері топтағы болып

жатқан іс-әрекеттен бейхабар болғандықтан, бір-біріне талап қоя алмайды. Ұжымның қалыптасуы да қоғамдық маңызды мақсат пен шығармашылық іс-әрекеттің жүзеге асырылуы есебінен орындалады.

Ұжымдық іс-әрекеттің тәжірибесінің жинақталуы, орындалған жұмысты бірлесе талқылау, болашақ жұмыстарды жоспарлау – осының барлығы іскерлік қарым-қатынастың орнығуына ықпал етеді, соңғы нәтижені көруге қызығушылық атмосферасын жасауға мүмкіндік береді. Бұл кезеңде педагогикалық басқарудың негізгі мақсаты топ мүшелерін жоғары талап қоюшылық, қаталдық, реттілік, тәрбиешінің қақтығысқа келмеуі және барлық топ мүшелерінің ережелерді сақтау бірлігі жолымен ұйымдастыру болып табылады. «Диктаторлық» басқару кезеңінің қысқа уақытта орындалуын қадағалау қажет. Әдетте, тәртіптілік пен топтың ұйымдасқандығы астарынан топ мүшелерінің белсенділігінің даму шарттары жоғалып кетуі мүмкін. Тәрбиешінің ұжымдық өмірді ұйымдастырудағы маңызды қадамы белсенділерді шығару болып табылады. Бұл ұжымның мүдделеріне сәйкес әрекет ететін және тәрбиешінің бастауларын қолдаушы топ мүшелері. Кейіннен олар ұжымның өзегін құрайтын және оның ынтымақтастығын берік ұстаушылар болып қалады.

Екінші кезең топ белсенділері тәрбиешінің талаптарын қолдай отырып, оны басқа ұжам мүшелеріне жеткізуіне негізделеді. Ұжымда пайда болған мәселелер енді бір басшымен ғана шешілмейді. Әріптестік шешім шығару үшін топ белсендісі қатыстырылады. Біртіндеп өзін-өзі басқаруға көшу шарты жасалады. Ұжымның бұл даму кезеңінің негізгі ерекшелігі тәрбиешілердің практикалық іс-әрекетінің қиындай түсуінде. Олардың іс-әрекеті танымдық-еңбекке бағыт ала бастайды. Ұжым іс-әрекетінің шығармашылық сипаты ұжымның істерін өз бетінше жоспарлау, дайындық, өткізу және бірлесе отырып талқылау. Ұжымның істері оның мүшелерінде ұжымдық еңбек, қызметтесу мен өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастырады. А.С.Макаренконың айтуынша, белсенді «ұжымның ар-ұяты» бола отырып, жағымды топ үдерістерінің өзіндік жылжуына ықпал етеді, олар белсенді топ мүшесінің іс-әрекетінен ұжымның барлық мүшелерінің белсенді іс-әрекетіне өтуін қамтамасыз етеді.

Үшінші кезең неғұрлым өнімді. А.С.Макаренконың анықтамасы бойынша, бұл кезеңде ұжым «жеке тартылатын тұлғаға» талап қояды. Ұжымдық өмірдің жинақталған тәжірибесіне сүйене отырып, ұжымның істеріне қызығушылықты оның барлық мүшелері көрсете бастайды. Ұжым дамуының бұл кезеңі ұжымдық ықпалдың қуатты құралы ретінде қоғамдық пікірдің қалыптасуымен ерекшеленеді. Түрлі жағдайлар ұжыммен қоғамдық адамгершілік пен ізгілік бағытынан бағаланады. Бұл

тәрбиешінің реттелген және тиянақты жұмысының нәтижесінде мүмкін болады. Бұл кезеңде олармен ұжымдық жоспарлар мен ортақ іс-әрекеттердің қорытындыларын, жеке әрекеттерді талқылау ұйымдастырылады және өткізіледі, көрнекі құралдар қолданылады: баспа, радио, кино, жетістіктер насихатталады. Тәрбиеші ұжым мүшелері қарым-қатынастың жағымды тәжірибесін жинақтау мүмкіндігіне ие болатындай есеппен әрекет етуі қажет. Ұжымдық критика және мақұлдау әрекеттерді бағалауда ұқсас пікірлер қалыптастыруға ықпал етеді. Келісімге қабілеттілікті ұжымның адамгершіліктік өскенінің көрсеткіші ретінде қарастыруға болады. Қатынастың бұл түрі достықты, көңіл аударуға қызығушылық, бір-біріне көмекке келуге дайындықты білдіреді. Тұрақты ізгілікті қатынастардың пайда болуы – бұл ұжымның ынтымақтастығы бойынша педагогикалық күштердің нәтижесі болып табылады.

Төртінші кезең ұжым мүшелерінің ортақ міндеттерден бастау алып өз-өзіне талап қоя білу қабілеті. Мұндай міндеттердің бағыттылығы – кең адамгершіліктік жоспар. Ұжымның тіршілік ету нормасы және іс-әрекеті жеке жоспарға аударылып, жеке қажеттілікке айналады. Ұжымда тәрбиелеу үдерісі тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуіне ұласады. Ұжымның түрлі талаптарды орындай білу қабілеті – оның даму деңгейінің бірден-бір көрсеткіші. Екінші белгісі ұжым ішінде болып жатқан өзгерістер болып табылады. Олар ұжым мүшелерінің істерінде, жауапкершілігінде, қызметтестігінде, мотивтерінде және адамгершіліктік әрекеттерінде бейнеленеді.

Ұжымның даму үдерісін бөлу педагогикалық тұрғыдан нәтижелі болып келеді. Ұжымның қалыптасуы педагогикалық күштердің келесі жолдарға сәйкес келуін болжайды:

- перспектива;
- дәстүр;
- стиль және тон;
- белсендіні тәрбиелеу;
- өзін-өзі басқару;

Перспектива – ұжым мүшелерінің көзқарастары, олардың болашақты көруі. Ұжымның жақын, орта және алыс болашақты жобалау идеясын А.С.Макаренко ұсынған болатын. Өзінің педагогикалық іс-әрекетінде оны кең қолданды, өйткені айқын және қуанышты болашақты көру адамзат өмірінің шынайы тірегі болып табылады деп есептеді. Егер ұжым алдында барлық мүшелерін келістіретін болашақтық сызық пайда болса, онда тәрбиешінің оны ұйымдастыру тәсілдері мен формаларын таңдау міндеті жеңілдетіледі. Тәрбиешінің осы бағытта жүргізілетін жұмысы шығармашылық пен дағдыны талап етеді.

Перспектива маңызды әрі шамасына лайықты болуы шарт. Ол ұжымның ішкі қажеттіліктеріне сәйкес келуі және олардың бастамашылдығына, өз бетінше әрекет ете білу және шығармашылығына сүйенуі қажет. Үстіртін тұрмыстық болашақтан терең қоғамдыққа өту кемшіліктерді жібермейді. Егер перспектива болмаса, онда ұжымның дамуы жойылады, тоқтайды.

Дәстүр – бұл ұжым мүшелерімен қолдау табатын тұрақталған әдет-ғұрып. Дәстүрлерді қою ұжымның дамуы мен бірігуіне ықпал етуші маңызды педагогикалық шарттардың бірі. А.С.Макаренконың айтуынша, «еш нәрсе ұжымды дәстүр сияқты біріктіре алмайды Дәстүрге тәрбиелеу, оларды сақтау – тәрбиелік жұмыстың маңызды міндеті. Дәстүрлер ұжымдық өмірді түрлендіреді және сәнді етеді. Олар патриотизмді, парыз бен ар-намыс сезімін тәрбиелейді, ұжымның тұрақтылығына, оның мүшелерінің өз күштеріне сенімділігіне ықпал етеді.

Ұжымның *стилі және тоны* оның өмірінің және іс-әрекетінің объективті белгілерінің бейнесі болып табылады. Стилі – бұл ұжымдық қарым-қатынас құралдары және тәсілдері, ал тоны – оның тембрі және эмоциялық бояуы. А.С.Макаренконың жазбасында: «балалар ұжымының стилі қызба, дөрекі, айқайлауық, пессимистік, мажорлы келеді. Стильдерді келтіре беруге болады...Стиль баяу калыптасады, өйткені дәстүрлер ұрпағынсыз оның мәні жоқ». Ұжымның салауатты стилі іскер тонымен, сергек көңіл-күймен, шығармашылық бастамашылдықпен, саналы тәртіппен және тәжірибелік әрекетке әрдайым даярлықпен сипатталады.

Белсендіні тәрбиелеу – ұжымның дамуын басқарудағы педагогикалық тиімділік шарты. Белсенді – бұл әрбір тәрбиешінің ұжымның қалыптасуында тірек ядросы. Сенімді белсендіні тәрбиелеу, оны таңдауда қателеспеу – қиын педагогикалық міндет. Бастамашыл және іскер тәрбиеленушілерді анықтай білу керек, оларда ұйымдастырушылық дағдылар мен жетекшілікке икемділік жоғары дәрежеде дамиды. Сонымен қатар, олардың ресми емес беделін де ескеру қажет. Егер белсенділерді таңдау ұжым мүшелерімен жүзеге асырылғаны тәжірибелік мақсатта қолдау табады. Басында белсенділер құрамы көп адамнан тұрмауы қажет. Тәрбиеші белсенділермен ақылдасады, оның көмегіне жүгінеді, оларға өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Әрбір белсендіге өзінің жеке жұмыс бөлігі тапсырылады. Әрдайым және уақытша берілген тапсырмаларға белсенділер есеп береді. Осылайша, өзін-өзі басқару негіздері қаланады, олардың негізінде қызметтесу қатынастары құрылады, ұжымның бір мүшелерінің басқаларына бұйрық беруі емес. Белсенділерді бекіту, оны кеңейту – тәрбиешінің күнделікті

жұмысы. Ол ұжымның барлық мүшелерін қоғамдық пайдалы іс-әрекетке қатыстыруға ұмтылады.

Өзін-өзі басқару – бұл ұжымның өмірін басқаруға оның барлық мүшелерінің кеңінен қатысуы. Ол ұжымның тәрбиелік қызметін жүзеге асырудағы негізгі принциптері болып табылады. Өзін-өзі басқару ұжым мүшелерінің моральды бейнесін қалыптастырады. Ол демократиялық оқыту мектебі болып табылады. Тәжірибенің көрсетуі бойынша, мақсатты және іскер педагогикалық тәрбие күрделі педагогикалық міндеттерді жемісті шешуге ықпал етеді. Алғашқы және жалпы ұжымдарды жіктеу қажет. Алғашқы ұжымдар оның мүшелерінің бірлескен іс-әрекетімен тікелей байланысты. Олар ортақ міндеттерді шешуде неғұрлым кең құрылымдарға енеді. Барлық ұжымдар белгілермен жіктелген, олардың ерекшеліктері іс-әрекет сипатымен шартталады: еңбек, оқу, әскери, спорттық және т.с.с. Тәрбиелік ықпалдардың ерекшеліктері тәрбие әдістері мен формаларын таңдауды анықтайды. Мысалы, спорттық ұжым оқыту ұжымынан өз еркімен келуі, құрамының өзгермелігімен, дене ауырпалықтарымен, спортшылардың эмоциялық-еріктік ортасына жоғары талап қоюшылықпен ерекшеленеді.

Секцияға *өз еркімен келу* және таңдалған спорт түрімен айналысуды тоқтату, спорттық ұжымның ерекшелігі болып табылады. Спорттық секцияларға жеке мүдделерді, спорт сабақтарына икемділік пен қабілеттілігін басшылыққа ала отырып, өз еркімен келеді. Бұл ұжымның бірігуіне ықпал ететін тиімді спорттық-педагогикалық жұмыстың қолайлы алғышарттарын жасайды, өйткені кез-келген іс-әрекеттің тәрбиелік құндылығы қатысушылардың еліктеуіне байланысты. Өз еркімен келу принципі жаттықтырушыға қосымша жауапкершілік артады – егер қатысушылар қанағаттанбайтын болса, онда олар сабаққа қатысуды тоқтатуы мүмкін.

Құрамының өзгермелігі – спорттық ұжымдармен жұмыстың басқа ерекшелігі. Үш жыл сабақ барысында топ 70%-ға жаңарады. Бұл дерек көптеген себептермен түсіндіріледі: тұрғылықты орнын ауыстыру, әскери қызметке шақырылу, қызығушылықты жоғалту, ауыруы. Кейде ұжымнан кету спортшының жаттықтырушымен өзара қарым-қатынасы, топтағы жағдаймен немесе спорттық іріктеу себептерімен қанағаттанбау есебінен болады. Топ құрамының тұрақтылығының болмауы жаттықтырушының ұжымды қалыптастыру жұмысын күрделендіреді. Бұл жағдай қабілетті спортшылардың жоғары мотивациясы, дәстүрлері мен көшбасшылығымен өтеледі.

Денелік ауыртпалықтар, олардың жоғары фоны – спорттық ұжым мүшелерінің қарым-қатынас ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Спорт әрдайым жаттығып отырумен байланысты. Олар спортшылардан

қосымша дене күшін және уақытты талап етеді. Денелік шаршау мен бос уақыттың болмауы есебінен спортшыларға өз құрдастары көретін құмарлықтардан бас тартуға тура келеді. Жарыстарға қатысу спортшылардан жоғары эмоциялық-еріктік қысымды талап етеді. Ис-әрекеттің экстремалдылығы- спортпен айналысудың бірден-бір ерекшелігі. Спортпен шұғылдануда адамның эмоциялық-еріктік сферасына ықпал ету тұлғаның белгілі-бір мінез-құлықтық қасиеттерінің, мақсатқа бағыттылықтың, белсенділіктің, бастамашылдықтың, батылдықтың, қажырлықтың, төзімділіктің, тәртіптіліктің, өзін-өзі бақылай білудің қалыптасу шарты болып табылады. Спорт сабақтарының барысында меңгерілген жағымды қасиеттер тұрақты мінез-бітістеріне айналуы маңызды. Дегенмен де спорттың көмегімен тұлғаның кері қасиеттері де қалыптасуы мүмкін. Мадақтау жүйесі, жаттығуды жекелендіру, отбасынан оқшаулау, жиі көшіп-кону және т.б. өзімшілдіктің, тәккапарлықтың, эгоизмнің, өзін жоғары ұстуы сияқты қасиеттердің көрінуіне алғышарт жасайды. Бұл жағдайда спортшыға ұжымды тұлғаны тәрбиелеу құралы ретінде қолданатын жаттықтырушы көмекке келе алады.

9.3. Спортшы тұлғасының ұжымда қалыптасуы барысында жаттықтырушының педагогикалық қабілеттері мен мінез-құлық стильдері

Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу - адамзат қарым-қатынасының объективті заңдылықтарын бейнелейтін тәрбиенің маңызды принциптері. Ұжымда тәрбиелеу бір жағынан, жекеліктің дамуын қамтамасыз етеді, ал екінші жағынан – оның мүшелерінің қоғамдық санасын дамытады. Ұжым оның мүшелері арасындағы ерекше өзара қатынас формасын береді, ол тұлғаның педагогикалық тәртіп бойынша даму принципін қамтамасыз етеді: индивид ұжымда қасиеттердің жан-жақты дамытылуына мүмкіндік алады.

Ұжым мен тұлғаның өзара әрекеттесу мәселесі әрдайым ғылыми-педагогикалық назардың ортасында болатын. Ұжым теориясын және ұжымдық тәрбиенің жемістілігін неғұрлым ретімен дамытқан А.С.Макаренко болды, ол ұжымдық тәрбие принципі ең жетекшілерінің бірі ретінде дәлелдеді. Ол тәрбиеленушілер ұжымын өзіне тән даму заңдылықтары мен бірігу әдістері бар, күрделі әрі қозғалушы әлеуметтік құрылым ретінде қарастырды. Ұжым теориясының дамуына В.А.Сухомлинский үлкен үлес қосты. Ол ұжымда оның рухани өмірін толықтыру жолымен қатынастарды қалай орнату керектігін көрсетті.

Адамдар тобының барлығын ұжым деуге болмайды. Ұжымның адамдардың ұйымдасқан тобынан ерекшелеп тұратын белгілері болады. Ұжым қоғамның бір бөлігін береді, онда қоғамдық өмір нормалары бейнеленеді. Сол себепті де оның іс-әрекетінің сәттілігі ұжым мен қоғамның мақсаттарының сәйкес келуінде мүмкін болады. Ұжымның жетекші белгісінің бірі топ ішілік өмірдің мақсатқа бағытталуы мен идеялық бағдарлануы болып табылады. Ұжымдық жалпы және жеке мақсаттардың бірлігін, мүдделердің сәйкестігі мен оның мүшелерінің әрекетін болжайды. Ұжым өзін-өзі басқару органдарын меңгереді. Ол анағұрлым үлкен ұжымның бір бөлігі болуы мүмкін, онымен мақсаттар бірлігі мен ұйымдастыру ерекшеліктері байланыстырады. Ұжымның маңызды белгісі ретінде қоғамның қажеттіліктеріне жауап беретін, оның мүшелерінің мақсатқа жетудегі бірлескен іс-әрекеті болып табылады. Ұжым іс-әрекетінің әлеуметтік-позитивті бағыттылығы – оның анықтаушы белгісі. Ұжым үшін оны ұйымдастыру тәсілдері мен ережелері маңызды болып табылады.

Ұжым мүшелері арасында педагогикалық мақсатқа бағытталған тәсіл мен іс-әрекетті ұйымдастыру ережесі нәтижесінде іскерлік және идеялық қатынастар орнайды. Ортақ іс-әрекет жауапкершілікті арттыра отырып, адамдарды жақындастырады, нақты жеке меншіктілік сезімінің пайда

болуына ықпал етеді, ұжымдық қатынасқа қажеттілікті арттырады. Ұжым мүшелері арасында эмоциялық таңдамалы қатынастар орнайды: симпатиялар, аттракциялар және эмпатиялар. Тұлғалық қатынастар іс-әрекет мазмұнына, іскерлік қатынастардың сипатына және деңгейіне қарай өзгеріске ұшырайды – бұл қатынастар кездейсоқ дамиды, бірақ олар педагогикалық деңгей үшін қол жетімді болады.

Ұжымда ресми және ресми емес құрылымдарды жіктеп алу қажет. әрбір топ мүшесі қарастырылатын қатынастар жүйесінде нақты орынға ие. Ұжымдағы жағдай тұлғаның қалыптасу үдерісіне маңызды ықпал етеді. Ұжымның дамығандығын білдіретін бірден-бір көрсеткіш оның ресми және ресми емес құрылымдарының іштей сәйкес келуі. олар үйлесімді болған кезде, ресми көшбасшылар ресми емес қатынастар жүйесінде де орын алатын болса, ресми емес шағын топтар оның құндылықтарын тасымалдаушысы болып жатса, Ресми және ресми емес құрылымдар бір-біріне қарама-қайшы келмейді. Мұндай сәйкестік өз бетінше пайда болмайды. Ол мақсатқа бағытталған педагогикалық іс-әрекет нәтижесінде қол жетуі мүмкін.

Ұжым топты ұйымдастырудың жоғары формасы болып табылады. Барлық сырттай және істей ұйымдасқан топты ұжым деп атай беруге болмайды, тек жоғарыда айтылған белгілерге жауап беретін ұжымды ғана атауға болады. Ұжымның міндетті белгісі – оны педагогикалық басқару. Кез-келген адамдар тобының бірігуі ұжым белгісіне тән бола бермейді, бірақ потенциалды мүмкіндіктері орныққан болып келеді. А.с.Макаренконың айтуынша, дұрыс тәрбие бірыңғай, күшті және ықпал етуші ұжым жасау жолымен ұйымдастырылуы қажет.

Ұжым тұлғаға көпқырлы, жан-жақты және көп түрлі ықпал етеді. Тұлға дүниетанымдық, адамгершіліктік және іс-әрекеттік жоспарда ұжымда қалыптасады. Ортақ іс-әрекет (біріккендік, ақпарат алмасу) жүйелі әрі әрдайым жүзеге асырылуы ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатын жасайды, олар қоғамдық адамгершіліктен, педагогикалық нұсқаулар, өзара қатынас, көңіл-күйлер, оның мүшелерінің ой-пікірлері. Бұл тәрбиешінің ұжымның қалыптасу ынтасында қолдануы қажетті тәрбиелеуші факторлар.

9.4.Спорт тәрбиешісінің педагогикалық шеберлігі.

Педагогикалық шеберліктің жоғары дәрежесі, оның шынайы өмірде көрінуі *педагогикалық шеберлік* болып табылады, ол дамыған психологиялық-педагогикалық ойлау, кәсіби-педагогикалық білімдер, дағдылар, іскерліктер және эмоциялық – еріктік құралдар жиынтығын білдіреді, олар оқу-тәрбиелік міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық үдерістің ерекшелігі, оның құрылымы және мазмұны шебердің пайда болуына түрткі болады, тәжірибеде адамдардың даму, оқыту және тәрбиелеу қызметін жүзеге асырады. Педагогикалық шеберлік педагогикалық мәдениеттің өзекті компоненті болып табылады, өз кезегінде келесі төрт астарлы жүйенің құрылымын береді (сурет 1):


1. Оқу пәнін білу.
2. Педагогикалық шеберлік.
3. Педагогикалық стиль.
4. Педагогикалық технология.

Оқу пәнін, оның даму тарихын, теориясын, әдістемесін және қазіргі тәжірибесін білу педагогикалық шеберліктің негізін қалайды. Ғылым саласында кәсіби құзыреттіліктің рөлі арту үстінде. Оқыту-тәрбиелеу үдерісінің өзгертілген ұйымдастыру формалары, құралдары, әдістері және әлеуметтік шарттары тәрбиешіге жаңа, жоғары талаптарды қояды. Ол әсіресе, оның жүргізетін пәні төңірегінде жоғары. Жоғары спорттық-тәжірибелік даярлық оқыту-тәрбиелеу үдерісінің тиімділігі мен сапасын анықтайды. Жоғары спорттық атақ пен жеке тәжірибеге негізделген пәнді іштей жақсы білу, тәрбиешінің спорттық пәнде де, оқыту әдістемесінде де шығармашылық базасы болып табылады. Зерттеу мәліметтері бойынша, егер маман иесі жаңа ақпарат меңгермейтін болса, онда бір жыл ішінде оның біліктілігі 20-25% төмендейді.

Тәрбиеші артта қалып қалмау үшін, алдыңғы қатарлы ғылыми жетістіктермен танысуға жеке уақытының 20% жұмсауға тура келеді. Оқыту мен тәрбиедегі тәжірибе, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің жаңашылдығы келешекке бағыттала оқытуға, ақпарат алмасуға, кәсіби ойлаудың алдыңғы қатарлы тәжірибесімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық шығармашылық – педагогикалық шеберліктің маңызды әрі қажетті құрамдас бөлігі. Оның мәні «оқытушы-оқушы» жүйесінің өзара байланысы ретінде оқыту мен тәрбиенің жоғары нәтижесі. Педагогикалық шығармашылық мәселелік жағдаймен, жаттықтырушының оларды қиял және дәстүрлі емес тәсілдер негізінде шешуге ұмтылысымен нәтижеленеді. Қабылданған үлгі бойынша жұмыс істеу, таныс рецептілерді қолдану педагогикалық үдерісті қарапайым етеді және тәрбиешінің беделіне нұқсан келтіреді. Шынайы шығармашылық ақпараттың толықтығымен, ғылыми болжаммен, тәрбиешінің оқу-тәрбие үдерісіндегі тәсілдер мен әдістерді әрдайым жаңаша және тиімді қолдана білуге негізделеді.

Педагогикалық шеберлік



Сурет. 1. Жаттықтырушының педагогикалық шеберлігінің құрамдас бөліктері

Педагогикалық стиль – бұл тәрбиешінің басқалардан айырмасын көрсетіп тұратын өзіндік ойларымен әрекеттерінің жиынтығы. Спорттық-педагогикалық жаттықтырушының жұмыс стилі қайталанбас-ерекше. Оны спортшылар өз бойларында сезінеді. Оптималды стиль дүниетанымдық бағыт, өзін-өзі әрдайым жетілдіріп отыруға ұмтылыс, іске жағымды қатынас, өзіне, тәрбиеленушілерге жағымды қатынас орната білу іскерлігімен сипатталады. Адамдармен психологиялық-педагогикалық өзара байланысқа түсе отырып, спорт тәрбиешісі аттракция, эмпатия және рефлексия қасиеттерін айқын көрсетеді. *Аттракция* (латын тілінен аударғанда – тарту, деген мағынаны береді) – тәрбиешінің тартымды қасиеті, қоршаған адамдарды еліктіре білу, сүйкімді болу, ашық мінезді болу. *Эмпатия* - бұл тәрбиешінің басқа адамды, оның ішкі күйін, әрекет ету мотивтерін қоршаған ортаға жауап беруін аса сезімталдықпен түсінуі; бұл жақын адамыңның рухани-эмоциялық күйін түсіну, осы күйді онымен бірге сезіне білу. *Рефлексия* - бұл тәрбиешінің өзін сезіне білу, өзінің психикалық қасиеттерін, өз-өзін сырттан көре біліп, басқалар оны қалай бағалайтынын сезіне білу қасиеті.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

1. Прохорова М.В., Сидоров А.А., Синюхин Б.Д., Семенов А.Г. Педагогика физической культуры: Учебник – М.: Издательство «Путь»: ТИД «Альянс», 2006. – 288 с.
2. Педагогика. Курс лекций. – Алматы, КазНПУ им. Абая, 2003. – 368 с.
3. Педагогика: Учебник для институтов физической культуры. / Под ред. В.В. Белорусовой и И.Н. Решетень – 2-е издание, дополненное и переработанное – М.: Физкультура и спорт, 1986. – 288 с.
4. Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: Учебник для студентов педвузов: В 2 кн. – М: Гуманитарный издательский центр Владос, 1999. – 576 с.
5. Сидоров А.А., Иванюженков Б.В., Карелин А.А., Нелюбин В.В. Педагогика спорта: Учеб. для студентов вузов. – М.: Дрофа, 2000. – 320 с.

Қосымша әдебиеттер

6. Байбородова Л.В., Рожков М.И. Теория и методика воспитания: Учебник для студентов педвузов – М.: Издательство «Владос - Пресс», 2003. – 368 с.
7. Деркач А.А., Исаев А.А. Педагогика и психология деятельности организатора детского спорта. – М.: Просвещение, 1985.
8. Адамбеков К.И., Касымбекова С.И. Социально-педагогические основы физического воспитания учащейся молодежи. – Алматы, 1998. – 29 с.
9. Кульназаров А.К. Организация учебно-воспитательного процесса по физическому воспитанию в общеобразовательной школе. – Алматы, 1999. – 45 с.
10. Петунин О.В. Формирование профессионального мастерства учителя физической культуры. - М., 1980. – 103 с.
11. Белорусова В.В. Основы профессионально – педагогического мастерства преподавателя (тренера) – Л.: ГДЦИФК, 1988.
12. Жмарев Н.В. Управленческая и организаторская деятельность тренера. Киев, 1986. – 126 с.
13. Психология спорта: Хрестоматия/ Сост. – ред. А.Е. Тарас/ - МАСТ; Мн: Харвест, 2005. – 352 с.
14. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Галым, 1998. – 320 с.

15. Кудайкулов М.А., Кудайкулов С.М. Проблемы формирования квалификационных умений учителей – предметников (Пособие для студентов и учителей) – Алматы, «Школа 21 века», 2006. – 180 с.

Кіріспе	3
I. ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗДЕРІ	
1. Қазіргі педагогика пәні және педагогикалық зерттеу әдістері.	
1.1. Педагогика пәні және міндеттері.	4
1.2. Педагогиканың негізгі категориялары.	6
1.3. Педагогикалық зерттеу әдістері.	7
1.4. Педагогикалық ғылымдар жүйесі.	10
2. Тұлғаның даму, тәрбиелеу және қалыптасу заңдылықтары.	
2.1. Адамның даму факторлары және оның тұлға ретінде қалыптасуы.	14
2.2. Тәрбиелеу үдерісінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеру мәселесі.	17
2.3. Дамудың жекелік ерекшеліктері.	22
3. Тәрбиелеудің мақсаттары және міндеттері.	
3.1. Тәрбие мақсаттары.	24
3.2. Қазіргі мектеп жағдайындағы тәрбие мақсаттары.	26
3.3. Тәрбие міндеттері.	27
II. Оқыту негіздері.	
4. Оқыту үдерісі.	
4.1. Оқыту үдерісінің мәні.	30
4.2. Оқыту мақсаттары.	33
4.3. Оқу үдерісінің мазмұны.	34
5. Оқыту принциптері.	
5.1. Оқыту принциптері жайлы түсініктер.	40
5.2. Оқыту принциптерінің мазмұны.	40
6. Оқыту әдістері.	
6.1. Оқыту әдістері туралы түсінік.	48

6.2. Оқыту әдістерінің классификациясы.	49
6.3. Оқыту әдістерінің мәні және мазмұны.	53
7. Оқу үдерісін ұйымдастыру формалары.	67
7.1. Оқыту формалары.	73
7.2. Сабақтардың типтері және құрылымы.	
7.3. Сабаққа дайындық.	
III. Спорт және дене тәрбиесі саласында тәрбие жұмыстары әдістемесінің ерекшеліктері.	
8. Тәрбиелеу мәні және принциптері.	
8.1. Тәрбиелеу үдерісінің мәні және заңдылықтары.	76
8.2. Спорттық іс-әрекетте тәрбиелеу үдерісінің ерекшеліктері.	79
8.3. Тәрбиелеу принциптері.	80
9. Спорт тобында тұлғаның қалыптасуы.	
9.1. Референтті спорттық топтар және ұжымдар.	90
9.2. Спорттық секциялар мен командаларда жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыру заңдылықтары.	97
9.3. Спортшы тұлғасының ұжымда қалыптасуы барысында жаттықтырушының педагогикалық қабілеттері мен мінез-құлық стильдері.	100
9.4 Спорт тәрбиешісінің педагогикалық шеберлігі	101
Әдебиеттер тізімі	105

Н.С. Бекнурманов

**Дене шынықтыру және спорт
педагогикасы**

Оқу құралы

Пішімі 60x100 1/16
Тығыздығы 80 гр./м². Қағаздың ақтығы 95%.
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.
Көлемі 112 бет. Шартты баспа табағы 7



«Эверо» баспасында басылымға
дайындалды және басып шығарылды
ҚР, Алматы, Байтұрсынұлы к., 22.
тел.: 8 (727) 233 83 89, 233 83 43,
233 80 45, 233 80 42
e-mail: evero08@mail.ru

